


# МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1(26) 2018

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Егізбаев Б. С.  
Жаңаша оқыту - өмір талабы  
Елубаева Кенжетай Бейсекенқызы  
Сөз тіркестер  
Есламова Жадра Қайроллақызы  
Менің педагогтік ұстанымым  
Еспенбетов Ризабек Кадылбекович  
«Совершенствование технических  
действий в баскетболе»  
Ихсанова Гульмайра Утешевна  
«Активные методы обучения на  
уроках русского языка в казахской  
школе в рамках обновленного  
содержания образования»

**Бексултанова  
Аружан**



**Жұмабек  
Нұрай**



**Турсунбекова  
Еркежан**

# МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ

№1 (26) 2018

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Егізбаев Б. С. Жаңаша оқыту - өмір талабы.....	2
Елубаева Кенжетай Бейсекенқызы Сөз тіркестері.....	3
<b>Есламова Жадра Қайроллақызы</b>	
Менің педагогтік ұстанымым.....	4
<b>Еспенбетов Ризабек Кадылбекович</b>	
«Совершенствование технических действий в баскетболе».....	5
<b>Ихсанова Гульмайра Утешевна</b> «Активные методы обучения на уроках русского языка в казахской школе в рамках обновленного содержания образования».....	6
<b>Нетшеева Бағдат Армиевна</b>	
Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең-тар. Тіктөртбұрыш.....	7
<b>Смоленкова Ольга Николаевна</b>	
Развитие образного мышления на уроках русского языка и литературы.....	8
<b>Туякова Гулбану Оринбасаровна</b>	
«Жаңартылған бағдарлама мұғалімді жаңашылдыққа апарар жол».....	10
<b>Молдағалиева Г. К. Жаңа қадаммен логопедтің жаңғыруы...</b>	10
<b>Садикова Динара Кабдуалиевна</b>	
<b>Алиева Асель Рымбаевна.</b> «Қош келдің Жаңа жыл!».....	11
<b>Жаксыбаева Қуралай Бодеевна</b> Жалбыз – емдік өсімдік.....	13
<b>Шулембаева Замзагуль Маратқызы</b>	
Табиғат құбылыстары.....	15
<b>Хамзина Ағайша</b> «Бүрлеу».....	16
<b>Сарина Данагүл Қабдырашқызы</b> Өңгіме оқимын. Сөйлем.....	18
<b>Щукина Н.Ю.</b> «Путешествие по сказкам».....	20
<b>Айтгуарова Асия Кумаровна</b>	
Коррекционные занятия дефектолога в условиях кабинета психолого-педагогической коррекции.....	23
<b>Мусина Раушан Саламатқызы</b>	
Ертегілер еліне саяхат.....	24
<b>Бишенова Бақтыгүл Тлепиевна</b>	
«Алтын күз бізде қонақта».....	24
<b>Жабагина Махаббат Төлеубекқызы</b>	
«Ата-ана және мектеп серіктестігі» төңірегінде ата-аналармен өткізілген тренинг.....	25
<b>Назарбекова Мәншүк Күшікқызы</b>	
«Халық тәрбиесі - асыл қазына!».....	27
<b>Есеева Гульнара Адилбековна</b>	
«Триединство обучения дошкольников».....	28
<b>Айтмұхашова Р. Т.</b> «Үйшік» ертегісі.....	29
<b>Викозиева А.</b> Өмір, сен қымбатсың маған!.....	31

«МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖУРНАЛ

№1 (26) 2018

Қаңтар – январь

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
«МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ  
ӘЛЕМІ»

2015 жылдың қаңтар  
айынан шыға бастады

Құрылтайшы «Aspan» ЖК

ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінің мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы №14440-Ж куәлігі 03.07.2014 ж. берілген  
Жазылу индексі: 74806

Бас редактор  
Самал ҚАЙЫРОВА

Дизайнер  
Гүлнұр ЖАДЫРАНОВА

Біздің тұрағымыз:  
050054, Алматы қаласы,  
С.Сейфуллин көшесі, 511 үй, 2 пәтер  
Тел. +7 7014797939, +7 7478390346

Эл. пошта:  
admin@ustazdar-alemi.kz  
Басуға 10.01.2018 ж. кол қойылды.  
Офсеттік басылым

Таралымы – 3000  
Индексі – 74806

Баспа үйі - Типография  
ЖШС ТОО «Print House Gerona»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Мектеп ұстаздарының әлемі» басылымы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері ұстаздарының озық педагогикалық білімін таратуға және алмасуға бағытталған. Журнал мұғалімдер шығармашылығын бөлісуге арналған алаң болмақ, мұнда олар өз мақалалары мен жаңа идеяларын ұсынуға, пайдалы нәрсе білуіне, білім-ғылым саласындағы пайдалы көздерге сілтеме алуына болады.

### УВАЖАЕМЫЙ ЧИТАТЕЛЬ!

Данное издание направлено на распространение и обмен передовым педагогическим опытом педагогов общеобразовательных школ Республики Казахстан. Журнал призван стать открытой диалоговой площадкой для учителей, где можно представлять свои статьи, новые идеи, узнать что-то полезное для себя, получить ссылки на полезные ресурсы.

# МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Досыбекова Айнұр Есіркепқызы</b>	Основные функции систем управления базами данных.....	58
Отбасы бюджеті. Көсемше.....		32
<b>Есбулаева Жанаргул Мурзабековна</b>	<b>Абенова Айгүл Хамзиевна</b>	
Зат есімнің жіктелуі.....	<b>Альмурзаева Галия Испандияровна</b>	
<b>Еспенбетова Алия Бисеновна</b>	«Өзін - өзі тану» пәнінің жеке тұлғаны дамытуға ықпалы.....	59
Гидросфера и её составные части.....	<b>Аубакирова Қымбат Ергалиевна</b>	
<b>Мадыбеков Нургазы Аблаевич</b>	<b>Исмаилова Мадина Есенкелдиевна</b>	
Волейбол. Тұру, ауысу, секіру секілді допсыз жаттығу.....	Жобалау технологиясы – заманауи мектепке дейінгі мекемедегі инновация.....	61
<b>Нурмуханбетова Гулизат Оразовна</b>	<b>Бактыгулова Б.</b>	
Применение на уроках технологии формативного оценивания.....	М.Өтемісұлының шығармашылығы «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Жалғыздық», «Мен құстан туған құмаймын» өлеңдері.....	62
<b>Оразбаева Мая Кенжебековна</b>	<b>Зубова Галина Васильевна</b>	
Қазақстанның түсті металлургиясы.....	<b>Цыбульская Татьяна Петровна</b>	
<b>Тойшибекова Индира Мырзабековна</b>	Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания: «Формирование конкурентноспособной личности через развитие практических навыков, применение языковых единиц: говорение, слушание, чтение, письмо».....	63
Мейірімділік - асыл қасиет.....	<b>Рысжанова Бакытжан Насипбековна</b>	
<b>Торежанова Акмарал Узақбаевна</b>	<b>Деньгина Ольга Валерьевна</b>	
Степени сравнения наречий.....	Взаимодействие детского сада и родителей как один из факторов эффективного воспитания ребенка.....	65
<b>Тулегенова р. А.</b>	<b>Санат Рина</b>	
Рост растений. Рост стебля в длину и толщину.	<b>Алдабаева Базаргул Орынбаевна</b>	
Роль камбия. Годичные кольца.....	Балабақшада балаларды тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздеріне баулу.....	66
<b>Абенова Ирина Анатольевна</b>	<b>Сарсекеева Глек Ташимовна</b>	
Методы обучения русскому языку.....	<b>Алимбаева Гулден Каддуллаевна</b>	
<b>Қамбаров Нұрлыбек Қамбарұлы</b>	Двигательная деятельность детей старшего дошкольного возраста.....	68
Нағыз қазақ - домбыра.....	<b>Қурақбаева Зульфия Тулкибековна</b>	
<b>Матаева Гульбарам Мантубетовна</b>	Будущее сложное время.....	69
Математика пәндерінде ақпараттық тех.....	<b>Маметов Сухратжан Турсунжанұлы</b>	
<b>Найманбаева Д. С.</b>	«Жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар» спорттық жарыс.....	70
«Химия әлеміне саяхат».....	<b>Карагулова Жаныл</b>	
<b>Решетников Сергей</b>	«Мектеп жасына дейінгі балаларға үштілділікті үйретуде инновациялық технологияны пайдалану».....	71
Современные подходы к уроку физической культуры в рамках современного образования.....	<b>Алитурлиева Р. К.</b>	
<b>Сабирова Карлыгаш Маликовна</b>	Сүйінбай мен Қатаған айтысы.....	72
Использование новых технологий на уроках русского языка.....		
<b>Тезекпаева Ляйля Болатовна</b>		
Домбыра – кең таралған ұлттық музыкалық аспап.....		
<b>Файзулина Жанат Алимовна</b>		
«Музыкалық білім беру-тәрбие процесінің негізгі бағыты».....		
<b>Рамазанова Ляззат Есентаевна</b>		

# ЖАҢАША ОҚЫТУ - ӨМІР ТАЛАБЫ

Егізбаев Б. С.

География пәні мұғалімі

Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектеп  
Алматы облысы Ақсу ауданы Қаракөз ауылы

Мұғалім мамандығы ең қиында, ең қызықты мамандықтың бірі. Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады»-деп бекер айтпаған. Халқымыз әрқашан ұстаздың мәртебесін жоғары көтеріп бағалаған. «Ұстазы жақсының, ұстанымы жақсы»-деген дана халқымыз. Ендеше бүгінгі күннің талабына сай жақсы ұстаз болуымыз керек. Жақсы ұстаз болу үшін әр мұғалім өзінің іс тәжірибесінде заман талабына сай озық технологияларды пайдаланып, үнемі ізденіспен шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Ол білімді, озық ойлы, шығармашыл болса, онда олардан білім алатын ұрпақта заман талабына сай, бәсекеге қабілетті етіп білім алуға, өзін тәрбиелейді. Гүлденген тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасын көтеріп, байлығын арттыратын өскелең ұрпақ. Осы келер ұрпақтың өзіне-өзі сенімді, өзіндік ой пікірі бар дербес тұлға болып қалыптасуына ықпал ету бүгінгі күннің алдындағы үлкен міндет. Осы міндетті орындау үшін біздер ұстаздар қоғам талабына сай жаңашылдықпен, шығармашылықпен жұмыс жасауымыз керек. Менің педагогикалық ұстанымым бүгінгі таңда жаңа, озық ойлы технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың география пәніне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы мақсатқа жету жолында негізгі міндет жаңа технолияны, жаңа модульдарды енгізе отырып оқушының пәнге деген қызығушылығын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту. Осы мақсатта әрбір мұғалім өз сабағында білім берудің жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып отырса оқытуда үлкен жетістіктерге жетеді. Мұндай сабақтар оқушылардың ойында жақсы сақталады. Қазіргі уақытта елімізде білім берудің Кембридж тәсілін өз сабақтарымда қолданып өткіземін. Бағдарла біздер үшін талай жылғы іс тәжірибемізге қосымша көптеген пайдалы мағлұматтар берді. Бұл бағдарламаның негізгі міндеті мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде берілген. Осы жеті модульдің бірі сын тұрғысынан ойлау.

Сын тұрғысынан ойлау (СТО) – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл бағдарламаны бірнеше стратегиялармен жұмыс жүргізуде жүзеге асырылады. Бұл әдістер мынандай мақсаттар қояды:

- оқушыларды ойландыруға;
- өз ойларын ашық айтуға;
- пікір таластыруға (дебат)
- дұрыс сөйлей білуге;
- өз бетімен ізденіп, жұмыс істеуге;
- шығармашылығын дамытуға.

-Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білімнің болашаққа қажетке жарауын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану ой толғанис кездерінен түзіледі. Балалар үйренгенін саралап, қалай

қолдану керектігін ой елегінен өткізіп, қайта қарап өзгерістер енгізеді. Сын тұрғысынан ойлау қазіргі уақытта білім берудегі ең басты түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы оймен қабылдауын көздейді. Сыни ойлауға оқыту жеңіл міндет емес. Сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асыру үшін оқушыларға ойлануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру керек. Оларға ойлануға уақыт беріп еркін атмосферада жұмыс істеуге мүмкіндік жасау керек. Жаңа оқыту әдістерінің бірі диалог арқылы оқыту немесе қалай оқу керектігін үйрету модулы.

• Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, ойды шындау. Бұл бағдарлама арқылы оқушылар берілген тақырып мазмұнына сыни тұрғыдан қарап, өзіне қажеттісін, сапалы шешім қабылдауды, сұрақ қоя білуді, кез – келген сұрақтарға жауап іздеуді үйренеді, ойы дамиды. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол, онда оқушының қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін, «Менің ойымша» деген жауапқа дағдылану, әртүрлі жауапқа қарау, жақсысын мадақтау, нашарын сынамау сияқты қабілеттер қалыптасады. Оқушы өзінің ойын ашық әрі еркін айту арқылы ғана белгілі бір жетістіктерге жетеді. СТО бағдарламасында жұмыс жеке, жұппен, топпен жүргізіледі. Мұғалім оқушының білім алуға бағытталған іс – әрекетін бақылай алады, бағыт – бағдар береді. Оқушылар жаңа сабақты, ақпаратты өз бетімен меңгереді.

• СТО бағдарламасының стратегиялары оқу процесіне көп өзгерістер енгізе алады. Стратегиялар сабақ құрылымының үш кезеңі бойынша қолданылады.

• СТО бағдарламасының бірінші кезеңі «Қызығушылығын арттыру».

• Оқушыларды «ой қозғау» арқылы сол тақырыпқа әкелу, осы тақырып туралы бұрынғы білетіндерін анықтау, әрі қарай алынатын білімге қызықтыру, белсенділігін ояту.

• СТО бағдарламасының екінші кезеңі «Мағынаны ажырату» жаңа мазмұнды ашу жолы. Оқушы мәтінді оқу арқылы жаңа тақырыппен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Бағдарламаның үшінші кезеңі «Ой толғанис» кезінде оқушылардың сабақтан үйренгенін бекіту, жаңадан алынған ақпаратты пайдалана отырып, білімдерін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізіледі. «Топтастыру», «Болжау», «Венн диаграммасы», «Білемін», «Білгім келеді», «Білдім», «Еркін жазу», «Бес жол өлең», т.б. стратегияларды қолдануда оқушылардың қызығушылығы артады. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, шығармашылықпен жұмыс істеуге, берілген тақырыпты жан – жақты ашуға бір – бірінің пікірін тыңдай білуге, өз ойын ашық айтып жеткізуге, басқаның пікірін сыйлауға үйренеді. СТО бағдарламасы бойынша сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, әр оқушының жүрегіне жол табуға, ішкі сезімін толғанисқа түсіруге, танымдық өрісін кеңейтуге болады. Қорытындылай келе, сабаққа қойылатын қазіргі заман талаптары мұғалімнен зор шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үдерісінде материалды дайын

күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс – тәсілдерді тандап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке тұлға болып қалыптасады. Бұл ойдың тәрбиелік мәнін ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытпаймын, көргенді есте сақтаймын, ал өз ақыл – ойыммен ісімді түсінемін» деген сөздері дәлелдей түспек.

Сондықтан, әр оқушының қабілетіне қарай білім беруде оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық технологияны мең-

геріп, жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануымыз қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды сіңіруді міндеттейді.

Біздер осы жеті модульдерді өз тәжірибемізге қолданып, оқыту үрдісінде өзгеріс енгізіп білімді, жан- жақты дамыған, ой өрісі кең, шығармашыл ұрпақтарды тәрбиелеуге өз үлесімізді қосамыз. Шәкірттеріміз білімді болса, біздің болашағымыз да жарқын еліміздің ертеңі де сенімді қолда болмақ. Осындай биік мақсат жолында аянбай еңбек ету әрбір ұстаздың қасиетті парызы деп білемін.



# СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

**Елубаева Кенжетай Бейсекенқызы**

Бастауыш сынып мұғалімі

«№3 Қабанбай орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» КММ

Алматы облысы Алакөл ауданы Қабанбай ауылы

**Сабақ негізделген оқу мақсаты:** Сөз тіркестерінен сөйлем құрауға үйренеді, нақыл сөздер арқылы ұлттық тәрбие алады.

**Сабақ мақсаттары**

**Барлық оқушылар:** Сөз тіркесінің ережесін біледі. Сөз тіркестерін ажыратып, сөйлем құрайды.

**Оқушылардың басым бөлігі:** Сөйлемнен сөз тіркесін ажыратады.

Сөз тіркесін жасай алады.

**Кейбір оқушылар:** Өз беттерінше суретке қарап, сұрақтар қойып, әңгімелей алады. Мақал-мәтелдердің ішінен сөз тіркестерін тауып, мағынасын түсіндіреді. Өз бетінше сөз тіркестерін құрып, мәтін құрай біледі.

**Тілдік мақсат. Негізгі сөздер мен тіркестер:**

**Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:**

Талқылауға арналған тармақтар: Сөз тіркесі дегеніміз не?

Сөз тіркестері қалай құралады?

Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?

Сұрақ қою арқылы тұжырымдаймын:

• Сөз тіркесін қалай ажыратамыз?

• Сөз тіркесіндегі сөздер қалай байланысады?

Жазылым бойынша ұсыныстар:

Ережелер.

**Алдыңғы тақырып**

Сөз тіркесінің ережесін түсінеді. Сөз тіркесін жасай алады.

**Жоспар**

«Мен саған ... тілеймін» әдісі арқылы ынтымақтастық атмосферасын құру.

Сөз мағыналары арқылы топқа бөлу. (қағаздарға заттың атын, сынын, санын, қимылын білдіретін сөздер жазылады, мағынасына топқа қарай бөлінеді)

Қайталау. Семантикалық карта бойынша өткен сабақты еске түсіру.

• Сөз дегеніміз не?

• Сөздерді қалай тіркестіреміз?

• Сөйлем ішінен сөз тіркестерін қалай табамыз?

«Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша слайдтағы суреттермен жұмыс жүргіземін.

-Суретте қандай заттарды көріп тұрмыз?

-Сол заттарды сипаттайықшы.

-Сол сөздермен сөз тіркестерін жасайық деген жетекші сұрақтар арқылы сабақтың тақырыбын ашамын.

Сурет бойынша мәтін құрауды топтық жұмысқа ұсынамын.

Жаттығумен жұмыс. 1-жаттығу. Нақыл сөздерді оқып, мағынасын ашу, сөздердің тіркесу тәсілдерін ажырату. 2-жаттығу (шығармашылық тапсырма) сөз тіркестерін қатыстырып мақалдар жазу.

**Сергіту сәті.** «Африка жаңбыры» (Жел тұрды, жаңбыр сіркіреп жауды, қатты жауды, басылды, күн шықты)

Сынақ хат жаздыру (екі сөйлемнен тұрады, сөйлемнен сөз тіркестерін сызбамен көрсету) Балалардың өздеріне тексерту.

4-жаттығу. Берілген тапсырмадан сөйлем мен сөз тіркестерін ажырату

«Табақ тарту» әдісінде әр топ бес сұрақтан бір-біріне алмасу.

«Бағдаршам» әдісімен бағалау. Түстер арқылы бір-бірін бағалау. Қызыл-3, сары-4, жасыл-5

Кері байланыс. Стикерге түсінген үш нәрсеңді, түсінбеген 2 нәрсеңді пікір ағашына жапсыру.

Қима қағаздар, үлестірмелер, кесте, түрлі түсті суреттер, слайдтар, оқулық, стикерлер, фливордтар.

**Қосымша ақпарат**

**Саралау –Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?**

**Бағалау –Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?**

**Пәнаралық байланыс: Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, АКТ-мен байланыс**

**Құндылықтардағы байланыс**

• Қима қағаздар арқылы ЖАДА қалыптастыру.

• Дарынды оқушыларға деңгейлік тапсырма

• «Бағдаршам»

• Өзін-өзі тану, дүниетану

• Бір-бірін сыйлау, бір-бірін әділ бағалау

**Рефлексия**

Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және нені.

**Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағы-**



ңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.

Оқу мақсаты шынайы, қолжетімді.

Оқушылар сөз тіркестерінің қалай жасалатынымен, сөйлем мен сөз тіркесінің айырмашылығымен танысты. Сыныпта оқушылар бір-бірімен диалог құрып, топтық жұмысты қызыға орындады.

Топтық жұмыстағы бағалау сәтті болды. Себебі балалар топтық жұмысқа жақсы дағдыланған. Әдіс-тәсілдерді түрлендіріп өткізуді қарастырамын.

**Қорытынды.**

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Топтық жұмыс

2: ЖАДА қалыптасты

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Топқа бөлу

**Үйге тапсырма:** Жеке оқушыларға тапсырма беру.

**Бағалау:** [Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.](#)

Бағалау парақшасын толтырады.

**Кері байланыс**



Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? Бағалау түрлері, сұрақтарды дұрыс қоя білуді жетілдіру.

## МЕНІҢ ПЕДАГОГТИК ҰСТАНЫМЫМ

Есламова Жадра Қайроллақызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Ақан мектебі ясли-бақша кешені» КММ

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы

Құспек селосы

Әрбір бала - жарқыраған шамшырақ, оны жаға білген ұстаз ғана ұтады.

Мен бүгінгі таңда білім беру саласында 7 жылдай еңбек етіп келемін. Күн сайын алдымда пәк көздерімен жәудіреп отырған шәкірттеріме зер сала қараймын. Қараймын да ойланамын. Алға үмітпен талпынған олардың алдында менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар екенін іштен сезінемін. Сондықтан менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары болуы тиіс, өйткені сол жарқыраған шамшырақты дер кезінде байқап, дер кезінде жаға білу – менің ұстаздық парызым. Сыныптағы балалардың бірі зерек те алғыр, бірі енжар, бірі баяу, бірі тым пысық. Ал, менің бәріне беретін білімімнің мазмұны мен қоятын талабым бірдей де, олардың мұны қабылдауы түрліше.

Елбасымыз: «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік тұр, оны арқалап жүрген – ұстаздар. Себебі еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді», - деген еді. Олай болса, өркениет өзегі – білім, ғылым, тәрбие десек, бұл мәселеге де өз үлесімді қосуым керек деп ойлаймын.

Қазіргі таңда мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін – олар ертеңгі қоғам мүшесі, болашақ иесі. Ұстаз да диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын талмайтын етіп қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Қандай рақат, шын бақытын тапса адам деп ақын жырлап өткендей, шынымен де, «бақыт» деген кең ұғымның бір шеті мен үшін осы ұстаз мамандығымен ұштасып жатыр. Ұстаз деген кім? Ұстаз – шәкіртін адалдыққа баулушы, өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгі-

ліктің нәрін себуші, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, ең жақын жанашыры әрі ақылшысы, досы әрі сырласы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы.

Мен мұғалім мамандығын таңдағанымға еш өкінбеймін. Мектепте оқып жүргенде-ақ өзімді іштей дайындап, өзімнің болашағымды елестететінмін. Болашағымға нық сенетінмін. Осы мен қандай мұғаліммін? Мен – өз жасыма қарамастан заман ағысына сай біліммен қаруланған, ой-өрісім жоғары, үздіксіз ізденісте жүрген, жан-жақты дамып, қалыптасып келе жатқан қатардағы жаңашыл мұғаліммін. «Жаңашыл ұстаз»... Бұл атау бүгінгі таңда педагогика саласында жиі ауызға алынып жүрген жаңа ұғымдардың бірі екендігі баршамызға аян. Қазіргі кезде жаңашыл мұғалім ретінде даму - уақыт талабы.

Жаңашыл ұстаз ретінде көрініп, заман ағымына сай шәкірттерге мемлекеттік тілді меңгертетін тіл маманы болу үшін жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ ғасыр көш-басшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы сабақ барысында оқушыларға сапалы және терең білім беруде атқаратын қызметі орасан зор.

Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиімді білім беру-мұғалімдер алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімге тынымсыз ізденісті, оқытудың жаңа формасымен, әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа енгізу бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығар-

машыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жаңа жүйенің еш құны болмайды, мұғалім еңбегі зая кетеді.

«Ұстаз шәкіртке күн болып көрініп, нұр болып төгілуі керек» - демекші, жаңа ғасыр мұғалімінің бойында сергектік, байқағыштық, сезімталдық, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау сияқты қасиеттер тоғыса келе, олар мейірімділік атты ұлы ұғыммен ұштасып жатса ғана біздің еңбегіміз өз мәресіне жетіп, «Ұлы ұстаз» деген ардақты атаудың шын иегері болатынымызға кәміл

сенемін.

Менің ойымша жаңа заман мұғалімі шебер, шығармашыл, ой өрісі кең, білімді, мәдениетті болу керек. Демек мен өз бойымдағы барлық жақсы қасиеттерімді оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде үйлестіре отырып, мінсіз оқушы шығаруым керек. Өз ойларын еркін жеткізе алатын, білімді, алған білімдерін өмірде қолдана алатын оқушыларды жетілдіру менің қолымда. Барлық мұғалімнің қолында. Ол үшін еңбек етуге дайынмын. Осы мақсаттарыма жету үшін ары қарай жұмыс істеу, шебер мұғалім болу тек қана өзіме байланысты. Сол себепті көп жұмыс істеуім керек. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу-бұл нағыз шеберлік емес пе?!



## «Совершенствование технических действий в баскетболе»

**Еспенбетов Ризабек Кадылбекович**  
Учитель высшей категории, методист  
по физической культуре отдела образования  
города Усть-Каменогорска  
КГУ «Школа – лицей №34»  
Город Усть-Каменогорск

**Форма проведения:** урок, тренировочное занятие.

**Категория участников:** учителя физической культуры, педагоги – инструктора по спортивно-массовой работе города Усть-Каменогорска.

При проведении школьных тренировочных занятий по баскетболу в старшем и среднем звене учитель физической культуры сталкивается с такими трудностями:

1. Малое количество баскетбольных мячей;
2. Разный уровень технической и физической подготовленности учащихся;
3. Разница в возрасте (7 – 11 классы);
4. Маленький спортивный зал (18\*9 метров);
5. Различный контингент занимающихся (дети из малообеспеченных семей, трудновоспитуемые и т.д.);
6. Недостаток времени (большое количество учащихся занимающихся в секции).

Особенно следует учитывать желание самих учащихся увеличение большего времени на двухсторонние игры. Так как игры в большей степени формируют интерес к систематическим занятиям физической культуры и спортом.

В учебно-тренировочном процессе желательнее постоянно повторять, закреплять и совершенствовать технические действия, которые наиболее чаще применяются на играх и соревнованиях.

Ниже описанные упражнения можно проводить как вводно-подготовительной, так и основной части занятия. А также перед играми на разминке (официальные, товарищеские встречи).

**Упражнения для совершенствования ловли и бросков в движении.**

Команда делится на две колонны, (движения начинаются с середины площадки).

Первая колонна находится слева, где игроки выполняют задания и переходят в конец колонны №2. Игроки колонны №2 подбирают мяч и передают игрокам №1 и бегут в конец этой колонны.

**Упражнение №1.**

- ведение мяча и бросок в кольцо после двух шагов.

**Упражнение №2.**

- бросок в кольцо с двух шагов после ловли без удара мяча о пол.

**Упражнение №3.**

- ловли мяча в прыжке, остановка прыжком + бросок в прыжке.

**Упражнение №4**

- ловли мяча в прыжке, остановка прыжком + финт на бросок + с ударом мяча в пол, уход вправо, влево + бросок в кольцо.

**Рекомендации учителям физической культуры:**

1. Все упражнения выполняются с правой и левой стороны.
2. Требовать от игроков выполнения бросков из-под щита левой рукой (1 и 2 упражнение).
3. В упражнение №4 игрок, передающий мяч, должен играть роль пассивного защитника, а затем активного.
4. Все 4 упражнения выполняются в среднем и быстром темпе.

**Некоторые советы для учащихся во время игры в баскетболе:**

1. Защищай мяч от противника телом.
2. «Не стучи», когда это не нужно.
3. Передавай тому, кто выходит на мяч
4. Для перемещения мяча как можно реже используй ведение
5. Избегай поперечных и навесных передач.
6. Избегай встречаться с игроком, владеющим мячом.
7. Применяй финт прежде, чем передать мяч.
8. Делай короткий, простой и безопасный пас.
9. Мяч передавай быстро, но не резко
10. Не забирайся с мячом в углы.
11. Веди мяч как можно реже.





# «Активные методы обучения на уроках русского языка в казахской школе в рамках обновленного содержания образования»

Ихсанова Гульмайра Утешевна

Всем известно, что в настоящее время образование в Казахстане держит путь на обновление, учителю, чтобы идти в ногу со временем и вести за собой подрастающее поколение самому необходимо обновлять свои методы и приемы, и умело внедрять в учебный процесс все новинки науки.

Обновление содержания среднего образования является новой вершиной для современных педагогов, которую придется брать штурмом. Ведь перед педагогами стоит важнейшая задача: воспитать и обучить таких учеников, которые смогут адаптироваться и реализовать себя в современном мире.

Целью учебной программы по предмету «Русский язык» является формирование функционально грамотной личности через развитие практических навыков применения языковых единиц в четырех видах деятельности: слушании, говорении, чтении, письме. Акцент делается не на полученные знания, а на процесс их применения.

Для достижения поставленной цели на уроке учителю необходимо решать следующие задачи: учить слушать с пониманием, говорить, читать и писать; формировать лингвистическое отношение к единицам языка.

Я считаю, что каждый современный учитель должен продумать и тщательно планировать свой урок. Иначе учитель никогда не сможет добиться хороших результатов в обучении. С этой целью преподавателю необходимо создать образовательную среду, благодаря которой учащиеся будут активно участвовать в учебном процессе, а не пассивно принимать информацию. Информация передается, но знание и понимание формируются у самого обучающегося, и преподаватель должен оказывать помощь в этом процессе.

Какой современный учитель не мечтает о том, чтобы ребята на его уроке работали добровольно, творчески. И это не случайно. Новая организация общества, новое отношение к жизни предъявляют и новые требования к школе. Сегодня основная цель обучения - это не только накопление учеником определенной суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка школьника как самостоятельного субъекта образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность и учителя, и, что не менее важно, ученика. Именно этой цели - воспитанию творческой, активной личности, умеющей учиться, совершенствоваться самостоятельно, и подчиняются основные задачи современного образования. Ведь как говорил Бернард Шоу: «Единственный путь, ведущий к знанию - деятельность».

Активные методы стимулируют учащихся к такой мыслительной и практической деятельности в процессе усвоения учебного материала, которая обеспечивает рождение познавательных мотивов и интересов, создает атмосферу для творчества в обучении. Продуктивно помогают начать урок такие приемы, как «Улыбнемся друг другу», «Поздоровайся локтями». Дети, выполняя задание, должны прикоснуться, улыбнуться, назвать имена своих одноклассников. Такое взаимодействие воспитывает коммуникативные качества, навыки работы в группе. Активные методы выяснения целей, ожиданий и опасений, как «Фруктовый сад», «По-

ляна снежинок», «Разноцветные листья», «Воздушные шарик», «Цветные ладошки» помогают учителю эффективно провести выяснение ожиданий и опасений, лучше понять класс и каждого ученика, определить цели урока.

Использование активных методов на уроках русского языка в 1 классе показывает насколько интересно, увлекательно и с особым усердием работают ученики во время занятий. На уроке используются те активные методы, в которых заключаются ролевые игры, логические задания, работа по картине и, конечно, игровая деятельность. При этом основной принцип работы учителей - научить ребенка самостоятельно думать и работать, научить учиться.

Например, на уроке по теме «Транспортные средства» в 1 классе мной были использованы такие виды активных методов, как игра «Соберем машину и мотоцикл», где при сборке необходимо называть детали машин, закрашивание цветов светофора, где ученики также должны были указать при каких цветах пешеход переходит, ждет, готовится перейти дорогу, по расположению цифр провести линию и назвать вид транспорта.

Выполнение таких заданий вызывает у учащихся интерес, стремление ответить первым, показать свои знания и познавательную деятельность, быть активным на уроке. Активность учащихся на уроке проявляется при ролевой игре. Например, при изучении темы «Народные сказки» ученики 1 класса представляют себя в определенных ролях, оказываются в заданной ситуации, совместно решают поставленную задачу. Я думаю, приняв за основу соответствующий механизм, можно оживить даже самый сложный материал. В процессе игры у детей вырабатывается привычка быть сосредоточенными, мыслить самостоятельно, развивается внимание, мышление и стремление к знаниям. Увлекаясь, втягиваясь в работу, они даже не замечают, что учатся: узнают, запоминают новое, ориентируются в незнакомых ситуациях, пополняют запас фактов и понятий, фантазируют, выдвигают неожиданные идеи. Даже самые пассивные из детей включаются в игру с огромным желанием и интересом, прилагают много сил, чтобы не подвести команду и своих товарищей.

Таким образом, использование активных методов обучения позволяет обеспечить эффективную организацию и поэтапное осуществление игрового образовательного процесса для достижения высокой заинтересованности и вовлеченности в учебную, проектную, исследовательскую деятельность, формирования качеств личности, моральных и нравственных установок, ценностных ориентиров.

В заключении хотелось бы отметить: какую бы мы не осваивали технологию, мы должны помнить, что делаем это для того, чтобы помочь ребенку осознать свое место в многообразном и взаимозависимом мире, научить уважать права и свободу других людей, обеспечить наиболее полное развитие индивидуальности и способности каждого. Я бы хотела пожелать в таком нелегком труде по покорению «вершины знаний» под названием «Обновление содержания среднего образования» для Казахстана - стабильности и процветания, для школы - талантливых и успешных учителей и учеников, а для себя и своих коллег - творческих успехов!

# Ваттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең-тар. Тіктөртбұрыш

**Нетшеева Бағдат Армиевна**

1-санатты тәрбиеші

"Балдырған" санаторийлік балабақшасы ММ  
Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе се-  
лосы

**Бөлімі:** ҚМТҚ

**Мақсаты:** математикалық жұмбақтарды шешу дағдыларын арттыру; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді жалғастыру; екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу; заттар тобының кең немесе

тең еместігін анықтау; өзіне таныс заттарды еніне қарай салыстыру (кең, тар); тіктөртбұрыш туралы білімін пысықтау, оны өзге геометриялық фигуралардың ішінен табу.

**Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, демонстрациялық, түсіндіру.

**Үлестірмелі материал:**

әр балаға түрлі түсті 4 жолақ беріледі: 2-еуінің ұзындығы да, ені де бірдей; ендігі бір жолақ еңсіздеу, ал төртіншісі алдыңғы екеуінен енділеу болу керек.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	«Жұмбақтар және оның шешуі» ойыны. Балаларға жұмбақ жасыру. Бұл жұмбақта айтылған сандар балалардың жұмбақты шешуіне көмектеседі. Екі дөңгелегі, екі басқышы бар, Бір орындық, екі мүйізі бар. Ол не? Үшеуінің тұратын орманда бар үйшігі, Ертегіге арқау болған, кейіпкерлер ғой ізгі. Ойланбай-ақ, балақай, сен де тауып көрші енді. Үш көзінде жалын-от, Ал бірақ та жаны жоқ. Кезекпенен ашылар, Кезекпенен жабылар.	Балалар жұмбақтың шешуін табады.  Велосипед  Үш аю  Бағдаршам
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	1-тапсырма. Балаларға қазақтың ұлттық ыдыстарының суреттерін көрсету. Балалар оны мұқият қарап шыққаннан кейін, цифрларды тиісті суретпен қосуы керек. 2-тапсырма. «Машина жеткілікті ме?» ойыны. Педагог балаларға келесі суретті көрсетеді. Сұрақ қояды: -Балалар нешеу? -Машина нешеу? -Ойыншық балаларға жете ме? -Неге? -Балалардың саны мен ойыншық машиналардың саны туралы не айтуға болады? -Қанша бала болса, сонша машина бояндар. Қане, балалар нешеуін боядыңдар? «Көліктер». Сергіту минуты. Бағындырар талай жолды, Көлік шіркін керек болды. Жолдағыдай қатарласып, Ұстап көрейік біз де рульді. Жеңіл көлік зуылдатып, Оңға қарай бұрылар, Жүк көлігі түтіндетіп, Тура жолмен зуылдар. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балаларға ені бірдей 2 жолақты табуды тапсыру. Дұрыстығын тексеру үшін оларды бір-біріне қойып тексереді. Балалар тапсырманы орындаған соң, олар неліктен бұл екеуін таңдағанын түсіндіреді және дәлелдеп көрсетеді.	Балалар цифрларды тиісті сызық арқылы қосады.  Балалар суретті мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді: -Үшеу. -Төртеу. -Жетпейді. Өйткені төрт үштен үлкен  Машинаға қарағанда баланың саны кем, ал балаға қарағанда машина артық.  Үш машинаны бояйды.  Балалар қолдарына «ойша» руль ұстап, бөлменің бір шетінен екінші шетіне дейін жүреді. Бұрылады, қарсы бетке қарай қозғалады.  Балалар жолақты бір-біріне қойып салыстырады.

	<p>3-тапсырма. Балаларға сұрақ қою: -Балалар, солға бара жатқан көліктер қандай жолмен кетіп барады? -Оңға бара жатқан көліктер қай жолда кетіп бара жатыр? -Оңға неше машина, солға неше машина бара жатыр? Балаларға тапсырма беру: кең жолды сары түспен, ал тар жолды қоңыр түспен бояуды тапсырады. Балаларға сұрақ қояды: -Неше тіктөртбұрыш боядыңдар? -Тіктөртбұрыштың көлемі қандай?</p>	<p>Кең жолмен.  Тар жолда. Оңға қарай 3машина, ал солға қарай 4 машина. Балалар жолдарды бояйды.  Үш Үлкен, кіші, кішкентай.</p>
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру. -Сендер шәйнекті, торсық пен кесені қандай цифрмен қостыңдар? Неге? Балаларды сабақта белсенділік танытқаны үшін мақтайды.</p>	<p>Балалар өз жұмыстарын үлгімен салыстырады. Шәйнекті 2 цифрмен қостық, себебі суреттегі шәйнек саны екеу...</p>

**Күтілетін нәтиже:**  
**Біледі:** 4 цифрын; геометриялық фигура-тіктөртбұрышты;  
**Игереді:** заттың санын цифрмен сәйкестендіру-

ді; таныс заттарды еніне қарай (кең-тар) сәйкестендіруді;

**Меңгереді:** заттар тобының тең немесе тең емесігі туралы түсінікті.



## РАЗВИТИЕ ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Смоленкова Ольга Николаевна  
КГУ «Школа-лицей № 66»  
г. Караганда

Ни для кого не секрет, что современные дети мало читают. И дело здесь не только в быстром развитии информационных технологий, считающихся главными «виновниками» снижения интереса учащихся к чтению. Одна из основных причин утраты интереса к изящной словесности - недостаточное развитие образного мышления школьников.

Ведь мышление школьников в основном образно и конкретно. А обучение в школе сводится преимущественно к словесно-логическому мышлению. Вследствие этого учебный материал усваивается образно мыслящими детьми гораздо труднее. Последствия подавления образного мышления приводят к трудностям в понимании мира и приспособленности к нему.

В то же время развитое образное мышление даёт человеку огромные дополнительные возможности, делает любую деятельность более успешной.

Что же такое образное мышление? Образное (художественное) мышление - это способ и форма освоения действительности, характеризующиеся нераздельным единством чувственных и смысловых моментов. Иными словами, это умение понимать мир и отражать своё отношение к нему, собственные мысли, переживания при помощи системы художественных образов. На уроках литературы - это умение понимать и толковать значение художественного образа в контексте литературного произведения.

Поэтому непосредственная задача учителя-сло-

весника состоит в том, чтобы воспитать хорошего читателя. Через слово научить видеть глубины художественного текста.

Каким образом можно реализовать развитие образного мышления на уроках русского языка и литературы?

Существует несколько путей развития образного мышления. И все они ведут к изучению языка с опорой на живую основу художественной литературы, к изучению функции основных грамматических категорий и законов языка, к выявлению того, как они реализуются в письменной и устной речи. В целях совершенствования осознанного творческого мышления возможно использование разнообразных лингвистических текстов: изложения с элементами сочинения, монологи-рассуждения в форме короткого сообщения, связанные тексты с разными типами деформации. Это очень важно потому, что лексический анализ даёт учащимся образцы выразительной образной речи, без которой невозможно углубление, систематизация и совершенствование таких важных речевых умений: слушать, читать, говорить и писать.

Для развития творческого (образного) мышления немаловажен такой вид работы, как обращение к иллюстрации. Иллюстрация помогает учащимся понять, что писатель, описывая предметы и их признаки, вызывает их в нашем воображении, а художник показывает, как выглядят предметы. Писатель характеризует человека, повествует, главным образом, о его поступках, описание играет лишь вспомогательную роль в эпическом произведении, а художник в портрете показывает характер человека средствами линий, цвета, соотношения



цвета и тени, передаёт выражение лица, выбирает нужную позу, одежду, окружающие предметы.

Сравнивая произведения искусства слова и искусства изобразительного, учащиеся увидят, что даже если используется как будто одно и то же явление, например, гипербола, то создана она разными средствами. Рассматривая иллюстрацию художника М. Черемных к «Повести о том, как один мужик двух генералов прокормил» М. Е. Салтыкова-Щедрина, ученики увидят, что художником гипербола создается контрастным изображением героев-огромного роста мужичины и крохотных по сравнению с ним генералов. Такое сравнение иллюстрации и художественного произведения нацелено преимущественно на творчество, то есть на создание собственных произведений.

Очень часто на уроках литературы, особенно в среднем звене, учащиеся получают задание нарисовать иллюстрацию к изученному произведению. Очень важно, чтобы дети создавали что-то своё, не срисовывали картинки из книги, потому что такие работы неинтересны. Даже если ребёнок не умеет рисовать, важна его мысль, идея, подача.

Одним из важнейших этапов работы на уроке литературы является использование музыки: она задаёт необходимый эмоциональный тон уроку, развивает слуховое восприятие. Дети учатся соотносить иллюстративный материал со звуковым сопровождением.

С возникновением информационных технологий появилась возможность ещё большего раскрытия творческих способностей учащихся через создание презентаций и фильмов. В этом компоненте возрастает роль учителя как посредника между учеником и компьютером. Особое внимание при создании мультимедийных разработок необходимо уделить музыкальному сопровождению. Музыкальное произведение должно быть насыщено смыслом - неким духовным содержанием, передаваемым слушателю. Трудно мгновенно научить воспринимать классическую музыку - лучше это делать, опираясь на зрительный образ. Музыка способна не только освежить восприятие на уроках литературы, истории; но она может приоткрыть и тайны языка - родной и иноземной речи. Неудивительно, ведь у музыки и речи, способность к которой является коренным отличием человека от других форм жизни, общие корни - имитация (звукоподражание) и ритм.

Развитию образного мышления на уроках русского языка литературы способствуют также занятия за пределами класса - в парке, в саду. Такие необычные уроки приводят к тому, что поверхностная описательность в письменных работах учащихся постепенно сменяется поэтической образностью. Если в первой четверти описание осени сводилось к перечислению её примет («Опадают листья, льют дожди, улетают птицы...»), то уже в конце второй четверти большая часть авторов использовала в своих работах сравнения, олицетворения: «Зима хитрая, она хочет быть Королевой Земли весь год и не уступает места весне. А бывает и так, что Зима загрустит - и тогда целый день падают её снежинки-слезинки на землю».

Также на уроках развития речи можно предложить учащимся испытывать свои силы не только в прозе, но и в стихах. Внутренняя целостность этих

первых попыток определяется прежде всего наличием образности. Конечно, далеко не все стихотворные попытки можно назвать стихами. Важно, что у учащихся возникло желание выразить себя в поэтической стихотворной форме. Эти попытки - свидетельство доверительных отношений, которые складываются между учениками и педагогом.

При изучении средств художественной выразительности важно не только показать учащимся, что означают встреченные в тексте метафора или метонимия, но и помочь понять, что эти средства не просто украшение стиля, а выражение мысли писателя.

Работая над созданием вместе с учащимися собственных текстов с использованием художественной изобразительности, следует соблюдать большую осторожность. Ведь это трудная творческая работа. Потому что в языке нет готовых метафор и метонимий, они создаются заново. А значит, необходима особая зоркость, чтобы увидеть сходство между снегом, лежащим на ветвях деревьев, и цепью, как в тютчевской метафоре. Нужны точность мысли и воображение, помогающие заметить связь между изодранными мундирами и боем («Бородино» М. Ю. Лермонтова). Нужна фантазия для того, чтобы создать гиперболическое изображение Пацюка с летящими в рот галушками («Ночь перед рождеством» Н. В. Гоголя).

Не зря Джанни Родари писал: «Если мы хотим научить детей думать, то прежде всего должны научить их придумывать».

Поэтому детям надо научиться видеть мир, замечать неповторимые признаки предметов. И тогда, может быть, удастся придумать настоящую художественную метафору. Но это долгий и трудный процесс творческого мышления.

Очень важно развивать у учащихся способность самостоятельно формулировать мысли. К заданиям, которые развивают эту способность, относятся изложение с продолжением, изложение с элементами сочинения. Эти задания имеют огромный развивающий потенциал. Ведь в ходе обсуждения учащимся надо самим найти решение сложного конфликта (тексты дети получают назавёршёнными), дать оценку событиям или действующим лицам. Так молодые авторы делают свои выводы, обобщения. При этом каждый из них выбирает свою, нередко очень удачную форму повествования. Но главным в является этап обсуждения этих работ, который даёт яркую картину интеллектуального, нравственного и речевого развития детей.

Ученики на практике убеждаются, что слово живёт в тексте, что оно взаимодействует с другими словами. И каждому необходимо научиться не только правописанию этого слова, но и искусству употреблять это слово в тексте так, чтобы изложенная мысль была понята, надо не просто высказать, но и сделать её убедительной, проявить своё личностное восприятие, аргументировать, обосновать свою точку зрения.

Итак, образное мышление учащихся формируется постепенно и развивается только в том случае, если педагог создаёт благоприятные для этого условия: тренировка памяти, мышления, воображения, развитие умения чувствовать окружающий мир, развитие художественных речевых умений учащихся.

# «Жаңартылған бағдарлама мұғалімді жаңашылыққа апарар жол»

Туякова Гулбану Оринбасаровна

Бастауыш сынып мұғалімі

Н.Ондасынов атындағы №5 жалпы білім беру орта мектебі КММ

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

*«Еліміздің ертеңгі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»*

**Н.Ә.Назарбаев**

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі тәсілдерді қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі заманда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда және идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабына сай болып отыр.

Оқыту жүйесі өзгерді. Шындығында келгенде мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Сонымен қатар жаңартылған білім берудің

маңыздылығы – оқушыға үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғыдан ойлау, логикалық ойлау, шығармашылық ойлау, АКТ-ны қолдана білу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми жоба дайындау, коммуникативті қарым-қатынас жасай білу, жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай білу қабілетін арттыру.

**Қорыта келе:** Менің міндетім мұғалім ретінде алдыма қойған басты мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар алдыма келген бүлдіршіндердің шығармашылық қабілетін арттыру.

Сол себепті сабақты ғылыми негізде өмірмен байланыстыра ұйымдастыру, оқушыларды сабақта өздігінен ойлануға, ізденіс жасауға, ойын ауызша, жазбаша баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету. Шығармашылық қабілет әр оқушының бойында болуы үмкін. Мұғалімнің міндеті оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді аша білу.

Жас ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының мақсаты мұғалімнің жан-жақты, ізденімпаз, болуы. Себебі қазіргі еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен ерекшеленеді.

## ЖАҢА ҚАДАММЕН ЛОГОПЕДТІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Молдағалиева Г. К.

Логопед

№41 «Назерке» МДҰ

Ақтөбе қаласы

«Тілсіз ой» болуы мүмкін емес. «Ой» дегеніміздің өзі тек өзі-тек тіл арқылы ғана іске асырылатын адам баласына «Алланың берген тамаша қасиеті» - деп М.Арын айтқандай ауыз екі сөйлеу тілі – адамның баласына тән Алланың берген ақыл-ойымен қатар жаратылған болмысы болғандықтан, қазіргі таңдағы мемлекетіміздің өзекті мәселелерінің бірі мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы сөйлеу тілін дамыту жүзеге асырылуда.

Балабақшалардың арнайы түзету топтарында тәрбиелеу және оқытудағы жұмыстар олардың жалпы сөйлеу мүмкіншіліктері мен даму ерекшеліктері, ой-өріс, мінез-құлықтары ескеріле отырып жалпы балабақшалардың бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Қандай ғылым болса да, адам баласына дербес ерекше мөңдерді ұғыну арқылы ұялайды» - деген көркем сөзінің мағынасына жіті бойлай отырып, жәудіреген қара көзді бүлдіршіндердің сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жою, мен үшін логопедия ғылымын таңдауым халқыма деген қызметімнің бір айғағы іспеттес.

Ең алғаш тәжірибе жинақтау мақсатында Алматы қаласындағы №3 мүмкіндігі шектеулі бала-

ларға арналған мектеп-интернатына барғанымда және осы Ақтөбе қаласындағы №7 арнайы түзету мектебінде жұмыс жасап жүргенімде жоғарғы кластағы оқушылардың байланыстырып сөйлеуінің толық дамымай, сөздік қорларының жұтаң дыбыс айтуларының жетілмей қалғанын байқадым. Жас өспірімдердің мұндай деңгейін болдырмау, тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптасу керек екеніне көзім жетті. Сол сәттен бастап өзіме тамшыдай болса да мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндермен жұмыс жасауға бел байладым. Менің негізгі жұмысым-әр баланың жүрегіне жеке жол табу.

Бойымдағы қасиетті сезініп, басқаны қуантамын, жүрек жылуын балаларға сезіндіре алатын, тұла бойы тұнған тәлім мен тәрбие «Педагог» - деген жандардың қатарынан көрініп жүргеніме қуанышым шексіз. Сонын ішінде логопед болу жауапкершілікті талап ететін оңай жұмыс емес. Ол үшін маман жан-жақты болу керек. Логопед – ол дәрігер де, педагог та, психолог та, суретші де, актер да және музыкант та. Бұл мамандықты ұсымнан шығарғым келмейтіні де балалық балдәуреннің төп-тәтті сезімдерін серік етуіммен ұштасады. Қазіргі кезеңдегі әрбір үйдің айы мен күні тілдері күрметіліп, алдыма келгенде қиындығы мен қызығы қатар жүретін түзете-дамытып оқыту процесстерін мақсат-міндеттерді нақты қойып, жүйелі жұмыс түрлерін атқаруға тырысамын. Яғни, балаларға артикуляциялық жаттығулар, ұқалау – си-

палау жұмыстары, есту-ажырату қабілеттерін дамытуға ойындар, сөздік қорын байытып, грамматикалық қатарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін жетілдіруге жұмыстарды жасап, нәтижесін көргенде, еңбегімнің жемісі деп санаймын. Себебі, алдыма келетін балалардың дыбыс айтулары бұзылған, сонымен қатар, психологиялық жүйелері тұрақсыз болып келеді. Мұндай балалардың басым көпшілігі адамдармен дұрыс араласа алмай, ұялшақ, тұйық және өздеріне сенімсіз болып келеді. Бұл балалармен тек қана сөйлеу тілін түзетумен шектелмей, оларды әлуметтік қарым-қатынас жасауға, адамдармен араласуды үйретуге, өзі-өзіне сенімін арттыруға үйрету.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен жұмыс жасау барысында олардың ауызша сөйлеу тілін дамытуға, қалыптастыруға «Қатынас» білім саласының маңызы зор. Сөздік қорларын кеңейту, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айту, айналадағы қоршаған ортаны, күнделікті өмірдегі көрген-білгендерін байланыстырып сөйлеуге қалыптастыру, ой-өрісін, дүние танымын жаңа технологиялармен, ұлттық нақышта домбыра арқылы логоритмика төсілдерімен, дамытушылық және мазмұнды - ролді ойындарды ойнатумен іске асырылады.

Міне, осындай ұстаныммен келешектегі бүлдіршіндердің жарқын болашағы үшін жүйелі жұмыстармен алға қарай қадам баса бермектіпін.



## «ҚОШ КЕЛДІҢ ЖАҢА ЖЫЛ!»



**Садикова Динара Кабдуалиевна**  
Тәрбиеші  
№6 «Алданыш» балабақшасы КМҚК  
Қарағанды қаласы



**Алиева Асель Рымбаевна**  
Тәрбиеші

**Мақсаты:** Балалардың Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыра отырып, олардың өткен жыл мен келер жыл туралы білімдерін тиянақтау. Ұқыптылыққа, тазалыққа, жауапкершілікке, көпшілік ортада өзін-өзі тәртіпті, инабатты ұстауға тәрбиелеу.

**Кейіпкерлер:** Аяз Ата, Сиқыршы, Мыстан Кемпір (Музыка әуенімен балалар келіп жарты шеңбер болып тұрады)

**Жүргізуші:**

Келді, міне, Жаңа жыл ортамызға,  
Құт-береке әкелсін баршамызға.  
Аңсаған арманымыз орындалып,  
Өміріміз бақытпен толсын нұрға.

Құрметті ата-аналар және әріптестер, сіздерді Жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Біздің бүлдіршіндеріміздің «Қош келдің Жаңа жыл» мерекелік ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

**Ән: «Шыршаға бардық»**

**Жүргізуші:** Өте жақсы балалар. Енді орнымызға жайғасайық Балалар, қараңдаршы қандай әсем шырша. Ойыншықтармен безендірілген. Тек шыршаның шамдары жанбапты. Ол үшін біздің мерекеміздің сөні Аяз Атаны шақырайық. Келіп шыршамыздың шамын жақсын. Кәнекей, ендеше бәріміз бірге Аяз ата

**Балалар:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ау - у - у - у!  
3 - рет

(Музыка әуенімен залға сыпырғышпен ұшып Мыстан Кемпір кіреді)

**Мыстан Кемпір:** О-о-о балақайлар не деп айғайлап жатырсындар? Мені шақырдыңдар ма?

**Жүргізуші:** Мыстан сені кім шақырды? Біз Аяз Атаны шақырып жатырмыз.

**Мыстан Кемпір:** (мысқылдып күліп) е-е-е сендер Аяз Атаны тоспаңдар.

**Балалар:** неге?

**Мыстан Кемпір:** Жылда сендер Аяз Атаны Жаңа жылға шақырасындар. Ал мені ешкім шақырмайды. Сондықтан сендер Аяз Атасыз Жаңа жылды қарсалсын деп, оны қамап кеттім.

**Жүргізуші:** Мыстан, оның не? Аяз Атасыз қандай Жаңа жыл болмақ? Онда Аяз атаны біз өзіміз тауып, босатамыз.

**Мыстан Кемпір:** Сендер оны бәрібір таба алмайсындар.

**Жүргізуші:** Саған өзі не керек?

**Мыстан:** Менің сендерге қояр бір шартым бар. Сендер мені мерекелеріңе қатыстырсандар, сонда мен Аяз Атаны босатамын.

**Жүргізуші:** Балалар, Мыстан мерекемізді тамашаласын ба? Олай болса Мыстан, біздің балалардың Жаңа жыл мерекесіне арнаған өлең жолдарын тыңда.

**1 бала:**

Жаңа жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз,  
Өлең де әзір, ән де әзір  
Ойын да әзір, бәрі әзір,  
Кел, Жаңа жыл біздерге  
Кел, Жаңа жыл Жаңа жыл!

**2 бала:**

Жаңа жылда жаңаша  
Тақпақ айтамыз.  
Болсын риза балаша,  
Әппақ Аяз атамыз.

**3 бала:**

Жаңа жыл, жаңа жыл  
Сені күттім елеңдеп  
Өзіңменен ілесіп  
Аяз ата келер деп.

**Мыстан Кемпір:** Не, Жаңа жылда тақпақ қана айтады ма? Қызықсыз ғой.

**Жүргізуші:** Олай деме Мыстан біздің кішкентай перизат қыздарымыз отыр. Солардың әдемі биін



тамашала

**Перизаттар (фея) биі**

**Мыстан Кемпір:** Билерің жақсы екен. Бұндай биіді бірінші рет көрдім. Билей алады екенсіңдер. Онда мен сендердің қандай мерген екендеріңді тексерейін. Сендермен бір ойын ойнайын.

**«Қар лақтыру»**

**Ойынның шарты:** Екі шелек қойылады. 2-3м ара қашықтықта тұрып, сол шелектің ішіне қаршықтарды лақтыру. (Балалар қарларды Мыстан кемпірге тигізеді)

**Жүргізуші:** Ал енді мыстан Аяз Атаны жібер. Біздің шыршамыздың шамын жақсын.

**Мыстан Кемпір:** Сендер ойында мені ренжітіндер, мені әбден қарға малындырып мазақ етіндер. Сондықтан Аяз Атаны босатпаймын. Жаңа Жылды Аяз Атасыз өткізіңдер. (Мыстан сыпырғышына отырып қашып кетеді)

**Жүргізуші:** Ай балалар қараңдаршы мыстан бізді алдап кетті сөзінде тұрмай. Енді не істесек екен? (Жүргізуші ойланған кейіп танытып тұрып) Балалар, бізге көмектесетін адам бар. Есіме түсті біз көмекке сиқыршыны шақырайық. (Шырша түбінде тұрған құмыраны сипалайды)

(Музыка әуенімен залға Сиқыршы келеді)

**Сиқыршы:** Амансыңдар ма балақайлар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

(Балалар амандасады)

**Жүргізуші:** Салеметсізбе Сиқыршы. Бізге сіздің көмегіңіз қажет болып тұр. Өзіңіз білесіз Жаңа жыл мерекесі басталып кетті. Ал Аяз Ата жоқ. Оны Мыстан кемпір орманда қамап қойыпты.

**Сиқыршы:** Қам жемендер достарым. Қазір мен сиқырымды жасап Аяз атаны босатамын. Қане балалар көзеріңді жұмыңдар. Ахалай- махалай. Сим-салави. (Сиқырлы музыка қосылады)

(Шыршаның артынан аң таң болып мыстан кемпір шығады)

**Мыстан:** Ой, мен жаңа ғана үйімде отыр едім, мына жерге қайдан тап болдым?

**Жүргізуші:** Сиқыршы, Аяз Атаңыз осы ма?

**Сиқыршы таң қалып:** Ай Мыстан саған ренжігенім сондай, ойымда сен тұрдың да Аяз Атаның орнына сені әкеп қойыпшын ғой. Сенің мұның не, балалардың мерекесінің шырқын бұзып. Мен сені осы қылығын үшін қатырып тастаймын. (Сиқыршы ашуланып мыстанды қатырып тастайды, босатады қайтадан қатырып тастайды)

**Мыстан:** Сиқыршы өтінемін мені қайтып қатыра көрме. Мен Аяз Атаны босатамын.

**Сиқыршы:** Балалар, енді алаң болмаңдар Мыстан Аяз Атамызды босатады. Ал Мыстан, менің сиқырымның күші мықты. Енді бізді алдайтын болсаң мен сені мәңгілікке қатырамын. (Мыстан сыпырғышына мініп залдан шығып кетеді)

**Жүргізуші:** Ал біз Аяз ата келгенше әрі қарай көңілімізді көтерейік.

**4 бала:**

Бүгін біз көңілдіміз  
Жаңа жылды қарсы алып  
Мерекеге келіңіздер,  
Құттықтаймыз бәріміз.

**5 бала:**

Жасыл шырша жанында  
Қол ұстасып тұрайық  
Өлең айтып, би билеп  
Мерекені тойлайық

**6 бала:**

Тамаша, тамаша  
Шыршамыз тұр жараса,  
Басында әсем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса

**Сиқыршы:** Ой не деген өнерлі балаларсыңдар.

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар. Ортаға әнші балаларымыз шығып «Жаңа жыл» әнін орындап берсін.

**Жеке ән**

**Сиқыршы:** Аяз атаныңда келетін уақыты болып қалды. Мыстан ендігі Аяз атаны босатқан болар.

**Жүргізуші:** Қане балалар, олай болса Аяз Атаны шақырайық.

**Балалар:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ау - у - у - у!  
3 – рет (Музыка әуенімен Аяз Ата келеді)

**Аяз Ата:**

Құтты болсын, балалар  
Келген Жаңа жылдарың  
Алаңдамай өсіңдер  
Еркелеп қыз, ұлдарым  
Өткен жылы келіп ем  
Бәріңді де көріп ем  
Жыл өткізіп келем деп  
Уәдемді беріп ем  
Ойларың мен бойларың да  
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?  
Ал, мен кіммін айтыңдаршы  
Мені тани алдыңдар ма?

**Балалар:** Аяз ата!

**Аяз Ата:** Мені мыстанның қамауынан құтқарып мына Жаңа жыл мерекесіне келуіме, мына балалардың сенімдерін ақтай білуіме көмектескеніңізге мыңда бір рақмет Сиқыршы досым.

**Жүргізуші:** Аяз Ата олай болса шаршамыздың шамын жағайық.

**Бәрі:** Қуант, бізді, таңырқат  
Шамдарыңды жарқырат! 3 рет

(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

**Жүргізуші:** Міне, керемет, қол ұстасып өнімізді шырқайық.

**Ән: «Кішкентай шырша»**

**Жүргізуші:** Ендеше, Аяз Атаға арнаған өлең жолдарымызды айтайық.

**7 бала:**

Киіндік ұл мен қыз  
Аң болып, жан болып  
Танымай тұрсын деп  
Досымыз таң болып.

**8 бала:**

Ақ қырауға малынған  
Сақалы да, мұрты да  
Аяз ата сағынған  
Сәлем берді жұртына

**Жүргізуші:** Аяз ата Жаңа жылға ормандағы достарымызда келіп отыр. Солардың өнерлерін тамашалайық.

**Ән «Аяз ата»**

**Би «Аңдар»**

**Аяз Ата:** Тамаша. Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерін қандай әдемі! Қәне, енді мен сендермен бір ойын ойнайын.

**Ойын Аяз атамен**

**Жүргізуші:** Аяз ата ойыныңыз сондай қызықты

екен. Балалардың көңілдері көтеріліп, бойлары сергіп қалды.

**Аяз ата:** Қап қу басым ай, бағана мыстаннан қашамын деп дорбамдағы сыйлықтарымды жоғалтып алдым. Енді қайттім? Мындағы сыйлықтар балаларға жетпейді. Сиқыршы досым, сен маған көмектес. Екеуміз бірігіп сиқыр жасап мына сыйлықтарды көбейтейік.

**Ғажайып сәт:** (Кішкентай дорбаны шыршаның артына апарып, ол жерден орташа дорба алып шығады, мынау аз ғой деп қайтадан шыршаның артына апарып салют атып, үлкен дорбаны алып

шығады)






**Аяз Ата:** Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балабақша балаларының өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

**Балалар:** Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!


**Жүргізуші:** Құрметті ата-аналар, балалар осымен Жаңа жылдық ертеңгілігіміз аяқталды. Жаңа жыл жаңа табыс, ырыс береке молшылық әкелсін. Отанымыз тыныш болсын. Келесі Жаңа жылға дейін қош сау болыңыздар! Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.

## ЖАЛБЫЗ – ЕМДІК ӨСІМДІК

**Жаксыбаева Куралай Бодеевна**  
№4 ЖББОМ  
Қарағанды облысы Теміртау қаласы

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	5.05. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	1. Мәтін мазмұнын түсінеді; 2. Нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады; 3. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрады.	
<b>Бағалау критерийі</b>	1. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды, сұрақтар құрастырады. 2. Мәтін мазмұнына сәйкес карта толтырады; 3. Мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құрады.	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Ментол, парфюмерия, кондитер, эфир майы сөздерінің мағынасын ашады.	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	• Құрмет; Ынтымақтастық; • Өмір бойы білім алу.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Жаратылыстану, информатика	
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыруға байланысты білімдері бар.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>	<p><b>Психологиялық жаттығу</b> Әркім қай тілде амандасу біледі, солай амандасып, бір біріне доп беру арқылы сәттілік тілейді. <b>«Мен үшін маңызды жағдай» таңдау арқылы топқа бөлу:</b> «Жылу», «Жарық», «Су», «Топырақ» сөздері жазылған карточкалар арқылы бөлінеді. <b>Оқылымалды тапсырмасы:</b> «Болжау» әдісі Суреттер және топ атаулары бойынша жаңа сабақтың тақырыбын анықтау.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p>1</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>2</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>3</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>4</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>5</p> </div> </div> <p>• 3, 4, 5 суреттерден нені байқауға болады? • Мына кәмпитті кім жеп көрді? Дәмі, атауы туралы не айтар едіңдер? • Егер дәрінің, кәмпиттің құрамында болса, қандай өсімдік болуы мүмкін? • Топ атаулары неліктен Жылу, жарық, топырақ, су деп алынды деп ойлайсыңдар? • Ментол, парфюмерия, косметика, кондитер, эфир майы деген сөздерді естідіңдер ме? Мұғалім оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбын хабарлап, жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді, бағалау критерийімен таныстырады.</p>	<p>Доп</p> <p>Суреттер интерактивті тақтада бір-бірлеп көрсетіліп отырады.</p> <p>Критерий таратылады</p>



<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p><b>Оқылым тапсырмасы:</b> Мәтінді оқып, мағынасын түсініп алыңыз. Оқи отырып, семантикалық картаны толтырыңыз. Басқа тілден енген сөздердің астын сызыңыз. Ақпараттар бойынша 3 сұрақ құрастырыңыз.</p> <p>Дәрілік өсімдіктерді бірі - жалбыз. Ол - хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанда жалбызды 9 түрі өседі. Сабағы тік, жапырақтары қарама-қарсы орналасқан. Оны дала жалбыз, су жалбызы, бұйра жалбыз, кермек немесе бұрыш жалбыз секілді ма ызды түрлері бар. Дала жалбызы суармалы жерлерде, өзен, көл, бұлақ ма ында, шалғындықтар мен тоғайларда, арық бойында өседі. Оны сабынны иісін жақсарту үшін пайдаланады, дәрілік те ма ызы бар. Ал кермек жалбызды жапырағы мен гүл шоғынан жалбыз эфир майы алынады. Бұл майды негізгі құрам бөлігі - ментол. Ментол парфюмерия, косметика, кондитер, тамақ өнеркәсібінде, сондай-ақ тіс порошогы мен пастасын жасауда пайдаланылады. Жүрек тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі Валидол осы ментолдан алынады. Жалбыздың емдік қасиеті ертеден мәлім. Жалбыз өсімдігінің құрамында адам ағзасына пайдалы заттар мол. Соның екі қасығын араластырып, күніне бір шай қасықтан үш рет екі ай ішсе, жүрек ауруының бәріне ем. Сондай-ақ оны бүйрек пен бүйрек түбекшесі, бауыр мен өт жолының қабынуына қарсы қолданады. Демікпе сырқатын жазып, өкпенің тыныс алу жолдарын тазартады. Булығып жөтелгенді тиып, қарлыққан дауысты ашады. Ал, соңғы кезде жалбыз тұнбасын іштің кебуін басатын, бойға күш-қуат беретін дәрі ретінде қолданып жүр. Жалбызды басқа дәрілік шөптерге қосып өкпе туберкулезін де емдей бастады. Жалбыз қосылған шәй жүрек ауруымен ауыратындарға, тамақтан уланғанда, асқазан-бауыр ауруымен ауырғандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға өте пайдалы. Бас ауырғанда, қатты ашуланғанда ішу керек. Қорыта айтқанда, жалбыздың адам ағзасын тазалаудағы орны ерекше. Бұл өсімдік дәрі және құрғатылған шөп дәрі ретінде де дәріханаларда қол жетімді бағада сатылады.</p> <p><b>1. ЖЖ. «Әңгімелесетін әріптестер» әдісі</b> (ішкі және сыртқы шеңберде тұрып, жұпта бір біріне сұрақтарын қояды, жауап береді)</p> <p><b>ҚБ: «Бас бармақ»</b> (Оқушылар бір-бірі бағалайды).</p> <p><b>2. Ж.</b> Семантикалық картадағы өтірік, шын сұрақтар арқылы мәтін мазмұнын түсінулері анықталады:</p> <table border="1" data-bbox="459 1395 1230 1694"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>сұрақтар</th> <th>иә</th> <th>жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Жалбыз емдік қасиеті бар өсімдік.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Жалбызды тамақ өнеркәсібінде, медицинада, парфюмерияда қолданады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Жалбызды қайнатып ішуге болмайды.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>Қазақстанда жалбыздың 19 түрі кездеседі.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>Асқазан-бауыр ауруымен ауырғандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға пайдалануға болмайды.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	№	сұрақтар	иә	жоқ	1	Жалбыз емдік қасиеті бар өсімдік.			2	Жалбызды тамақ өнеркәсібінде, медицинада, парфюмерияда қолданады.			3	Жалбызды қайнатып ішуге болмайды.			4	Қазақстанда жалбыздың 19 түрі кездеседі.			5	Асқазан-бауыр ауруымен ауырғандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға пайдалануға болмайды.			6	Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды.			<p>Таратпа парақтар, семантикалық карта</p> <p>Үлестірмелі парақтар</p>
№	сұрақтар	иә	жоқ																											
1	Жалбыз емдік қасиеті бар өсімдік.																													
2	Жалбызды тамақ өнеркәсібінде, медицинада, парфюмерияда қолданады.																													
3	Жалбызды қайнатып ішуге болмайды.																													
4	Қазақстанда жалбыздың 19 түрі кездеседі.																													
5	Асқазан-бауыр ауруымен ауырғандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға пайдалануға болмайды.																													
6	Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды.																													
	<p><b>ҚБ. «Күлегештер»</b> арқылы бағалау</p> <p><b>Оқылымнан кейінгі тапсырма:</b></p> <p><b>ТЖ. «Кластер» әдісі</b> (сұрақ жауап кезінде қамтылмаған ақпараттар бойынша жүргізіледі)</p> <p>Сонымен жалбыз туралы не білдік?</p> <div data-bbox="459 1855 673 2015" style="text-align: center;">  </div> <p><b>ҚБ «Жапон» әдісі</b> қолданылады.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты табады, топтастырады;</p> <p>2. 3 сұрақ дайындайды;</p>																													

	<p>3. Семантикалық картаны дұрыс толтырады.</p> <p><b>Жазылым тапсырмасы:</b> Мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері қамтылған жоспар құрады.</p> <p><b>Барлығы</b> Жоспардың сұлбасы мен тірек сөздердің тиістісін іріктеп қолдану арқылы жоспар құрады.</p> <p><b>Кіріспе бөлім</b> _____</p> <p><b>Негізгі бөлім</b> _____</p> <p><b>Қорытынды бөлім</b> _____</p> <p><b>Берілетін тірек сөздер:</b> Дәрілік өсімдік, сабағы тік, дала жалбыз, эфир майы, жалбыздың қасиеті, жалбыздың қолданылуы, парфюмерия, косметика, іштің кебуін басады, туберкулезді емдейді, емдік қасиеті, жүйке жүйесі, дәріхана, аурудың алдын алу.</p> <p><b>Көпшілігі</b> Берілген сұлба бойынша жоспар құрады:</p> <p><b>Кіріспе бөлім</b> _____</p> <p><b>Негізгі бөлім</b> _____</p> <p><b>Қорытынды бөлім</b> _____</p> <p><b>Кейбіреуі</b> Өз бетімен жоспар құрады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. Мәтінді бөліктерге бөледі; 2. Мазмұны бойынша қарапайым жоспар құрады.</p> <p><b>ҚБ. Түрлі-түсті жұлдызшалар</b> арқылы бағаланады.</p>	<p>Парақтар, маркерлер</p> <p>Таратпа карточкалар</p>
<b>Сабақтың соңы</b>	<p>Рефлексия</p> <p>«Таңдау» әдісінде бес пікір жазылған парақ беріледі.</p> <p>1. Мен сабақ қызықты, қызықсыз болды деп ойлаймын.</p> <p>2. Мен сабақта: көп нәрсені үйрендім, үйренгенім аз болды.</p> <p>3. Мен басқаларды мұқият зейінсіз тыңдадым.</p> <p>4. Мен пікірсайыстарға жиі сирек қатыстым.</p> <p>5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын риза емеспін.</p>	Таратпа парақтар
<b>Саралау:</b> саралау сабақтың ортасында жазылым тапсырмасы бойынша жоспар құру кезінде жүзеге асырылады.	<b>Бағалау:</b> күлегештер, «жапон әдісі», «бас бармақ» әдісі, түрлі-түсті жұлдызша	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау. Топқа бөліну кезінде, интер-белсенді тақтаны қолдану кезінде қауіпсіздік сақталады.
<b>Сабақ бойынша саралау әдісімен қолдау көрсетемін.</b>	Топтастыру әдісі, семантикалық карта және мәтінге жоспар құру бойынша тексеріледі.	

## ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

**Шулембаева Замзагуль Маратқызы**

Бастауыш сынып мұғалімі

Ақбауыр негізгі орта мектебі

Шет ауданы Қарағанды облысы

**Сабақтың мақсаты:** Табиғат құбылыстары туралы түсініп біледі.

**Міндеттері:** -оқушылардың дене, зат туралы алған білімдерін тиянақтау;

-табиғат құбылыстары жөнінде мағлұматтар беру, түсіндіру;

-өз ойларын тиянақтап айтуға дағдыландыру, танымдық белсенділіктерін арттыру, шығармашылық жұмыс жасауға, ізденуге үйрету;

-қоршаған ортаны аялауға баулу.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, ой қозғау, топтастыру, баяндау, рөлге ену.

**Көрнекілігі:** суреттер (табиғат құбылыстары),

үлестірмелі қағаздар.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, әдебиеттік оқу.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру бөлімі.**

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын байқау. Психологиялық дайындық.

Табиғат - біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Табиғатты қорғайтын,

Біз әдепті баламыз.

Жер байлығы көп екен,

Меңгеруді қалайды.

Осының бәрін меңгертер,

Дүниетану сабағы.

2. Таратылған қағаздардың түсіне қарай оқушыларды 4 топқа бөлу.

1 - топ - жасыл түс - «Көктем»

2 - топ - қызыл түс - «Жаз»

3 - топ - сары түс - «Күз»

4 - топ - көк түс - «Қыс»

3. «Ойлан, тап!» ойыны.

Әр топ басқа топ оқушыларына ауа-райына байланысты сөз жасырады. Яғни, өздеріне берілген табиғат құбылыстарының бірін суреттейді. Келесі топтың міндеті - сол құбылысты табу.

Көктем - тұман, жаз - найзағай, күз - жаңбыр, қыс - боран.

### III. Жаңа сабақ. Ой қозғау.

4. Әр топ өздеріне берілген жыл мезгілдеріне сәйкес табиғат құбылыстарын таңдау.

1-топ «Күз»

2-топ «Қыс»

3-топ «Көктем»

4-топ «Қыс»

Жаңбыр, бұршақ, қар, боран, күннің күркірі, найзағайдың ойнауы, шық, қырау, бұлт, тұман, жыл мезгілдерінің ауысуы, көктің шығуы, жапырақтың сарғаюы, мұздың қатуы, мұздың еруі, жаңбырдың жаууы, күннің жылуы, т. б.

5. Енді осы таңдаған табиғи құбылыс бойынша рольге еніп, шағын әңгіме жазыңдар (жеке жұмыс) әр топтан 2-3 оқушыға оқыту.

#### Сергіту сәті

Жаңбыр жауды - тырс<sup>2</sup>,

Боран соқты - гу<sup>2</sup>,

Жел тұрды - ыли<sup>2</sup>,

Найзағай ойнайды - тарс-тұрс.

#### 6. Мәтінмен жұмыс

Әр топқа мәтін беріп, оқушылар мәтінмен танысады, сол мәтінде берілген табиғи құбылыстар бойынша сурет салу.

Қысқы кеш Мұқан Иманжанов

Ішін тарта, сұрлана боран соғып тұр. Кейбір үйдің терезесінен, кей үйдің маңдайшасынан жылтырап көрінген электр шамы болмаса, ауыл ақ қар жамылып, түн құшағына бұғып, мүлгіп қапты. Түтеген бораннан қыбырлаған жан, қарайған бұта көрінбейді. Жалғыз-ақ ысқырынған желден үркіп, жаяу борасын үйден-үй, төмпешіктен-төмпешік қуып, жыландай суман қағып, дамылсыз аралап жүр. Кейде ол қақпаға үйіріле соғып, сөл толастап кідіреді, кейде құтырынып, ақ шашын көкке будақтатып, екінші тұстан бұрқ етеді де, күшейген желден бел алып, қайтадан сумандай, әр үйдің әйнегін тырс-тырс қағады.

Жазғытұры Абай

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырған жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түй боздап, қой қоздап - қорада шу,

Көбелек пен құстар да сайрады ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су.

Кешкі дөң басында Мұхтар Әуезов

Жаздың жайлы кеші. Бойды сергіткен қоңыр салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп таудан асып, ұясына кіріп барады. Жұқалаң ұзынша көп бұлт қызыл сендей болып, батар күнді ентелеп қамап тұр. Қара-көк тұңғиық аспан күн батысқа тақаған кезде қызыл торғындай толқындады. Кейбір жерлерде қызулы өрттің жалынындай жайнайды. Күннің ақырғы сәулесі түсіп тұрған - тау бастары.

Олар көлеңке басқан қоңыр жердің алтын шатырындай нұрланып қызылданады.

Күз Міржақып Дулатов

Күз келді. Күн қысқарып, түн ұзарды. Аспаннан бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр. Күн сирек көрініп, аз жылытады. Анда-санда таңертең салқын болып қояды. Өткір суық жел арық малды, жұқа киімдіні тоңдыра бастады. Жұрт күземін алған, киізін де басып алған. Маса, шыбын, құрт-құмырсқа жоқ болып кетіпті, құстар да жылы жаққа ұша бастады. Қарлығаштар көптен көрінбейді. Аспанда тырналар да тізіліп ұшып барады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп, шөптер де құрап қалған. Егіншілер астығын жинап алып, шабындыда әр жерде ғана жаңбырға сарғайған шошақтар тұр, оларды да иелері тасып алуға шана жолын күтіп отыр.

7. Бейнебаян тамашалау.

8. Суреттермен жұмыс.

Жер сілкінісі, сел, дауыл, қар көшкіні берілген суреттерді 4 топқа таратып беру.

Әр топ берілген сурет бойынша өзара ойларын ортаға салады.

- Бұл табиғат құбылыстары қалай аталады? Олар неге қауіпті? Олардың зардабы мен нәтижесі қандай болады? Табиғат апаты кезінде өзіңді қалай ұстайсың?

«Көктем» тобы селдің жүруі туралы айтады.

«Жаз» тобы дауылдың соғуы туралы айтады.

«Күз» тобы жер сілкінісі туралы айтады.

«Қыс» тобы қар көшкіні туралы айтады.

Рефлексия

**Үйге тапсырма:** 40-41 бет оқу, әңгімелеу, табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақ, мақал мәтел жинастыру.

**Бағалау.**

Әр топтағы балалардың еңбегін бағалау.

(Күн, бұлт, тамшыларды сана)



## «БҮРЛЕУ»

Хамзина Агайша

Оқыту өндірістік шебері БҚИК  
БҚО Орал қаласы



**Сабақтың мақсаты:**

1. Оқушыларға жонғыш білдекте бүрлеуді үйрету.
2. Оқушылардың өз мамандықтарына сүйіспен-

шілігін, ойлау және іздену қабілеттілігін дамыту.

3. Жұмысты ұқыптылықпен атқаруға және техника қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.

4. Саналы еңбектегі төртіпті сақтау.

5. Өзін-өзі бақылауға, басқалармен қарым-қатынас жасауға үйрету.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ мультимедиялық тақтаны қолдану.

**Сабақтың әдісі:** жаңа сабақты компьютер технология арқылы түсіндіру және машықтықпен бекіту.

**Сабақтың көрнекісі:** Сабақ жоспары, мульти-

медиялық тақта, сабақтың тақырыбы бойынша плакаттар, кескіштер, жонғыш білдек, аунақшалы бұрлегіш, штангенциркуль, дайындама, тетік эталоны, эмульсия, щетка-сметка, ветошь.

**Өндірістік оқыту жұмысының көлемі: Білік.**

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру бөлімі:**

- Оқушылар мен амандасу.
- Оқушыларды түгендеу, түрін тексеру.

**II. Сабақтың құрылымы:**

1. Сабақтың тақырыбын және мақсатын хабарландыру.
2. Оқушыларға өткен тақырыпты меңгерту (сұрақ - жауап).

**Сұрақ: Беттердің таза өңдеу тәсілдері ата?**

**Жауап:** Бабына жеткізу, ысқылау, алмасты тегістеу, бұрлеу, қажаяу қағазымен өңдеу.

**Сұрақ: Қолданатын қосымша құралдарды ата.**

**Жауап:** Ұш жұдырықты патрон, центрлер (Айналмалы, айналмайтын)



**Сұрақ: Беттерді таза өңдеу кескіштердің түрлерін ата.**

**Жауап:** Тілікті ысқыш, алмасты кескіштер, қажаяуқағазы, бір аунақшалы және екі аунақшалы ұстағыш.



**қысқалай ата.**

**Жауап: 1. Жұмысқа дейінгі техника қауіпсіздігі.**

**2. Жұмыс кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережесі?**

**3. Жұмыстың соңындағы техникалық қауіпсіздік ережесі?**

**3. Жаңа тақырып түсіндіру.**

Өндіріс оқыту шеберінің сөзі: Бүгінгі сабақтың тақырыбы бойынша біздер бұдыр беттерді алу процесін бұрлеу деп ағайды, ол кертпелі аунақшалары. Бұрленген беттер түрлі тетіктерде кездеседі. (Болт, сомын, тұлке, ұстатқыш.)

Жегіл бұрау үшін болт, сомын тетіктерде кеңінен қолданады. Темір ұста шеберлері жөндеу кезінде кеңінен қолданады.



**Аунақшалы бұрлегіш;**

**1-ұстағыш**

**2-аунақша**

**3-ось**

**4-тіреуіш мойынтірек**


**5-ернемек**

**6-шарикті мойынтірек**

**7-төлке**

**8-сомын**

Білдек құралкүймешігінің кескішұстағышында жай бұрлеуішке арналған бір аунақша немесе қиғаш бұрлеуішке арналған екі аунақша орнатылған ұстағыш бекітілді. Аунақшаларды бедерлі аспаптық шыныққан болаттардан дайындалады.



**Бұрлеген кезінде іздердің жасалуы**



Бұрлеу кезінде құралкүймешікпен бірге аунақшаларды айналып жатқан дайындамаға өкеледі және оларды материалға басып енгізеді, дайындамалар беттеріне бұдыр жасай отыра. Суретте бір аунақшалы ұстатқышпен өңдеу әдісін көрсетілген. Бір аунақшамен түскен пішіндер.



Осы кезде аунақшалар тістері келесі айналымдарда өздері жасаған кертпелерге түсетіндігін тексеру қажет. Аунақшалар бұрленетін беттерге параллельді орналасу қажет. Суретте екі аунақшалы ұстатқышпен өңдеу әдісін көрсетілген. Екі аунақшамен түскен пішіндер.



Жұмыс алдында аунақшаны металл қалдықтарынан сымы бар қылшықтарымен мұқият тазардады, ал жұмыс уақытында ұршық немесе машина майымен шылқытып майлайды. Бұрленетін тетіктердің шенбер жылдамдығы жұмсақ болаттарды өңдеу кезінде 10-15м/мин тең, 20-25м/мин қатты болаттарды, 25-40м/мин - жездерді, 80-10м/мин-алюминдерді. Аспаптың бойлық берілісі болаттарды өңдеу кезінде 1-1,5мм/ай тең, 1,5-2,5мм/айн – қоғалар, 2- 5,5мм/айн – жездер мен алюминилерді.

1. Дайындаманы алғы тупайға қатты қысу қажет.

2. Артқы тупайға центрды дурыс бегіту қажет.

3. Уақытында станокты тоқтату, сож қолдану қажет.

Пробный жұмыс беру. Тетіке бұдыр бұрлеуді үйренуге 4 сағат.

Құралдар, дайындама станоктың бойында.

**Машықтық бөлім.** Жаңа тақырыпты меңгерулеріне байланысты еңбек қолданысының амалдарын көрсетемін. Оқушыларға білдекте бұдырға бұрлеуді түсіндіремін, көрсетемін. Тетіке бұдыр бұрлегенде бір немесе екі аунақша ұстағышты, центрлерді қолданамыз. Дайындаманы алғы топайға үш жұдырықты патрон арқылы және артқы топайдын пиноліна айналмалы орталық арқылы бекітеміз. Одан соң кескіш ұстатқышқа бір немесе екі аунақша ұстағышты бекітіп бұрлейміз. Бұрлеген кезде машина майын қолданамыз. Бұрлеген көзге көзілдірік кию қажет, жонғышқа көзілдіріксіз жұмыс істеуге болмайды. Бұрлегенде

техника қауіпсіздігін сақтау қажет. Сабақ құрылымындағы жаңа тақырыпты бекіту. Жаңа тақырып бойынша тапсырмалар беру.

**III. Жұмыс кезіндегі құрылымы.** Оқушылар өз беттерімен жоңғыш білдегінде машықтық тапсырманы жонады, технологиялық үрдісті қолданып білікке бүдірді бүрлейді. Жұмыс барысында орындарын тексеріп, жеке құрылым өткіземін. Егер оқушылар бірдей қате жіберсе, топты жинап құрылым өткіземін, жоңғыш білдекте білік бүрлеу технологиясын қайталап жонып көрсетем. Қажет болса жеке оқушыға күнделікті құрылым өткізем. Жұмыс барысында техника қауіпсіздігін сақтауға назар аударам. Жұмыс орнын қарап ұйымдастырып, дайындаманы, тетік және кес-

кіштерді арнайы орнындажату қажет.

Жаңқаны үріп түсіруге болмайды, щетка қолдану қажет.

**IV. Бекіту құрылымы.**

1. Өндірістік оқыту сабағын қорытындылау.
2. Оқушыларды жақсы жұмыс көрсеткені үшін бағалау.
3. Оқушылардың жұмыс барысында жіберген қателіктерін көрсету, болдырмау тәсілдерін үйрету. Оқушылардың бағасын, не үшін алғанын түсіндіру.
4. Сонымды өндеу кезіндегі жұмыс уақытын және еңбек амалдарын тиімді пайдалану.
5. Үйге тапсырма беру. Конспект.
6. Жұмыс орнын жинау.




# ӘНГІМЕ ОҚИМЫН. СӨЙЛЕМ




Сарина Данагүл Қабдырашқызы


Бастауыш сынып мұғалімі

№4 негізгі мектебі

Ақмола облысы Целиноград ауданы Қажымұқан ауылы

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндеріндегі ақпаратты сурет, сызба белгілер қолданып жеткізу. 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою. 1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер, мәтін құрастыру және жазу.	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушы:</b> Әңгімені оқиды. Сұраққа жауап береді. Сөйлемді таниды. <b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Сөйлем түріна ажыратып, тиісті тыныс белгілерін қоя алады. <b>Оқушылардың кейбірі:</b> Тыңдаған мәтінді жалғастырып, сөйлемді түрлеріне қарай ажыратады. Сызбаға сөйкес сөйлем құрайды.	
<b>Бағалау критерийлері</b>	1) Оқыған, тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба белгілерін қолданып жеткізеді. 2) Сөйлемді бас әріптен бастап жазатынын біледі. 3) Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қояды. 4) Сызбаларды қолдана отырып жай сөйлемдер/мәтін құрастырады.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Жұптық, топтық жұмыстарда бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасау.	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Дүниетану	
<b>Бастапқы білім</b>	Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, мәтін құрастыру.	
<b>Сабақ барысы</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы 5 мин.	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> А) Сәлемдесу Ә) Түгендеу Б) Сабаққа назарын аудару <b>Шаттық шеңбер.</b> Қуанамын менде Қуанасың сенде Қуанайық бәріміз Арайлап атқан таңға В) топқа бөлу: 1-топ: «Қасқыр». 2-топ: «Аю». 3-топ: «Қоян». Қораптың ішінен қасқырдың, аюдың, қоянның суреттерін алу арқылы топқа бөлу</p>	Қасқыр, аю, қоян
	  	

<p>Сабақтың ортасы 25 ми</p>	<p><b>1-жаттығу ҰЖ</b> Балаларға суретті көрсету. -Балалар мынау қай ертегі кім біледі? -Ал балалар онда бәріміз ертегіні мұқият тыңдайық. <b>«Бауырсақ»</b> ертегісі арқылы тыңдалым, айтылым дағдысын қалыптастыру мақсатында мәтін тақырыбын қайталау, сөйлем тақырыбын қалыптастыру. • Ертегі АКТ бойынша жартысы тыңдатылады. • Ертегі немен аяқталғанын білгің келе ме? Сен қалай аяқтар едің? • Оқушы өз ойымен ертегіні аяқтайды./яғни сөйлем ойлау арқылы өз ойын жеткізеді/ Дәптермен жұмыс</p>	<p>Слайд</p>
	<p><b>2- жаттығу ЖЖ</b> Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді көшіру. <b>Жаңа тақырыптың тақырыбын ашу үшін ребус шешу.</b> Ребус шешу</p> <div data-bbox="422 631 876 906" style="text-align: center;"> <p>Сағат .... өрік ... ай</p>  <p>Лақ.. етік ... мысық....</p>  </div> <p>Шешуі: Сөйлем Балалар ребустың шешуін таптық. Ендеше біздің өтетін тақырыбымыз «Сөйлем» <b>Ережені таныстыру</b> Сөйлем-аяқталған бір ойды білдіреді. Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен бастап жазылады. Сөйлемнен соң не нүкте(.), не сұрақ белгісі (?), не леп белгісі(!) қойылады. <b>Мысал келтіру.</b> <b>1-тапсырма Т.Ж. (Топтық жұмыс)</b> <b>«шашылған дыбыстар»</b> 1-топ: қ ы р а с у а б (Бауырсақ) 2-топ: і к л ү т (түлкі) 3-топ: р ы қ с а қ (қасқыр) <b>Дескриптор</b> -Дыбыстардан сөз құрайды. -Сөйлем құрап айтады. «Отшашу» арқылы қошемет көрсету. <b>3-жаттығу ЖЖ</b> Көркем жазу <b>4-жаттығу Т.Ж.</b> <b>Тапсырма: Сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқы және суретпен сәйкестендір.</b> -Маған бауырсақ пісіріп берсеңші. -Неден пісірейін? -Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Сөйлем соңында қандай тыныс белгісі қойылған?</p>	<p>Слайд</p> <p>Кеспе әріптер</p>
	<div data-bbox="422 1710 779 1871" style="text-align: center;">  </div> <p><b>Дескриптор</b> 1) Сөйлемдегі сөздер бөлек-бөлек жазылатынын біледі. 2) Сөйлем құрап, талдап айта алады. Топтар бір-бірін бармақ әдісімен бағалайды. <b>Ширату жаттығуы.</b> Орнымыздан тұрамыз, Алақанды соғамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып аламыз.</p>	

	<p><b>5-жаттығу</b>  <b>Дәптермен жұмыс</b>  <b>Тапсырма:</b> Сызбаға сәйкес сөйлемдер құрап жазу.  <b>Дескриптор</b>          -Хабарлы сөйлемге сөйлем құрап жазады.          -Сұраулы сөйлемге сөйлем құрап жазады.          -Лепті сөйлемге сөйлем құрап жазады.</p> <p><b>6-жаттығу Ж.Ж</b>  <b>Тапсырма:</b> Төмендегі сөздерді сөйлесуде пайдаланып көр.          1-топ: Ас болсын! 2-топ: Ауыз тиіңіз! 3-топ: Дәм алыңыз!  <b>Дескриптор</b>          -Сөздерді қолданып, диалог құрастырып айтады.          -Жұппен жұмыс жасайды.          Бағдаршам арқылы топтар бір-бірін бағалайды  <b>Миға шабуыл</b>          Сөйлем дегеніміз не?          -Сөйлем неден құралады?          -Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады?          -Сөйлемнен соңына қандай тыныс белгісі қойылады?          -Сөйлемнің бірінші сөзі қандай әріптен басталып жазылады?</p>	Қоянның суреті Атаның суреті Апаның суреті																								
Сабақтың соңы 5 мин.	 <p><b>Білемін Білгім келеді Білмеймін/</b> смайликтерді топқа бөлгендегі суреттерін жапсырады.</p>	Смайликтер																								
Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? 5 -м	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? 5- мин.	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы.																								
Грамматикалық тапсырма. <b>Кітап</b> сөзіне берілген тыныс белгілер арқылы /, ? , !/ сөйлем құрастыр  2) <b>Сурет</b> бойынша сөйлем құрастыр.	<p>1. Мұғалім бағалайды. Бағалау парақшасы</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Аты-жөні</th> <th>Сөз құраст.</th> <th>Дыбыст талд.</th> <th>Сөйл. Құраст.</th> <th>Сөзд.бөлек жазылуы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td>+</td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> </tr> </tbody> </table> <p>2. Жұптар бір-бірін бағалайды. (Түрлі түсті бағдаршаммен) Жасыл-5, Сары-4, Қызыл-3 3. Топтар бір-бірін бағалайды. (Екі жұлдыз, бір тілек) Топтар екі жақсы жағын айтады, бір тілегін айтады.</p>	№	Аты-жөні	Сөз құраст.	Дыбыст талд.	Сөйл. Құраст.	Сөзд.бөлек жазылуы	1		+		+	+	2			+			3		+			+	Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтарын айту.
№	Аты-жөні	Сөз құраст.	Дыбыст талд.	Сөйл. Құраст.	Сөзд.бөлек жазылуы																					
1		+		+	+																					
2			+																							
3		+			+																					



**Щукина Н.Ю.**  
 Воспитатель высшей категории  
 ГККП «ясли-сада №22  
 санаторного типа для  
 тубинфицированных детей  
 города Павлодара»

**Мақсаты/Цель:** Умение рассказывать сказки по иллюстрациям.

**Міндеттері/Задачи:** Учить детей передавать характер образа сказочного героя. Побуждать ребенка на выражение собственных чувств и мыслей. Закрепить знание детьми сказок; умение от-

гадывать загадки. Развивать умение понимать схематические обозначения сказочных героев. Обогащать речь детей образным языком устного народного творчества и детской художественной литературы. Воспитывать нравственные качества на основе понимания смысла произведения, взаимоотношений героев.

**Демонстрациялық материал/демонстрационный материал:** Клубок ниток, вырезанные цветы (с загадками), фланелеграф, мольберт, телевизор, иллюстрации к сказкам, книжки (р.н.сказки), сундучок с предметами из сказок (колосок, ложка, пирожок, скалочка, рукавичка), иллюстрации к

## «ПУТЕШЕСТВИЕ ПО СКАЗКАМ»

этим сказкам, игрушка лисы, «волшебная книга» с иллюстрациями, тантамареска «Лиса», магнитофон.

Үлестірмелі материал/Раздаточный материал: картинки-отгадки (на фланелеграфе), герои из этих книжек (настольный театр), тарелочка с героями

сказок на колечках (по количеству детей).

Сөздік жұмыс / словарная работа: клубочек, иллюстрации, сундучок, колосок.

Билингваль құрауыш / Билингвиальный компонент: цветы - гүлдер, лиса - түлкі, медведь - аю, волк - қасқыр, снегурочка - ақшақар.

Іс-әрекет бөлімдері Этапы деятельности	Тәрбиешінің іс-әрекеті Действия воспитателя	Балалардың іс-әрекеті Деятельность детей
Мотивационно-побудительный	<p>Задаёт детям вопросы: –Ребята, а вы любите сказки? А какие бывают сказки? А какие народные сказки вы знаете? Предлагает отправиться в путешествие по сказкам. «Предлагаю вам сегодня отправиться в путешествие по сказкам. А дорогу нам покажет вот этот волшебный клубочек. (Бросает клубочек на цветочную поляну.)</p>	<p>Отвечают на вопросы: -Да. Сказки бывают народные и авторские. Называют народные сказки. Соглашаются, радуются. Вместе с воспитателем идут за клубочком, поднимают его и смотрят по сторонам. Предполагают, куда пришли. Высказывают свои мысли.</p>
Организационно-поисковый	<p>Удивляется, говорит: «И куда же он нас привёл? <b>На цветочную полянку.</b> А как цветы по-казахски? А цветочки не простые – они с загадками, а загадки все из сказок. Сейчас мы посмотрим, хорошо ли вы знаете сказки. На полянке есть загадки Отгадайте без подсказки Называйте, посмейей Этих сказочных друзей!» Предлагает детям по одному подать цветочек (самый большой, красный, самый маленький, розовый, голубой и т.д.) Берёт по одному цветку и загадывает загадку, предлагает отгадку разместить на фланелеграфе. 1. Покупала самовар, А спасал её комар. 2. И зайчонок, и волчица – Все бегут к нему лечиться. 3. В гости к бабушке пошла, Пироги ей понесла. Серый волк за ней следил Обманул и проглотил. 4. Отвечайте на вопрос: Кто в корзине Машу нёс, Кто сажился на пенёк И хотел съесть пирожок? Спрашивает: -Как медведь по- казахски? 5. Убежали от грязнули Чашки, ложки и кастрюли. Ищет их она, зовёт, И в дороге слёзы льёт. 6. Красна девица грустна, Ей не нравится весна, Ей на солнце тяжко, Слезы льет бедняжка. -А как по-казахски Снегурочка? 7. На двери он глядит в тревоге, Умывальник хромоногий, Всех мочалок командир В чудесной сказке... Благодарит детей: «Какие ребята молодцы, всех сказочных героев отгадали». Предлагает продолжить путешествие: «А теперь снова в путь, бросаем клубок...» Объявляет: «Здесь экран волшебный есть, Сказок тут не перечесть!» Предлагает угадать сказку (по телевизору), показывает слайды -Какой эпизод сказки вы видите? -Что было до? -Что было после?</p>	<p>Повторяют за воспитателем: на цветочную полянку. Называют цветы по-казахски: -гүлдер. Рассматривают цветы, угадывают, про какой цветок говорит воспитатель и приносят этот цветок воспитателю (по одному).  Отгадывают загадки, находят отгадки-картинки (сказочные герои на фланелеграфе) и размещают их на фланелеграфе.  (Муха-цокотуха)  (Айболит)  (Красная Шапочка)  (Медведь) Отвечают: -аю  (Федора)  (Снегурочка) Отвечают: - ақшақар  (Мойдодыр) Идут за клубочком и подходят к телевизору. Садятся на стульчики, смотрят слайды. Угадывают сказку, называют эпизод сказки. Рассказывают, что было до этого эпизода и после.  Делают гимнастику для глаз. Проговаривают слова и выполняют движения глазами в соответствии с текстом. Идут за воспитателем с клубочком, удивляются, что по пали в страну книжек. Выбирают сказочных героев из разных сказок и выставляют</p>



	<p>Проводит гимнастику для глаз.  <b>Гимнастика для глаз.</b>  Открываем глазки - раз,  А зажмуриваем - два.  Раз, два, три, четыре,  Раскрываем глазки шире  А теперь опять сомкнули,  Наши глазки отдохнули.  Продолжает занятие:  «Бросаем снова клубочек, куда же он нас приведёт? Мы попали в страну книжек!»  Предлагает помочь сказочным героям встретиться в своей книжке.  Проводит физминутку.  «В круг вставайте дружно,  В сказки поиграть нам нужно!»  <b>Физкультурная минутка «Сказки»</b>  Мышка быстренько бежала,  Мышка хвостиком виляла,  Ой, яичко уронила.  Посмотрите-ка, разбила!  Вот ее мы посадили,  И водой ее полили.  Вырастала репка хороша и крепка! А теперь ее потянем, и из репы кашу сварим!  И будем мы от репки здоровые и крепкие!  Предлагает продолжить путешествие по сказкам.  «Отдохнули мы немного, покажи нам путь-дорогу» (бросает клубочек).</p>	<p>их возле своей книжки (фигурки из конусного театра).</p> <p>Проговаривают слова и выполняют движения в соответствии с текстом физминутки.</p> <p>(бег на месте)  (имитация движения)  (наклониться, «поднять яичко»)  (показать «яичко» на вытянутых руках)  (наклониться)  (имитация движения)  (развести руки в стороны)  (имитация движения)  (имитация еды)  (показать «силу»).</p> <p>Продолжают путешествие.</p> <p>Рассматривают сундучок.  Дети по желанию подходят к сундучку, достают предмет (пирожок, скалочка, рукавичка, колосок, сыр) и называют сказку.</p>
<p><b>Рефлексивно-корректирующий</b></p>	<p>Сообщает:  «Мы оказались на волшебной полянке, посмотрите, какой красивый сундучок здесь есть».  Проводит игру.  <b>Дидактическая игра «Узнай сказку по предмету»</b>  Обращает внимание детей, что в сундучке находятся предметы из знакомых детям сказок.  «Ребята я предлагаю вам по предмету из сундучка узнать сказку».  Снова бросает клубочек и говорит:  «А сейчас мы очутились в сказке, посмотрите, какие волшебные колечки здесь есть, давайте с ними поиграем».  <b>Пальчиковая гимнастика</b>  Будем пальчики считать,  Будем сказки называть  Рукавичка, Теремок,  Колобок – румяный бок.  Есть Снегурочка – краса,  И, конечно же... (Лиса)  Как по-казахски лиса?  Задаёт вопросы:  -Какая лиса в сказках?  -В какой сказке лиса была доброй? («Снегурочка и лиса»). Показывает иллюстрацию из сказки.  Предлагает показать с помощью тантамарески «Лисы», какая бывает лисичка в разных сказках.  Предлагает проститься со сказочной страной.  <b>Прощание со сказочной страной</b>  Раз, два, три, четыре, пять!  Вместе мы в кругу опять,  Со сказками прощаемся,  В группу возвращаемся!  Обращает внимание на волшебную книгу.  «Сказочная Фея подарила нам волшебную книгу, чтобы мы не забывали сказки. Давайте откроем её и вспомним, где мы были.</p>	<p>Радуются, что очутились в сказке. Обращают внимание на волшебные колечки.  Проговаривают слова и одевают на каждый пальчик колечко с символами сказочных героев в соответствии с текстом.  Отвечают: түлкі  Отвечают на вопросы:  -хитрая, рыжая, плутовка, опасная ит.д.  -В сказке «Снегурочка и лиса».  Рассматривают иллюстрацию.  Показывают с помощью тантамарески образ лисы из разных сказок, произносят слова лисы из сказок.  Прощаются со сказочной страной: проговаривают слова, загибают пальчики, берутся за руки, поворачиваются вокруг себя с закрытыми глазами.  Рассматривают книгу.  Рассказывают (по схеме), где они были, что понравилось, что было трудно.</p>

Қабылдай алады/Воспроизводит в речи рассказывание знакомых сказок по иллюстрациям.

Түсінеді/Понимает схематические обозначения

сказочных героев.

Колдана алады/Применяет умение отгадывать загадки.

# Коррекционные занятия дефектолога в условиях кабинета психолого-педагогической коррекции

**Айтуарова Асия Кумаровна**  
Учитель-дефектолог  
КГУ «Областной кабинет-психолого-педагогической коррекции»  
г. Павлодар

Дефектолог - это специалист, который занимается обучением, воспитанием и социализацией детей с ограниченными возможностями здоровья, то есть над развитием познавательной деятельности в целом.

**Познавательная деятельность** - это сознательная деятельность, направленная на познание окружающей действительности с помощью таких психических процессов, как восприятие, мышление, память, внимание, речь. Дошкольный возраст очень важен для психического развития, так как на первое место выходит целенаправленная познавательная деятельность, в процессе которой происходят существенные изменения в психической сфере.

У детей с особыми образовательными потребностями наблюдаются отклонения в интеллектуальной, эмоциональной и личностной сферах.

Развитие познавательной деятельности является традиционным направлением коррекционной работы дефектолога в кабинете коррекции и предполагает:

- стимуляцию познавательной активности как средства формирования устойчивой познавательной мотивации;

- развитие внимания (развитие устойчивости, концентрации и переключения внимания, самоконтроля, повышение объема внимания и т.д.);

- развитие памяти (расширение объема и устойчивости, формирование приемов запоминания, развитие смысловой памяти);

- развитие восприятия и сенсомоторной координации;

- формирование мыслительной деятельности (стимуляция мыслительной активности, формирование мыслительных операций, развитие элементарного умозаключающего мышления и гибкости мыслительных процессов).

Очень важно развивать познавательную активность детей не только во время специально организованных занятий, но и на занятиях любой предметной направленности, а также в свободной деятельности детей.

Познавательные потребности, желание заниматься необходимо формировать сначала на легком, доступном, интересном материале. Успех побуждает у ребенка веру в свои силы, снимает напряженность, вызванную процессом обучения. Ситуация успешного обучения создает чувство защищенности и эмоционального комфорта, что является обязательным условием реализации способностей и потенциальных возможностей в процессе обучения.

**Основные пути коррекционной работы:**

1. Индивидуальное общение с ребенком;

2. Сенсорное развитие, формирование мышления, речи, памяти, внимания, ориентировки в окружающем, обогащение разнообразными впечатлениями в процессе:

- организованных занятий;

- игр;

- самостоятельной деятельности.

3. Особое значение приобретает задача развития эмоций, хорошего настроения, умения выражать свои чувства при помощи мимики, жестов, доставлять удовольствие детям, что способствует повышению активности, любознательности, создает основу для формирования привязанности к окружающим.

4. С помощью разнообразных средств развивается способность воспринимать и любить прекрасное.

5. Большое место в коррекционной работе отводится занятиям по развитию мелкой моторики («Рука развивает мозг»).

6. Большое внимание должно уделяться играм и упражнениям на развитие зрительно-двигательной координации, ориентировке в пространстве:

- играм и упражнениям на развитие различных эмоциональных состояний, мимическим упражнениям перед зеркалом;

- играм и упражнениям на дыхание;

- ритмическим упражнениям и играм.

Данные игры и упражнения проводятся либо как целое занятие, либо как элемент занятия.

Активизация познавательной деятельности ребенка без развития его познавательного интереса не только трудна, но практически невозможна. Вот почему в процессе обучения надо стараться систематически возбуждать и укреплять познавательный интерес детей и как важный мотив развития, и как мощное средство воспитывающего обучения.

Таким образом, основная работа специалиста-дефектолога в условиях кабинета психолого-педагогической коррекции - через развитие познавательной деятельности дать ребенку правильное многогранное полифункциональное представление об окружающей действительности, способствующее оптимизации его психического развития и более эффективной социализации в обществе.





## ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ

Мусина Раушан Саламатқызы  
I санатты тәрбиеші  
№26 «Қарлығаш» бөбекжай  
МКҚК  
Ақтау қаласы

**Сабақтың мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын ертегі кейіпкерлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіру. Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын, сөз мәнерін, іс-қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Қазақ өнерін қадірлеп, ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сабақ көрнекіліктері:** Интерактивті тақтадан тапсырмалар, ертегілер туралы суреттер, «Жақсылық пен Жамандық» ертегісінің декорациясы

**Сабақ барысы:** (музыка әуенімен кейіпкерлер кезекпен-кезек залға кіреді. Ертегі ханшайымы қарсы алады.)

**Ханшайым:** Сәлеметсіз бе, балалар! Мен, ертегі елінің ханшайымымын. Сендер мені көрмейсіңдер, мен сендерді үнемі көріп, бақылап жүремін. Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көреді екенсіңдер. Олай болса ертегілер еліне қош келдіңіздер!!!

Сонымен бірге бізге көптеген қонақтар келіпті. Қазақ халқы қашанда қонағын сыйлаған. Сондықтан, бірінші қонақтарымызбен жақсылап амандасып алайық.

**Барлығы:** Үлкенге де, сіз,  
Кішіге де, сіз.

Баршаңызға құрметпен  
Бас иеміз біз.

**Ханшайым:** Балалар, бүгін көңіл күйлерің қалай?

- Сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме?

- Ертегілер елінде кімдер тұрады? (Ертегі кейіпкерлері, олар жағымды, жағымсыз болады)

- Қандай жағымды кейіпкерлерді білесіңдер? Жағымсыз кейіпкерлер кімдер?



## «АЛТЫН КҮЗ БІЗДЕ ҚОНАҚТА»

Бишенова Бақтыгүл Тлепиевна  
I санатты тәрбиеші  
«№26 «Қарлығаш» бөбекжай МКҚК  
Ақтау қаласы

**Мақсаты:** Балалардың күз туралы түсінігін кеңейтіп, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелету. Жыл мезгілдері, сандар, жемістер мен көкөністер туралы білетіндерін ортаға салу. Балалардың ой-өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын молайту, қол

- Ертегілер әлемі қандай болады деп ойлайсыңдар? (Орманның іші, әдемі жер, гүлдер және көбелектер, жан-жануарлар сөйлейді, биік-биік ағаштар болады.)

- Ертегілер бізді неге үйретеді? (Адамгершілікке, достыққа, адалдыққа және жақсылыққа үйретеді.)

- Балалар, бізге ертегі қонаққа келді. Тамашалайық.

**Көрініс:** «Ғажайып тон»

**Ханшайым:** - Біз тамашалаған ертегі қалай атады?

• Ертегідегі қай кейіпкер ұнады?

• Неге?

**Ханшайым:** Ертегілер еліне тек білгіштер, тапқырлар, өз ісіне ұқыпты мейірімді, адал балалар келеді. Менің сиқырлы кітабым бар. Қазір тақтадан сол сиқырлы кітаптан берілген тапсырмаларды орындауымыз керек.

**Сиқырлы кітаптың тапсырмалары:**

1. 7 және 3 санына байланысты қандай ертегілер білесіңдер? («Жеті лақ», «Үш аю», «Үш торай»)

2. Ертегі кейіпкерлерінің суреттері бейнеленген. Бұл қай ертегілер? («Шалқан», «Қызыл телпек», «Ешкі мен түлкі», «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Маша мен аю», «Мақта қыз бен мысық»).

3. Балалар, бұл қай ертегі? Әрі қарай ертегіні жалғастыр. (үзінді оқылады. Балалар жалғастырады.) «Тапқыр қоян» ертегісінен үзінді

**Сергіту сәті (музыка әуенімен қимылдайды)**

**Ханшайым:** Балалар, мен сіздердің ертегілерді сахналап, өздерің ойнай алатындарыңды білемін. Ендеше, балалар қазақ халық ертегісі «Жақсылық пен жамандық» ертегісін ойнап береді.

**«Жақсылық пен жамандық» қойылымы**

**Ханшайым:** - Ертегі сендерге ұнады ма?

- Ертегінің басты кейіпкерлері кімдер?

- Жақсылық жолда қандай қиындықтарды жекеледі?

- Ертегінің соңы немен аяқталды?

**Ханшайым:** Ия, балалар, ертегілердің барлығы жақсылықпен аяқталады. Кедергілермен алысып-жұлысқан кейіпкерлер ең соңында барша мұратына жетеді. Кеткенің келеді, жарлы байиды. Ертегі аяқталған кезде жеңіске жеткен кейіпкерлермен бірге қуанамыз. Барлығымызда кешірімді, адал дос болайық. Балалар, сендерге бүгінгі сабағымызды естелік ретінде қазақ ертегілері кітабын сыйлыққа тарту етемін.

моторикасын дамыту. Табиғатқа деген сезімін ояту.

**Әдіс-тәсілдер:** ТРИЗ элементтері, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, үйрету, мадақтау, қорытындылау.

**Көрнекіліктер:** слайд, жыл мезгілінің суреттері, сандар, фланеллеграф

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Қуан шаттан алақай!

Қуанатын күн туды,

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

**Т:** Балалар бүгінгі оқу қызметі ерекше болмақ, себебі бізге көптеген қонақтар келді.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

**Б:** Қазір жылдың күз мезгілі.

**Т:** -Күз мезгілінде неше ай бар? Олар қандай айлар?

**Б:** Күз мезгілінде үш ай бар. Олар қыркүйек, қазан, қараша.

**Т:** -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

**Б:** Күн суытады, жиі жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түседі, адамдар жылы киінеді, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

**Тосын сөт:** Балалар біреу есік қағып тұрған сияқты естідіңдер ме?

Балалар бізге алтын күз қонаққа келіпті. Қане алтын күзбен амандасайық.

**Алтын күз:** Сәлеметсіңдер ме, балалар.

**Б:** Сәлеметсіз бе, алтын күз.

**Алтын күз:** Балалар мен сендердің дауыстарыңды естіп келдім. Бұл жерде не болып жатыр?

**Т:** Алтын күз бізде оқу қызметі өтіп жатыр. Бізбен бірге болып, балалардың білімдерін көр.

**Алтын күз:** Балалар менде құр келген жоқпын. Өзіммен бірге жапырақтар ала келдім. Ол жәй жапырақтар емес, сиқырлы жапырақтар. Мұнда сендерге тапсырмалар берілген. Ендеше балалар, менде сендердің білімдеріңді тексеріп көрейін.

**1 тапсырма: «Жыл мезгілдерін ата»**

**Б:** Көктем, жаз, күз, қыс.

**2 тапсырма: «Сиқырлы бақша»**

**Алтын күз:** Мен сендердің әсем сиқырлы бақша жасаған жұмыстарыңды көргім келеді.

**Т:** Әрине, алтын күз біздің балалардың қолынан бәрі де келеді. Балалар алдымызға берілген ағашты әсемдейміз. Алдарында қандай түрлі-түсті қағаздар тұр?

**Б:** Сары, қызғылт сары, қызыл.

**Т:** Осы түрлі-түсті қағаздарды жыртып, умаждап желіммен ағашқа жапырақтарын жапсырамыз. Өте жақсы орындадыңдар. Жарайсыңдар, балалар.

**Сергіту сәті.**

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар

Үп-үлкен боп өседі.

**3 тапсырма: «1-ден 3-ке дейінгі сандарды тура және кері сана».**

**4 тапсырма: «Жемістер мен көкөністерді орналастыр»**

**Т:** Балалар, мынау қандай жемістер?

**Б:** Алма, алмұрт

**Т:** Ал мынау қандай көкөністер?

**Б:** Қияр, сәбіз.

**Т:** Бұлардың барлығы қайда өседі?

**Б:** Бау-бақшада

**Т:** Енді балалар, жемістерді жолақтың жоғары бөлігіне, көкөністерді жолақтың төменгі бөлігіне орналастырамыз.

**Алтын күз:** Балалар сендер өте ақылды, білімді екенсіңдер. Менің әкелген тапсырмаларымды жақсы орындадыңдар. Мен сендеге құр келген жоқпын. Сендерге арналған себет толы сыйлығым бар. Рахмет барлықтарыңызға.

**Б:** Сау болыңыз, алтын күз.

**Т:** Сау бол, алтын күз. Келгеніңізге көп-көп рахмет.

Сонымен бір жылда неше мезгіл бар?

**Т:** Сиқырлы бақшада ағаштың жапырақтарын қандай түрлі түсті қағаздармен жапсырдыңдар?

**Т:** Бізге кім қонаққа келді?

**Т:** Жемістер мен көкөністерді жолақтың қай бөлігіне орналастырдыңдар?

**Т:** Жарайсыңдар, балалар. Сау болыңыздар.



## «Ата – ана және мектеп серіктестігі» төңірегінде ата – аналармен өткізілген тренинг

**Жабагина Махаббат Төлеубекқызы**

Директордың ТІЖ орынбасары

«№4 ЖББОМ» КММ

Қарағанды облысы Теміртау қаласы

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп баланың жан-жақты тұлға ретінде дамуы отбасынан басталады. Отбасы - адамның өте маңызды, өте жауапты жанұясы. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі - тәрбиелеушілік міндеті. Оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқаруы, бір-бірін құрметтеп сыйлауы - бәрі де үлкен тәрбие мектебі және тәрбиелік

мәселе.

Баланы жастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек – дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса оны жалғастырушы, демеуші- ата-ана. Қазан айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ана және мектеп, ата- ана және мұғалім серіктестігі» атты ата-аналарға тренинг өткізілді. Тренинг барысы ата-аналармен танысудан басталды. Ата-аналар шеңбер бойымен

тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы бір қасиетті кезекпен айтып шығып, сол тұрған күйлерінде түрлі-түсті гүлдерді таңдап, таңдаған түстер бойынша топ құрып, үстелдерге жайғасып отырды.

**I топ.** Баланың сапалы білім алуы үшін ата-ана тарапынан жасалатын жағдайлар.

**II топ.** Балаларды теріс әрекеттері үшін жаза-лаудың түрлері.

**III топ.** Бала үшін мұғалім мен ата-ана арасында қандай байланыс болу керек.

Топқа бөлінген ата-аналар өз ойларын ортаға салып, талқылады. Сондай-ақ ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Ата-аналар үстел үстіндегі үлестірме қағаздарды бөліп алып, төмендегі жағдаяттарға белсене жауап беріп, пікірлерін ашық айтты.

- Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

- Сізге мектептегі мұғалімдерден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата-аналардан да «біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

- Биыл сіздің балаңыздың сыныбында оқитындардың бәрінде ұялы телефон бар, тек сіздің балаңызда жоқ. Күнде «өпер» деп, мазаңызды алады, сабаққа барғысы келмейді. Ал сізде тұрақты жұмысыңыз жоқ. Сіздің әрекетіңіз қандай?

- Сіздің балаңыз сыныптағы жақсы оқитын оқушылардың бірі, алайда бір күні сынып жетекшісі оны үлгерімі нашар оқушылармен алып қалады. Сіздің ойыңыз?

- Жағдаяттарды шешіп болған соң, ата-аналарға «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы, яғни көрсетілген ережелерді ескере отырып, сурет салатындығы түсіндірілді.

- Бұл жұмыста сіздер өз саналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.

- Сурет салуға кіріскен кезде, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек» деп сұрауға болмайды. Өз қалауларыңызбен шешімдеріңіз бойынша салу керек.

- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға өте аз уақыт беріледі.

- Суретті салу барысында басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Ата-аналар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, ата-аналарға салған суреттерінің қандай мағына білдіретінің көрсеттім.

**Үй-** адамның өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетеді. Үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл ата-ана өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық. Үйдің есік-терезелері бар болса, бұл адам - қарым-қатынасқа ашық адам. Үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болса, бұл жайт ата-ананың қонақжай екендігін білдіреді.


**Жол-** адамның қарым-қатынасқа қандай деңгейде араласатындығының айғағы. Жол кең, әрі үйдің есігінен басталатын болса, бұл адамның

қарым-қатынасқа бейім және қонақжай екендігін көрсетеді. Жол тар немесе үйдің қасынан (үйге бұрылмай) өтіп жатса, онда бұл жәйт адамның қарым-қатынасқа оңай кірісіп кетпейтіндігін білдіреді.

**Жылан-** «Басқа адамдардың мен туралы пікірі қандай?» деген сұраққа өзіңіздің қалайша жауап беретініңіздің айғағы. Жылан үй жаққа қарап тұрса әрі оның айыр тілі аузынан көрініп тұрса, онда сіз «Басқалардың мен туралы пікірі жақсы емес, олар күні бойы мені жамандаудан басқа іспен айналыспайды екен» деген ойдасыз. Жылан үй жаққа қарап тұрмаса, онда сіз «Басқалардың мен туралы ойы жаман емес» деген ұстанымдасыз.

**Бокал-** адамның ішімдікке деген көзқарасын білдіреді. Бокалдың суреті кішкене болып, оның іші бос болса, онда мұны салған адамның ішімдікке немқұрайлы болғаны.

**Шалбар және орамал -** ата-аналардың түсінігіндегі ер адамдар мен әйелдердің дәрежесін көрсетеді. Шалбардың суреті орамалдан биік тұрса, онда ата-ана өмірде ер адамды әйелдерден жоғары санайды деген сөз. Ата-аналармен жүргізілген тренингізді «**Ашықайтсам...**» жаттығуымен қорытындыладық. Ата-аналар тренингтен алған әсерлерімен бөлісті. Қорыта айтсам В.А.Сухомлинский «Тек қана ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін» - деп айтқанындай мұғалім мен ата-ана бірігіп жұмыс жасағанда ғана нәтиже болады.



# «ХАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ - АСЫЛ ҚАЗЫНА!»

Назарбекова Мәншүк Күшікқызы  
Жоғары санатты тәрбиеші  
№26 «Қарлығаш» бөбекжай МКҚК  
Ақтау қаласы

## Сайыс-сабақтың мақсаты:

Сайыс арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне тоқталып, балалардың салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және ұлттық ойындар туралы білімдерін тексеріп бағалау. Балаларды жүйелі сөйлей білуге, шешендік сөздерге үйрету. Бабалардан қалған ұлағатты сөздерді түсініп, солардан үлгі алуға тәрбиелеу.

**Сайыс-сабақтың әдістері:** Сұрақ-жауап, этнопедагогика элементтерін қолдану, көркем сөз, шешендік сөздер қолдану.

## Сайыс барысы:

### • Ұйымдастыру кезеңі.

• Бала: Асыл-тастан, ақыл жастан

Шығады деп дарынды,  
Халық айтса, халық сөзі,  
Әрқашан нанымды.

• Бала: Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие-тәлім табар ма?

**Тәрбиеші:** «Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар!»

Ал келіңдер, келіңдер,

Біріңе-бірің еріңдер.

Біліміңді тексеріп,

Ойынға қатысып көріңдер.

Бұл жарыс ойдың бәйгесі,

Кім жүйрік ойға-сол алда.

• Балалар, бүгін көңілді тапқырлар сайысының ұраны:

«Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл!»

Әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері болады. Біз бүгін қазақ халқының басты ерекшеліктеріне тоқталамыз. Сайысымызды «Қазақтың дәстүрлері-ай» атты өнімізбен ашайық:

Ән «Қазақтың дәстүрлері»

(Ән біткен соң әділ қазылар мүшесі таныстырылады.)

• Сайыс шарты:

• Әр топ мүшелеріне сұрақтар кезекпен қойылады. Сұраққа хормен жауап беруге болмайды.

• Егерде сұрақ қойылған топ жауап бере алмаса, онда қарсылас топтан жауап беруге болады.

• Сұрақтардың жауабы «5» балдық жүйемен бағаланады.

• Дұрыс жауап бере алмаған топтың 2 ұпайы кеміп отырылады.

Сайыс 6 кезеңнен тұрады:

## I кезең. «Танысу»

(Әр топ өзін өлең түрінде таныстырады)

1 топ: «Ботамойын» (Жеке эмблемасы бар, өлеңін «Күміс құман» өніне салып айтады)

Ботамойын оюы өрнегіміз-ай,

Ата салтын, дәстүрін жалғастырып-ай,

Сайысуға бұл кешке келгеніміз-ай.

Әгугәйім-ай,

Салт-дәстүрім-ай,

Дәстүрімен халқымның,

Ән шырқайық-ай.

2 топ: «Сынық мүйіз» (Өлеңін «Еркем-ай» өніне салып айтады.)

Сынық мүйіз оюы өрнегіміз ай-хай,

Оюларын әжемнен көргеніміз ай-дай.

Топ алдына бүгінгі келгеніміз ай-дай.

Айхай достар тыңдайық

Жасай берсін жаңарып.

Дәстүрімен салтын,

Ұмытпайық халқым.

**Тәрбиеші:** Арналы бұлақ асыл сөз демей ме?

Сөз асылын шешендер мен билердің мұрасынан, ақындар мен жазушылардың шығармашылығынан табамыз. Көркем сөздерге саяхатымызды аузы дуалы билер сөзінен бастайық. Қазақ халқының атақты шешендерін атаңдаршы! (Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Сырым шешен, Бала би.)

Ел аузында «Әйтеке жарып айтады», «Қазыбек би қазып айтады», «Төле би тауып айтады» деген ұлағатты сөздер бар.

## II – кезең. «Билер шешендігі»

1 топ: Қазыбек бидің елшілігі, Төле бидің шешендігі.

2 топ: Төле бидің шешендігі, Әйтеке бидің сыншылдығы.

Әділ қазылар бағасы.

## III – кезең. «Қазақ тойлары және ойындары»

1 топ: Бала дүниеге келгеннен тойланатын халқымыздың дәстүрлі той мерекелерін ата, не үшін өтілетінін айтып бер.

2 топ: халқымыздың қандай ұлттық ойындары бар?

-Сергіту сәті: Ойын: «Тақия тастамақ»

## IV – кезең “7 саны сөйлейді”

• Қазақ халқында 7 саны ерекше сан болып есептеледі. Ендеше 7 саны туралы не білетінімізді ортаға салайық!

1 топ: 7 жоқ, 7 жұрт

2 топ: 7 ата, 7 қазына

Жеті жоқ: Жерде өлшеуіш жоқ, Аспанда тіреуіш жоқ, Таста тамыр жоқ, Тасбақада талақ жоқ, Аллада бауыр жоқ, Аққуда сүт жоқ, Жылқыда өт жоқ.

Жеті ата: Ата, Бала, Немере, Шөбере, Шөпшек, Немене, Туажат.

Жеті жұт: Құрғақшылық, Жұт, Оба, Соғыс, Топан су, Зілзала, Өрт.

Жеті қазына: Ер жігіт, Сұлу әйел, Берен мылтық, Алғыр тазы, Қыран бүркіт, Ақыл, білім, Жүйрік ат.

## Әділ қазылар бағасы.

## V – кезең. Мақал – мәтелдер

1 топ: Ата-ана, бала туралы мақал-мәтел.

2 топ: Отан туралы, туған жер туралы мақал-мәтел

**Ой шақыру сәті:** «Көрермен көзайымы» деп аталады.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады, көрермендер шешуін мақалмен қайырады.

• Бұлаңдаған құйрығы, бір алдарлық қулығы. (Түлкі)

• Қыста киімін тастайды, көктемде киіне бастайды

Күтімі жаман ағаштың, бітімі жаман ... (Ағаш)

• Қыс бойына жатады, төтті ұйқыға батады.

Аюдан қорыққан тоғайға бармас. (Аю)

**VI – кезең. «Өнерлі өрге жүзер»**

Аталар өсиетімен өсіп-өнген, мақал-мәтелімен сусындаған балалардың бойында халқымыздың кең тараған өнеріде бар.

1топ: «Домбыры сазы» әні

2топ: «Әжемнің шәйі» әні

Сабақтың қорытынды түйіні:

1топ: Аталар сөзімен өсіп-өнген,

Бабалар бұлағынан нәр алған.

2топ: Даналар өсиетінен тәрбие алған

Ұлылар тәрбиесіне тағзым еткен.

Бәрі: Ұрпағымыз халықтың ғибрат еткен.

Әділқазылар бағасы, мадақтау

**Тәрбиеші:**

• Ал құрметті қонақтар бүгінгі сабағымыздың соңында сіздерге барлық жақсылықты, ізгілікті тілей отырып, ақ жүрегімізден, өз қолымызбен еңбектеніп жасаған сыйлығымызды:

• Өткір көзден

Ащы тілден

Пәле жәледен

Сақтасын деп сіздерге сыйлаймыз.

## «ТРИЕДИНСТВО ОБУЧЕНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ»

Есеева Гульнара Адилбековна

Город Актау Мангистауская область

*«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, - неоднократно подчёркивал Президент, - население которой пользуется тремя языками.*

*Это: казахский язык - государственный язык, русский язык - как язык межнационального общения и английский язык - язык успешной интеграции в глобальную экономику»*

**Нурсултан Назарбаев**

В нашей стране реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства - триединство языков. В связи с этим актуально полиязычное образование, которое должно внедряться в дошкольных учреждениях в качестве базового уровня для продолжения системного обучения в школе. В 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков». В сути проекта «Триединство языков» - изучение казахского языка как государственного, русского - как языка межнационального общения и английского - как языка успешной интеграции в глобальную экономику. Для решения поставленной задачи обучение преобразовано в единую систему образовательных программ. В свою очередь, разработан комплекс научно-методических рекомендаций по реализации принципа преемственности полиязычного образования в системе «школа-вуз», в данную модель, на мой взгляд, следует добавить и начальное звено – «дошкольные организации».

В настоящее время в Казахстане действует программа «Развитие триединства языков в дошкольных организациях». В рамках программы предусмотрено повсеместное внедрение в дошкольных учреждениях трехязычной системы получения знаний: на казахском, русском, английском языках. Дошкольный возраст призван психологами наиболее благоприятным периодом для раннего обучения языкам. В контексте многонационального государства данная проблема приобретает особое значение в связи с тем, что повышение качества языковой подготовки является одной из важнейших задач обучения и воспитания в системе образования. Обучение казахскому/русскому языку, иностранному языкам в детском саду проводится в соответствии с государственным стандартом обучения и направлено на воспитание

триязычной личности дошкольника, освоившего базовые ценности родного языка, готового к социокультурному взаимодействию на других языках.

Ребенок относится к каждому из трех языков как к средству коммуникации, он готов на любом из них общаться, выражать свои мысли и чувства. Постепенно он привыкает к этому, даже если знает, что один из языков не является родным. При специальном обучении ребенок относится к новому языку как к новой игре, новому виду деятельности, он не рассматривает его как одно из средств коммуникации. Однако при создании особых условий, активном подключении общения с носителем нового языка (друзьями, знакомыми) в течение длительного времени, новый язык тоже может стать для ребенка одним из средств коммуникации. Методика преподавания занятий строится с учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей и направлена на развитие их лингвистических способностей. Процесс обучения детей дошкольного возраста на занятиях включает в себя коллективное обучение детей в составе малых групп, где ведущими ориентирами выступает уровень речевой активности детей. Обучение строится с использованием игровых приемов. У детей формируется словарь, отрабатывается звуковая сторона языка, и даже формируется связная речь.

На занятиях дети учатся воспринимать и понимать речь, употреблять речевые обороты, выполнять простейшие задания и указания, узнают особенности произношения специфических звуков языков. Эффективный путь закрепления речевых умений – участие детей в утренниках, конкурсах, викторинах, на которых они поют песни, читают стихи, разыгрывают различные сценки, отгадывают загадки. Известно, что любая профессиональная деятельность педагога может быть по-настоящему результативной, если родители являются его активными помощниками и единомышленниками. Немаловажную роль играет совместная работа учителя по ознакомлению родителей с программным материалом и успехами ребенка в освоении языка. Такая всесторонняя организация работы способствует «погружению» в языковую среду и дальнейшему усвоению языков в школе.

Уверена, что реализация данного проекта во многом обусловит становление нового поколения казахстанцев, владеющих несколькими языками, имеющих широкие возможности позитивного роста и формирования конкурентоспособности, как в профессиональной сфере, так и в личностной самореализации.

# «Үйшік» ертегісі

Айтмұхашова Р. Т.

Тәрбиеші

« №15 Рахат » балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Өскемен қаласы

**Білімділік міндеті:** Балаларды ертегі тыңдауға, байланыстырып сөйлеуге және мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға және жұмбақтардың шешуін

таба білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** Ертегіні рөлдерге бөліп ойнау арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** Ертегі арқылы балаларды қайсарлыққа, мейірімділікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Үйшік, аңдардың атрибуттары, үн таспа.

**Тілдің үштұғырлығы:** Тышқан-мышь-mouse, құрбақа-лягушка-frog, қоян-заяц-rabbit, түлкі-лиса-fox, аю-медведь-bear.

Ис-әрекет қызметі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p><b>Шаттық шеңбер:</b> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жайнай түсті даламыз. Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Қайырлы таң балалар! Доброе утро всем нам! Доброе утро всем гостям! Good morning, good morning, Good morning to you. Good morning, good morning, I am glad to see you.</p> <p><b>Ғажайып сәт:</b> Есікті қағып, хат тасушы келіп, үлкен қорап береді. Тәрбиеші қорапты алып, ашып, хат алады және сиқырлы таяқша алады. Тәрбиеші хатты ашып оқиды. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді ертегілер еліне қонаққа шақырамын. Ертегілер еліне келіп менің тапсырмаларымды орындауға көмектесіңдерші. Ертегі әлеміне келу үшін менің жұмбақтарымның шешуін тапсаңдар, сендерді өзім күтіп аламын. Сәлемменен Маша.</p>	<p>Балалар: шаттық шеңберде балалар қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде бір-біріне қайырлы күн тіледі.</p> <p>Балалар: Машаның жазған хатын мұқият тыңдады.</p>
Ұйымдастыру-ізвестіріру	<p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар Маша бізді ертегілер еліне қонаққа шақырыпты. Ертегілер еліне барғыларың келе ме? Олай болса, Машаның жұмбағын тыңдаңдар.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жұмбақтың шешуін тап»</p> <p>1-ші: <b>Жұмбақтар.</b> Үйін жинап ертеңмен, Миіз тауып алыпты. Мысығы келмеген соң, Ол өкпелеп қалыпты. Бұл қай ертегі? 2-ші: Атай өзі салғанын, Көрді өсіп қалғанын. Ары тартты, бері тартты, Тарта аламады. Бұл қай ертегі? 3-ші: Апасынан қашып кетті, Атасынан қашып кетті. Кездестіріп бір азаңды, Біраз жолдан асып кетті. Бұл қай ертегі?</p> <p>Музыка ырғағымен, сиқырлы таяқтың көмегімен балалар ертегілер еліне келеді. Ертегілер елінде балаларды. Маша қарсы алады. Маша балаларды ағылшын тілінде сөйлеп қарсы алады. Hello children! How are you?</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Маша, бізді қарсы алғаныңызға рахмет. Біздің балалардың сізге арнап дайындаған ертегісі бар. Біздің балалар «Үйшік» ертегісін сомдап береді. Отырып, көріп, тамашалаңыз.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Ерте, ерте, ертеде ертегі елінде, жазық далада бір үйшік болыпты. Ол үйшікті ең бірінші болып тышқан көріпті.</p> <p><b>Тышқан:</b> Пи-пи-пи мен шиқылдауық тышқанмын. Бұл үйшікте кім тұрады? Ешкім жауап бермеді деп, тышқан үйшікке кіреді.</p> <p><b>Құрбақа:</b> Бақ-бақ-бақ деп секіріп құрбақа келеді. Мен бақылдауық бақамын. Бұл үйшікте кім тұрады?</p> <p><b>Тышқан:</b> Мен, шиқылдауық тышқан тұрамын.</p>	<p>Иә.</p> <p>Мақтаңыз бен мысық ертегісі.</p> <p>Шалқан ертегісі</p> <p>Бауырсақ ертегісі.</p> <p>Hello! I am fine.</p>



	<p><b>Бақа:</b> Маған кіруге бола ма?  <b>Тышқан:</b> Жоқ. Менің тапсырмамды орында.  <b>1-ші тапсырма:</b> Бір жылда қанша мезгіл бар? Мезгілдерді атапа йт.  <b>Бақа көрермен балалардан көмек сұрайды:</b> Балалар көмек тесіңдерші, мен білмеймін.          Рахмет балалар деп бақа үйшікке кіреді.  <b>Қоян:</b> Мен қорқақ қоянмын. Бұл үйшікте кім тұрады?  <b>Тышқан:</b> Мен, шиқылдауық тышқан және мен бақылдауық бақа.  <b>Қоян:</b> Маған кіруге бола ма?  <b>Бәрі:</b> Жоқ, жоқ, жоқ. Біздің тапсырмамызды орында.  <b>2-ші тапсырма:</b> Бірден беске дейін сана. (Қазақша, орысша, ағылшынша) Қоян балалармен бірге тапсырманы орындап, үйшікке кіреді.  <b>Түлкі:</b> Мен түлкімін, қу түлкімін. Ой, бұл үйшікте кім тұрады?  <b>Тышқан:</b> Мен, шиқылдауық тышқан тұрамын.  <b>Бақа:</b> Бақылдауық бақа, мен тұрамын.  <b>Қоян:</b> Қорқақ қоян, мен тұрамын.  <b>Түлкі:</b> Маған кіруге бола ма?  <b>Бәрі:</b> Жоқ, жоқ, жоқ. Біздің тапсырмамызды орында.  <b>3-ші тапсырма:</b> Слайд Мына логикалық есептерді шығар:          1. Бір ағаштың басында үш алма тұр, екінші ағаштың басында екі алма тұр барлығы неше алма болды?          Түлкі балалармен тапсырманы орындайды. Сөйтіп түлкі үйшікке кіреді. 2. Ағаш басында бес торғай отырды екеуі ұшып кетті, неше торғай қалды?  <b>Аю:</b> Мен қорбаңдаған аюмын. Бұл үйшікте кім тұрады?  <b>Тышқан:</b> Мен, шиқылдауық тышқан тұрамын.  <b>Бақа:</b> Бақылдауық бақа, мен тұрамын.  <b>Қоян:</b> Қорқақ қоян, мен тұрамын.  <b>Түлкі:</b> Қу түлкі, мен тұрамын.  <b>Аю:</b> Маған кіруге бола ма?  <b>Бәрі:</b> Жоқ, жоқ, жоқ. Біздің тапсырмамызды орында.  <b>4-ші тапсырма:</b> Мына жануарларды қазақ тілінде, ағылшын тілінде, орыс тілінде атап бер.</p>	<p>4 мезгіл болады          Жаз, күз, қыс, көктем.</p> <p>Балалар:          бір-один-one,          екі-два-two,          үш-три-three,          төрт-четыре-four,          бес-пять-five.</p> <p>Бес алма.</p> <p>Үш торғай.</p>
	<p><b>Тілдің үштұғырлығы:</b> Тышқан-мышь-mouse, құрбақа-лягушка-frog, қоян-заяц-rabbit, түлкі-лиса-fox, аю-медведь-bear.  <b>Аю:</b> ой мен білмеймінғой. Балалармаған көмектесесіңдерме? Маша үйшікке есіктен кіреді. Ал аю есіктен сыймай, шатырдан кіремін деп, үйді құлатады.  <b>Бәрішулап:</b> Аю не істедің? Үйшігімізді құлаттың ғой.  <b>Аю басын сипап:</b> Кешіріңдерші. Мен сендерге жаңа үй соғып берем. Аю өзінің соғып бітпеген үйін көтеріп әкеледі.  <b>Аю:</b> Көрермен балаларды көмекке шақырады және ертегі кейіпкерлерін шақырады. Сөйтіп бәрі терезесін, есігін, шатырын желімдеп жапсырады.  <b>Сергіту сәті:</b> балалар сергіту сәтінің қимылдарын қайталайды.  <b>Тәрбиеші:</b> Міне балалар, достық пен бірліктің арқасында аңдар жаңа үйге ие болды. Енді осы аңдармен қоштасып балабақшамызға қайтайық. Қайту үшін 5-тен 1-ге дейін кері санайық.          Балалар Маша мен бірге балабақшаға келді.  <b>Маша:</b> Балалар, сендер өте мейірімді екенсіңдер. Аңдардың білмей қалған тапсырмасына көмектестіңдер. Жаңа үйдің соғылуына көмектестіңдер. Олай болса, мен орманнан көп жапырақ әкелдім. Сол жапырақтарды иіскеп, тыныс алу жаттығуын жасайық.</p>	<p>Балалар бірге қайталайды.</p> <p>Балалар: бес, төрт, үш, екі, бір.          Тыныс алу жаттығуын жасады.</p>
<p><b>Рефлексивті түзетушілік</b></p>	<p><b>Қорытындылау:</b>  <b>Тәрбиеші:</b> Балалар, қалай ойлайсыңдар біз қайда бардық?          Бізді онда кім шақырды?          Біз қандай ертегіні сахыналап бердік?          Біз қандай тапсырмаларды орындадық?  <b>Маша:</b> балалардың жауаптарын мадақтап, риза болып балаларға жемістер сыйлады. Сөйтіп қоштасып кетті.</p>	<p>Ертегілер еліне саяхатқа бардық. Маша шақырды. «Үйшік» ертегісін. Логикалық есептер шығардық, жұмақтардың шешуін таптық ағылшын тілінде санадық. Балалар алғыс айтты. Рахмет.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Ертегі кейіпкерлерін тани біледі.

**Түсінуге тиіс:** Сахналау арқылы мазмұнын

игереді.

**Істей білу керек:** Ертегіні зейін қойып тыңдап,

кейіпкерлердің көңіл күйін меңгерді.

# ӨМІР, СЕН ҚЫМБАТСЫҢ МАҒАН!

Бикозиева А.

Педагог-психолог

№11 Тайыр Тастандиев атындағы орта мектеп

Жуалы ауданы Бәйтерек ауылы

**Сабақтың мақсаты:** Өмірдің адам баласына бір-ақ рет берілетін өте қымбат сый екенін, оны бағалап, қадірлеп, қастерлеу керектігін түсіндіру, кез келген адамның бойында асыл қасиеттің болатынын ұғындыру. Өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге баулу. Бала бойындағы имандылық, адамгершілік, сыйластық, достық, кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыру.

**Сабақтың түрі:** тренинг-сабақ

**Сабақтың типі:** жаңа сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілі:** пікір алмасу, ой бөлісу

**Сабақтың көрнекілігі:**

нақыл сөздер, бейнеролик, слайд-шоу

**Сабақтың болжамдаған нәтижесі:** Өмірді бағалай білетін, өз ойын ашық айтатын, ой өрісі кең, иманды, адамгершілігі мол оқушы қалыптастыру.

**Сабақтың жоспары:**

I. Қызығушылықты ояту.

II. Мағынаны ажырату

1. Кіріспе

2. «Сөйлемдерді жалғастыр» жаттығуы

3. «Өмір ағашы»

4. «Өмір белестері» тренинг ойын

5. «Көңіліңді реніш басса, поэзия болсын ақыл-шын»

6. Бейнеролик «О барашке»

7. Эссе

III. Ой толғаныс

Өмірдің үш қарапайым заңымен таныстыру

Кері байланыс

«Жылы лебіздер»

**Сабақтың барысы:**

• **Қызығушылықты ояту**

Оқушылар шеңбер бойына тұрып, өздерінің аттарын және бойларындағы жақсы қасиеттерін айтады. Оқушыларды 3 топқа бөлу: балаларға қызыл, көк, қызғылт-сары түстерді таңдатып, бірдей түстерді таңдаған оқушылар сол түспен сәйкес гүлдер қойылған парталарға топтасып отырады.

II. Мағынаны ашу.

• **Кіріспе**

Психологтың сөзі: Адам өзін-өзі тәрбиелеуде асқан шыдамдылыққа, ерекше ұстамдылыққа машықтануы керек. Өмір дегеніміз – арнасы кең өзен. Сол өзеннен өз арнаңды тауып ағу – басты міндет. Өмір дегеніміз – Алла тағаланың бізге берген сыйы, бір мүмкіндігі. Өмір кейде жұмсақ, кейде қатал болады. Бірақ адам өмірге қайталап келмейді. Әрбір қиындықтармен күресі білу керек. Өмір дегеніміз – адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес тәңірдің сыйы. Осы өмірін әркім әрқилы өткізіп алады. Өмірдің әрбәр сәтін мәнді де, сәнді өткізу керек.

Күлдіріп тұрып,

Жылатады өмір.

Көтеріп тұрып,

Құлатады өмір.

Етегің толып еңірегінде,

Қайтадан сені жұбатады өмір.

2. «Сөйлемдерді жалғастыр» жаттығуы.

Жақсы өмір бұл...

Мен адамдардың... жоғары бағалаймын.

Бақытты адам бұл...

Өмір...

Жақсылық істесең де,...; (өзіңе) жамандық істесеңде ... (өзіңе)

Өмір адамға несімен қымбат...

Өмір ойыншықтай арзан емес, ... (Жаққанын сатып алатын)

Өмірде көп шәкірттің біреуі сіз, ... (Бірліксіз өсе алмайсыз бір өзіңіз)

Өмірін өткізсе үйреніп сабақ, ... (Ұстазы да, шәкірті де қуанбақ)

Өміріңнің өткеніне өкінесің, ... (Келеріне бекінесің)

3. «Өмір ағашы»

«Оқушылар өмірде кездесетін қиындықтарды қалай жеңуге болады?» деген сұрақтарға жауап жазып, өмір ағашына іледі.

Психологтың сөзі: Міне, біз өмірдегі кездескен қиындықтарға мойымай, оған қарсы тұрып жеңе білсек, әрбір қиын жағдайдың шешімін бірлесе отырып табатын болсақ, мұндай жағдайда қай нәрсенің болмасын жемісін көретініміз анық екен.

4. «Өмір белестері» тренинг ойыны

Мақсаты: Оқушыларға өмірдің белестеріне жету жолында көп кедергілер, қиыншылықтар кездесетінін және күресі білу арқылы кез келген мәселені шешімі табылатынын ұғындыру. Оқушылар көздерін жұмып, бір-бірлерінің иықтарына қолдарын қойып шынжыр түрінде жүреді. «Ажырандар» деген нұсқау берілгенде, оқушылар бір-бірінен ажырап, өз беттерінше жүреді. «Біріңдер» деген нұсқау берілгенде, алдыңғы шынжыр бойынша өздерінің ұстаған иықтарын табу керек. Таппайынша іздеп жүре береді.

5. Бейнеролик «О барашке»

Бейнеролик арқылы балалар қиындықтың тек бар екендігін ғана емес, оны шешуге болатындығын түсінеді, өз беттерінше дұрыс ой қорытындыларын жасайды.

6. Эссе. Оқушыларға «Өмір, сен қымбатсың маған» тақырыбында эссе жаздыру.

III. Ой толғаныс

«Сәт» триосының «Көнеміз ғой» әнін тыңдатып, ой толғату.

Өмірдің үш қарапайым заңымен таныстыру.

A. Күн сайын таңертең аман-есен ояңғаныңа қуана біл!

B. Қандай қиындық кездесе де, саған көмектесетін адам бар екенін біл, олар сенің жаныңда, тек оларды көре білсең болғаны.

B. Түннен кейін таң ататындығын ұмытпа!

«Өмір - бақыт, сен өмірге дені сау адам болып келгенің үшін бақыттысың!»

Өмір - арман,

Сол арманға жете біл.

Өмір - жұмбақ,

Сол жұмбақты шеше біл.

Өмір - дауыл,

Сол дауылға қарсы тұр.

Өмір - бақыт,

Қажетпе бақыт өзің біл...

Сені өмірде биік асу күтіп тұр.

**Кері байланыс:** Оқушылар кері байланыс парағына бүгінгі сабақтан не білгенін, не білгісі келетінін жазады.

«Жылы лебіздер».

Тренингке қатысушылар шеңбер бойына тұрып, шынжыр әдісімен бір-біріне жылы лебіздерін айтып шығады.



5 мин.	Шығыс - расход Жоспарлайды - планирует Төлемақы - оплата <b>4. Жазылым - Грамматикалық тапсырма</b> Мәтіннен көсемшелерді теріп жазып, жасалу жолын түсіндіру	3-слайд
5 мин.	<b>5. Шығармашылық жұмыс\эссе\</b> «Егер де менің ақшам көп болса, ...»	4-слайд
3 мин.	<b>6. Топтық жұмыс</b> <b>1-топ.</b> Дара диаграмманы толтырады. \Көсемше туралы не білдіңдер?\ <b>2-топ.</b> Қос диаграмманы толтырады. \Есімше мен көсемшені салыстырады\	Маркер Плакат
Сабақтың соңы 5 мин.	<b>Кері байланыс</b> БББ кестесін толтыру Білемін Білдім Білгім келеді <b>Үйге тапсырма:</b> Ата-аналарыңмен кеңесіп, отбасы кірісі мен шығысымен танысу. Көсемшеге мысалдар жазып келу. <b>Бағалау.</b> Бағалау парағы бойынша топ басшылары бағалайды	БББ кестесі Бағалау парағы

## ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

**Есбулаева Жанаргул Мурзабековна**  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

### Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** Жіктік жалғаулы сөз бастауышпен байланысып, үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалатынын ұғындыру, зат есімдерді жекеше, көпше түрде жіктеп жазуға үйрету.

**Дамытушылық:** Танымдылық тапсырмалар, сұрақтар арқылы оқушылардың дүниетанымын, шығармашылық қабілеттерін байқау, дамыту.

**Тәрбиелілік:** Сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, ана тілін сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу.

### Сабақтың түрі:

**Оқытудың әдісі:** жинақтау, талдау, сын тұрғысын ойлау, сатылай кешенді талдау, тест, т.б.

### Пәнаралық байланыс:

ана тілі, музыка  
**Сабақтың көрнекілігі:** зат есімнің жіктелуіне арналған кесте, тест, топтастыру әдісі, слайд, бағалау парақшалары, Абай ата туралы нақыл сөз т.б.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушыларды қазақ тілі сабағына дайындау.

### II. Үй тапсырмасын тексеру.

Робусты шешіп, шешуіндегі сөзбен сөйлем құрау.

- Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не?
- Неше септік бар?
- Жіктік жалғауы дегеніміз не?

Жақ	Қосымшалары	
	Жекеше	Көпше
I	-мын, -мін, -бын,	-мыз, -міз, -быз, -біз,
II	-бін, -пын, -пін	-пыз, -піз
III	-сың, -сің, -сыз, -сіз Жалғауы жоқ	-сындар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер Жалғауы жоқ

• Балалар, биыл қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына неше жыл болды?

• Абай Құнанбаевтың туғанына 172 жыл болады. Осыған орай біз бүгінгі сабағымызда Абай

атаның ауылына барғалы отырмыз. Абай атаның ауылыда біз білімдерімізді сынап, Абай атаның өмірі, өлеңдері, шығармалары туралы еске түсіріп қайтамыз.

Абай ата ауылына саяхатта біз бірнеше аялдамалардан өтеміз. Әр аялдаманың өзіндік тапсырмалары бар.

Саяхатқа үлкен автобуспен шығамыз. Тұзу, тыныш отырып дәптерімізді ашып бүгінгі күнді жазып қоямыз. Бірінші аялдамаға тоқтамас бұрын Абай ата туралы не білеміз? Еске түсірейік.

- Абай кім?
  - Абай қай жылы, қайда туылды?
  - Абайдың шын аты кім?
  - Абайдың әжесінің, әкесінің, анасының аттары кім?
  - Қандай өлеңдері бар?
  - Абайды кім тәрбиелеген?
- (Жауап алып, толықтыру.)

### Жаңа сабақ

#### I. «Ой бөлісу» аялдамасы

#### Оқулықпен жұмыс

Өлеңді мәнерлеп оқып, жіктелген зат есімдерді тауып, қай жақта тұрғанын айту. Оларды жекеше, көпше түрде ауызша жіктеу.

#### II. «Артық болмас білгенің» аялдамасы.

• Балалар, біз білеміз Абай атамиз жылдың төрт мезгіліне де өлең шығарған. Жылдың мезгілін 4топқа таратамын. Жыл мезгілдерінің тапсырмаларын орындап, білімдерімізді сынайық.

Әр топ өздеріне берілген жыл мезгілінің өлеңдерін жатқа айту, оқулықтағы 111-жаттығуды талдау.

**Көктем: 1.** Абайдың көктемге байланысты өлеңін жатқа айт. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, сөйлемді көшіру. **2. Мен - қазақ..., мың өліп, мың тірілген.**

**Қыс: 1.** Абайдың қыс мезгіліне байланысты өлеңін жатқа айт. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, сөйлемді көшіру. **2. Мен Оразбай емеспін, елдің жазықсыз, қылмыссыз адамы....**

**Күз: 1.** Абайдың күз мезгіліне байланысты өлеңін жатқа айт. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, сөйлемді көшіру. **2. Біз бейбітшілікті сүйетін ел....**

**Жаз: 1.** Абайдың жаз мезгіліне байланысты өлеңін жатқа айт. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, сөйлемді көшіру. **2. Сіз талантты ақын....**

**III. «Ойын - ой ұштар» аялдамасы.**

**«Ойлан тап» ойыны.** Әр топ өзіне берілген жіктік жалғауларына сәйкес келетін зат есімдерді тап. Берілген сөздерді ауызша жекеше, көпше түрде жіктеп айту.

### Ойын - ой ұштар

#### «Ойлан тап» ойыны

Берілген жіктік жалғауларына сәйкес келетін зат есімдерді тап. Берілген сөздерді ауызша жекеше, көпше түрде жіктеп айту.

<b>I топ</b>	... мын ... пын «Ақын»	<b>III топ</b>	... мыз ... міз «Әнші»
<b>II топ</b>	... сың ... сің «Ұстаз»	<b>IV топ</b>	... пыз ... піз «Сатушы»

#### «Менің бағытым» ойыны

Берілген зат есімдерді жіктелу ерекшелігіне қарай топтап жаз. Әр топқа зат есімдер жазылған үлестірме қағаздар таратылады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Қазақпын, балаңмын,	Бишіміз,
II	ағасымын	Кезекшісіңдер,
III	Күйшісің, сатушысың,	Тергеушісіздер
	інісісің	Ғалымдар
	Жазушысыз, көршісіз,	
	Дәрігер	

**IV. «Тынығайық, күш алып» аялдамасы.**  
Сергіту сәті.

- Бұл аялдамада би билеп, сергіп алайық.

#### Ү. «Абай ауылы»

- Балалар, қазақ халқының ұлы ақыны Абай атамыздың туған жері Семей қаласына келіп жеттік. Мынау Абай атамыздың туған жері.

Абай атамыздың өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айту.

#### Ән: «Желсіз түнде жарық ай»

- Балалар, бүгін Абай атамыздың ауылында ат жарысып «Көкпар» ойыны ойналып жатыр екен. «Көкпар» ойынын тамашалаймыз ба? Ол үшін бүгінгі сабаққа байланысты берілген тест сұрақтарына жауап беруіміз керек.

#### Тест сұрақтары:

**1. Жіктік жалғаулы сөз сөйлемнің қай мүшесі болады?**

- A) баяндауыш;
- Ә) бастауыш кейде баяндауыш;
- B) тұрлаусыз мүше
- B) тұрлаулы

**2. –мын, –мін, –бын, –бін, –пын, –пін қосымшалары нешінші жақтікі?**

- A) III жақ
- Ә) II жақ, көпше түрде
- B) I жақ, жекеше түрде
- B) жақ, көпше түрде

**3. Жіктік жалғаулы зат есімдерді белгіле.**

- A) анам, әкем, әкемнің;
- Ә) қарлығашқа, қарлығашым;
- B) ұстазбын, балдырғансың, ұстазсыз.
- B) кітапқа, оқушымын, дәптерім.

**4. III жақта жіктелген сөз қайсы?**

- A) әдептімін Ә)әдепті B)әдептісің B)әдептісіз

**5. Зат есімнің жіктеулі түрін белгіле.**

- A) ініммен Ә)көмекшімін B)тапсырма B)онымен

**6. Тәуелденіп барып септелген зат есімді тап.**

A)ұршықты Ә)кітабым B)дәптеріме B)сөмкең  
- Балалар, біз Абай атамыздың ауылына саяхат жасап, білімімізді көрсеттік, енді өзіміздің сүйікті сыныбымызға оралайық.

#### IV. Қорытындылау.

- Бүгінгі сабақта не өттік?

- Саяхат ұнады ма?

**Үйге тапсырма:** 115-жаттығу. Ережелерді қайталау.

**Бағалау.**

## Гидросфера и её составные части

Еспенбетова Алия Бисеновна


Гродековская средняя школа

Жамбылская область Жамбылский район

Цель обучения (ссылка на учебную программу)	7.3.3.1. Характеризуют гидросферу и ее составные части
Цели урока:	Учащиеся узнают, что такое гидросфера и ее составные части
Критерии успеха	Знают составные части гидросферы. Объясняют образования круговорота воды в природе. Делают вывод о значении Мирового круговорота воды в природе.
Языковые цели	Умеют использовать термины и понятия по теме (гидросфера, вода, океан, воды суши, свойства воды, большой и малый круговорот воды в природе, мировой океан) правильно, последовательно и логически излагают материал.
Привитие ценностей	"Мангилик ел". Развитие творческих способностей, навыков работы в группе, экономическое воспитание, формирование бережного отношения к природе.

<b>Межпредметные связи</b>	История, Биология, Физика
<b>Навыки использования</b>	Умение работать в группе. Умение работать с текстом учебника, обсуждать и анализировать, применять.
<b>Предшествующие знания</b>	Раскрывают понятие «гидросфера», имеют представление о круговороте воды в природе.
<b>Активные методы обучения</b>	Приемы: "Самый самый", "Скрайбинг", таблица "ЗХУ", "Ранжирование", "Стартеры", "Две звезды одно пожелание".
<b>Дифференцированное обучение</b>	Разноуровневые задания
<b>Дескриптор</b>	Определяют различие между частями гидросферы. Излагают происхождение круговорота воды в природе. Показывают на карте составные части гидросферы. Наносят на контурную карту составные части гидросферы.
<b>Обратная связь</b>	Творческое задание.
<b>Формативное оценивание</b>	В течение всего урока

#### Ход урока

Запланированные этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	ресурсы
Начало урока	<p><b>Организационный момент</b></p> <p><b>Этап актуализации субъективного опыта учащихся</b> «Все хорошо в природе, но вода - красота всей жизни»</p> <p>Сегодня мы будем с вами говорить о вечном путешественнике, самом привычном и удивительном веществе на Земле. Вот что писал о нем Антуан де Сент Экзюпери в своем произведении «Маленький принц», «У тебя нет ни вкуса, ни цвета, ни запаха, тебя невозможно описать, тобой наслаждаются, не ведая, что ты такое! Нельзя сказать, что ты необходима для жизни: ты – сама жизнь. Ты наполняешь нас невыносимой радостью... Ты – самое большое богатство на свете»</p> <p>Вы узнали это вещество?</p> <p><b>Вода!!!</b> Именно она станет героиней темы, к изучению которой мы приступаем. Давайте определим цели сегодняшнего урока? Что мы узнаем с вами нового? С чем познакомимся?</p> <p>(учащиеся самостоятельно формулируют цели урока)</p> <p><b>Слова учителя</b></p> <p>Вспомните: что такое гидросфера?</p> <p>Моря и океаны, реки и озёра, ледники и колодцы, болота и родники, тучи и пар – всё это составные части водной оболочки Земли, которая называется гидросферой.</p> <p>Заполняют таблицу «Самый-самый» (письменно)</p> <p><b>Формативное оценивание:</b> самооценка учеников.</p> <p>Прием "Скрайбинг"</p> <p>Посмотрите на глобус или карту полушарий. Большая часть нашей планеты покрыта водной оболочкой. На нее приходится 71 % площади земного шара. Суша словно паутиной во всех направлениях прорезана сотнями тысяч рек и ручьев. Кроме того, на суше значительное количество воды содержится в озерах и водохранилищах, созданных руками человека, в болотах и ледниках, под землей; незначительную долю составляют пары атмосферы.</p>	<p>Физическая карта мира, материалы и иллюстрации учебника</p> 
Середина урока	<p>Прием «ЗХУ»</p> <p>Как вы думаете, откуда появилась вода на Земле? (учащиеся высказывают свои предположения относительно появления воды на Земле).</p> <p>Затем читают текст учебника.</p> <p>Происхождение воды на Земле столь же неясно, как и происхождение самой нашей планеты. Есть несколько гипотез того, откуда взялась вода:</p> <p>1 гипотеза: В результате выделения из мантии во время вулканических процессов, ученые подсчитали, какое количество воды могли выбросить при извержениях все вулканы за время существования нашей планеты.</p>	

	Оказалось, что этой воды как раз хватило бы, чтобы заполнить все океаны. 2 гипотеза: Расчеты показывают, что ежегодно почти полторы тонны такой «космической» воды рождается в стратосфере. На $h$ при низкой $t$ вода конденсируется на частицах космической пыли, образуя таинственные серебристые облака. И ученые подсчитали, что за всю историю земли, как раз хватило бы, чтобы родились все океаны нашей планеты. Окончательного ответа на этот вопрос дать не могут.	
<b>Дифференциация-каким способом вы хотите больше оказать поддержку? Какие задания вы даете ученикам более способным по сравнению с другими?</b>	<b>Оценивание-как Вы планируете проверять уровень освоения материала учащимися.</b>	<b>Охрана здоровья и соблюдение техники безопасности.</b>
Күй айтысының қазақ арасында ежелден орныққан екі түрлі үлгісі бар. Оның біріншісін – «қара тартыс», екіншісін – «түре тартыс» немесе «қайым тартыс» деп атайды. Қара тартысты таңдаушылар, әдетте, күйдің санын асырып жеңуді мақсат етеді. Ал, түре тартыстың шарты бойынша, бірінші адам тартқан күйді екінші бәсекелесі айнытпай қайталап тартып отыруы керек. Күй атысының осы екінші үлгісі мейлінше қиын болғандықтан, кезекке таласып қалатын жағдай жиі кездесіп отырған. Кейбір күйшілер түре тартысты бастау құрметіне ие болса да мінез көрсетіп, қарсыласынан күй тарту тәсілін жасыру үшін киіз үйдің іргесін түргізіп қойып, керегенің екі жағында айтысатын болған. Әрине, айтыстың бұл үлгісіне шын мәнінде өзіне-өзі сенген нағыз дәулескер күйшілер ғана тәуекел еткен. Соның өзінде, неше жерден дәулескер күйшілер болса да, тосын естіген қиын күйді бірден айнытпай қайталаудан мүдіріп, өзекті сарынын ғана іліп қалып, нобайын тартып беретін кездер болады. Мұндайда төреші болып отырған адамның алды кең болса «жетеді, жетеді, күйдің құлағы шықты, келесі күй тартылсын» деп отырады.

Әдетте күй айтысы алқалы жиында, ас берілгенде, ұлы дүбір тойда алдын ала дайындалып келіп өтетін болса, төреші белгілейтін дәстүр бар. Төрешінің өзі де күй тарта білетін, білікті адам

болуы шарт. Мұндай күй айтысында алдымен күй тарту кезегі төрешіге беріледі. Мұны «бата тартыс» немесе «күй шақыру» деп атайды. Бата тартыс, біріншіден-төрешінің күй жайын білетін лайықты адам екенін танытса, екіншіден-күй айтысына түсетіндердің шабытын шақыру үшін қажет.

Күй тартып айтысу дәстүрі, күймен жауаптасу дәстүрі қазақ даласының барлық өңірінде болған. Күй аңыздарының дерегіне қарағанда, осынау тамаша өнер жарысының ертеден-ақ орныққан дәстүр екенін аңғаруға болады. Күй айтысы айырықша дамыған өңір ретінде Маңғыстау, Арқа алабын алдымен атауға болады. Бұл өңірлерде күйшілік өнердің сыналар тұсы да, нағыз күйдің дүниеге келер сәті де көбінесе намыс қозғар әрекет (ситуация) үстінде өтеді. Тіптен, тосын күй, сәтімен шыққан күй қоғамдық өмірдің күрделі мәселелеріне араласып, көбінесе оң шешімдердің кілті болып отырған. Сөзбен жібіте алмаған жүректі күймен жібіткен, күшпен қайтара алмаған ашуды күймен тоқтатқан, байлықтың кеудемсоқ арын күймен басқан оқиғалардың небір мысалдары айтыс күйлерінің аңыздарында мол ұшырасады. Бұл ретте, тек айтыс күйлері ғана емес, жалпы күйшілік өнер бір ғана эстетикалық әсермен шектеліп қалмай, қоғамдық өмірдің реттеушісі ретінде де көрініс табатыны айырықша назар аударады.

Енді осы күй айтысының үлгілері біртұтас музыкалық дәстүр ретінде өз ішінде төрт түрге бөлінеді. Бірінші – күйшілердің алдын ала құлақтасып, хабарласып, сайланып келіп айтысатын түрі. Екінші – күйшілердің тосын кездесу сәтінде, ерегіс үстінде немесе даулы жағдайға тап болғанда дүниеге келетін күйлер. Үшінші – күйші куә болған оқиғаға арнап немесе бұрын өткен, бірақ ел есінен өшпей жүрген оқиғаға арнап күй шығарады. Ол оқиғаның желісі күй тілінде екі дай ерегіс, бәсеке түрінде баяндалып, одан әрі ширыға өрбіп, ақыры түйінді шешіммен аяқталады. Төртінші – күймен жауаптасу, күймен сәлем айту, күйшілердің бір-біріне күй арнау дәстүрін де күй айтысының бір түріне жатқызуға болады.

Күй айтысының бірінші түріне сайланып келіп айтысатын күйшілердің өнері жатқызылды. Әдетте мұндай күй айтыстарының өтетін мезгілі, мекені алдын ала белгілі болып, тіптен айтысқа түсетін күйшілер кімдермен өнер сынаса алатынын алдын ала біле алады. Сондықтан да, айтысқа түсетін күйшілер де бір – бірінің қандай күй тартатынын, қандай бұрауға салатынын, күй тарту мәнері қалай екенін алдын ала түрлі тәсілдермен білулеріне мүмкіндік болады. Әрине, күйшілердің бәрі бірдей көпшіл емес, олардың ішінде өз өнеріне ерекше қызғанышпен қарап, әркімнің алдында ашыла бермейтіндері де болған. Мәселен, Сайдалы Сары Тоқа өз күйлеріне мейлінше қызғанышпен қарап, әлдекімнің бұзып тартқанын естісе қатты ашуланатын болған. Өз күйлерін оңаша отырып тартуды ұнататын күйшілердің бірі Сүгір екені айтылады. Әрине, күй айтысына түсерде мұндай мінездегі күйшілерден сыр тарту, алдын ала өнерпаздық қарамын болжау қиын. Мұндай жағдайда айтыс күйшілері бір-біріне түрлі кейіптегі жансыздарын жіберіп, алдын ала шолу жасататын да дәстүр болған. Бір мысал келтіруге болады. Тарбағатай сілеміндегі Маңырақ тауының арасында ағатын Терісайырық өзенінің бойында Қай-

рақбайдың Заманбегі деген дәулескер күйші XIX ғасырда ғұмыр кешкен. Руы – Найман. Бұл өңірде Қайрақбайдың Заманбегінің «Қайрақбай» деген күйі күні бүгінге дейін тартылады.

Сол Заманбектің буынсыз күйшілігіне, алыстан жеткен даңқына Керей Жұмажан деген күйші ынтық болады. Жұмажанның өзі де қаражаяу емес. Керей ішіне аты жайылған өнерпаз болса керек. Бірақ, келген-кеткеннен құлағы шалып қалатын небір сиқырлы саздың тегін сұраса, ылғи Заманбекке барып тіреле береді ғой. Бір күні әбден тағат-төзімі таусылған Жұмажан ел ақтаған дуананың киімін киіп, тіл-аузы жоқ мылқау адамның кейпіне түсіп, Найман ішіне келеді. Содан елдің көзін үйретіп біраз жүрген соң, Заманбектің үйіне де жетеді. Бұл үйдің тобылғысын бұтап, суын әкеліп біраз аялдайды. Ертелі-кеш Заманбек күй тартса болды, босағаға отыра кетіп, телміріп күй тыңдайды. Мұндайда Заманбек: «Қайтсін, тегін адам тіл-ауыздан қала ма, ішінде шер бар ғой!» деп мүсіркеп, Жұмажанның көңілін аулау үшін одан сайын егіліп тартады. Осылайша Жұмажан сол үйдің есігінде жүріп, Заманбектің бойындағы өнерін көкірегіне түйіп алған ғой.

Кейін Найман мен Керей арасында өткен бір бөсекеде қос күйші кездесіп, өнер санасқанда, Заманбек: «Япырай, біреудің өзегін жарып шыққан перзентін екінші біреу жатсынбай бауырына салып, мөпелеп ұстай алады екен-ау!» деп, Жұмажанның күй тартысына тәнті болады. Мұнысы, Заманбектің күйін Жұмажанның шебер тартатынына сүйсінгені ғой. Бір қызығы, күні бүгінге дейін, Найман арасында Заманбектің «Қайрақбай» деп тартылатын күйі Керейлер арасында Жұмажанның «Арманда» деген күйі болып тартылады. Осы орайда, көшпелілер үшін өнердің жеке адамға атақ - даңқ әкелуі басты мұрат емес, өнердің нәрі таймай халық көңілінен шығуы, халқына қызмет етуі негізгі мақсат екені аңғарылды.

Алдын ала сайланып өткізілетін күй айтыс, әдетте, ірі жәрмеңкелерде, күні бұрын сауын айтылып берілетін астарда, салтанатты жиындарда, той – думан бас қосуларда өткізілетін болған. Қырғыздың белгілі манабы Шәбденнің асына қазақтың жеті уезінен адамдар қатысқан. Соның ішінде Ақмола уезінің адамдарын әйгілі күйші әрі болмыс Тоқа Шоңманұлы бастап келсе керек. Осы аста бірнеше жұп күй айтыс болып, Сайдалы Сары Тоқа қырғыздың Ыбырай Тұманұлы және Қарамолда Оразұлы деген «жас пері» атаған қос күйшісімен айтысқа түскен. Тоқа өле-өлгенше осы күй айтыстарын еске алып: «Ыбырай да, Қарамолда да түпсіз терең күйшілер екен. Қырғыздың әрідегі Арыстанбек, Қайду, Абақ сияқты күйшілерінен бастап, берідегі Мұраталы, Тоқтағұл, Ниязалы, Айдарлы сияқты күйшілердің мұрасын таңды-таңға ұрып тартады екен. Қара тартыстан күйдің түбі көрінбейтін болған соң, жұртшылық кеу-кеулеп, бізде түре тартысқа салды. әлі есімнен кетпейді, Ыбырайдың «Қамбархан», «Бата», «Кертолғау» деген, Қарамолданың «Қаныкейдің арманы» деген күйлері кісінің буынына түсетін асыл өнер еді-ау! Қырғыз ағайынның көңілі көлдей, мейірімі таудай халық қой, менің жасымның үлкендігін сыйлап, түре тартысқа кезекті маған беріп отырды. Намыс деген қиын ғой, біраз теріс бұрауға салып тартқан күйлерім жанымды алып

қалды» - деп отырады екен.

Алдын ала сайланып өткізген күй айтысының небір қызықты үлгілері Маңғыстау өңірінде өткен. Күй өнерін бұл өңірде мейлінше қадір тұтатыны соншалық, күй қоғам өмірінің үлкенді-кішілі мың сан жағдайына араласып, талай-талай кісілікті шешімдердің кілті болып отырған. Абыл, Боғда, Есір, Есбай, Өскенбай, Қоңыр, Құлшар сияқты дәулескер күйшілердің қанатты өнерінің дүниеге келер ортасы үнемі додалы айтыс үсті, тосын сын сәті болып отыратынын көреміз. Мұның жарқын үлгісі сияқты «Үш ананың айтысы» атты күй сайысы күні бүгінге дейін ізі суымаған, қызуы басылмаған қалпында Маңғыстау өңірінде мәлім. Бұл айтысқа Өлімнен Тоғызбай, Табыннан Науша қыз, Байұлынан Есбай (Тазбала) сияқты күйшілер сайланып келіп қатысқан. Күй айтысының аса қызу, тартысты өткені сондай, нәтижесінде «Шиелеме – шегелеме», «Қызылқайың – Мамыт», «Терісқақпай», «Бұлбұл», «Өттің дүние» сияқты тамаша күйлер дүниеге келіп, ұрпақтың рухани игілігіне айналған.

Күй өнеріндегі бұл құбылыс туралы өнер зерттеушісі А. Сейдімбековтың «Күй шежіресі» атты кітабында бір тамаша пікір келтірілген: «... Тосын жағдайда өтетін күй айтысының негізгі бір ерекшелігіне айрықша назар аударған жөн. Ол – осынау өнер жарысында туған күйлердің ел ішіне бір күйшінің мұрасы ретінде тарап отыратыны. Мұның мәнісі, күйші өз басынан өткен оқиғаға байланысты тартылатын күйлерді, өзінің шығаруы да мүмкін.

Яғни, әр түрлі тосын жағдайда өткен күй айтыстарында тартылған күйлер, әдетте, бір күйшінің мұрасы ретінде танылады. Мұның негізгі себебі, күйші тосын оқиғаның кейіпкері ғана емес немесе тартушысы ғана емес, ең бастысы сол оқиғалы күйлерді ұштап, толықтырып шығарушы да болып табылады. Осы орайда, көшпелілер өнерінің тек өнер ретінде тумайтыны, міндетті түрде нақтылы өңірдің айғағы, шежіресі әрі реттеушісі ретінде дүниеге келіп, өмір сүретіні тағы да айқын аралықтарына байланысты. Дәстүрлі өнеріміздің төл сипатын даралып көрсететін тамаша қасиеті осы болса керек...»

Көрнекті зерттеуші Б.Аманов «Тартыс мәдениеттегі бірегей құбылыс емес, ол көшпенді халықтың өміріне сіңген сайыстардың бірі болып табылады» дейді. Домбыралық тартыстарды тартысушы алдына қойылған талаптардың күрделілігі, қиындығы жағына қарай үш түрге бөледі:

- 1) орындаушылық шеберлік көрсетілетін тартыс;
- 2) композиторлық қабілет сыналатын тартыс;
- 3) композиторлық өнермен қатар, бір ойнағаннан кейін есе сақтап қайталап шығу мысалындағы мнемотехниканы бағалау тартысы.

Тартыстың жоғарыдағы тарихы мен түрлері дәстүрлі сайыстың үлгілері болып табылады. Онда күйшілердің өнері сынға салынып, орындаушылық және суырыпсалмалық шеберліктері өсе түсетін. Сонымен қатар осындай тартыстарда музыка өнерінің қоры жаңа туындыларға байиды. Қазіргі кезде «Қазақстан» телеарнасында «Күй тартыс» атты бағдарлама ұйымдастырылады. Бұл телеарна халықтық өнерді насихаттауды алдына мақсат қылып отыр. Бүгінде «Өн айтыс», «Күй тартыс», «Сегіз қырлы» сынды бағдарламалар, олардың

алдында «Алтыбақан», «Дала дидары», «Думан қала», «Қымызхана» сияқты телебағдарламалар болды. Ертай Нүсіпжанов «Қазақстан» Ұлттық арнасында «Аламан айтыс» жобасын өзі жүргізді. Ол кезде «Аламан айтыс» әр жексенбі сайын күндіз және кешке екі рет әфирге шығатын.

Дәстүрлі күй тартысты сақтап қалып дамыту масатымен ұлттық телеарналарда бағдарламалар ұйымдастырылуда, сонымен қатар қазіргі орындаушылық өнерде іске асырылуда. Жас домбырашылар арасында көптеген республикалық сайыстар өткізіледі. Бүгінгі күні Қазақстанда Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Қазанғап Тілепбергенұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Мұрат Өскенбай атындағы республикалық конкурстар жыл сайын өткізіледі. Республикалық конкурстар дәстүрлі күй тартыстың біздің заманымыздағы көрінісі деп айта аламыз. Себебі, күй тартысқан кезде де конкурстарда да ең шебер орындаушы белгіленіп атаққа ие болады. Әрине көптеген айырмашылықтары да бар: қазіргі республикалық сайыстарда суырып салмалық бастау жоқ, сайыстың барлық шарттары алдын ала

белгіленеді, жаңа күй шығарылмайды.

Республикалық сайыстардың соңында екі орындаушы арасында жеңімпазды анықтау үшін әділқазылар алқасы дәстүрлі күй тартысты өткізеді. Ондай күйтартыстарды ұйымдастырғанда орындаушылар жеребе тартады, оның нәтижесінде осы тартыста күй тартуды бастайтын сайыскер анықталады. Одан кейін сайыскерлер бірі бастаған күйді екіншісі жалғастырып тартысады.

#### Әдебиет:

1. Аманов Композиционная терминология домбровых кюев //Инструментальная музыка казахского народа» Составитель А.Мухамбетова. - Алматы, 1985.

2. Аманов Б.Тартыс-инструментальные соствязание //Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы: Дайк-пресс, 2002.

3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. - Астана, 2002.

4. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы ред. Басқарған Т.Жанұзақов. -Алматы, Дайк-пресс, 1999.

## МАТЕМАТИКА ПӘНДЕРІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Матаева Гүльбарам Мантубетовна**

Математика пәнінің 1-санатты оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі

Экономика және ақпараттық технологиялар колледжі

БҚО Орал қаласы

Білім беруде ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және шығармашылық пен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Мұғалім оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт. Бүгінгі мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болуы шарт.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқыту, әр оқушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияларды пайдалана оқытудың негізгі мақсаты: Оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Компьютерлік технологияны пайдалана отырып, сабақты өткізу барысында оқушылар:

- Қарастырылып отырған тақырыптың мағынасын терең түсінеді;

- Оқушы жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеу жұмысына тартылады, оның бойында зерттеушілік қабілет пен ынта қалыптаса бастайды.

Қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезінде ақпараттар ағымынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, пайдалана білу-бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі-жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте, колледжде, жоғарғы оқу орындарында білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны, студентті ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Қазіргі кезде білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдалануда кең қолданыстағы түрі видеокұрылғылар немесе проектор арқылы бейне материалдарды пайдалану. Мысалы Экономика пәні арналған математика пәні бойынша «Жазықтық пен кеңестікте жатқан векторлар, оларға қолданылатын амалдар» тақырыбында вектор туралы бейнематериалды, тарихи мәліметтерді, Ұлы ғалымдар туралы мәліметтерді, Жоғары математика пәнінен «Функция», «Функция дифференциалы», тақырыптарын түсіндіру кезінде бейнематериалдары пайдалану арқылы оқушының қызығушылығы мен зейінін аударудың мүмкіндігі мол екендігіне көз жеткіздім. Оқушының естіген ақпараттан гөрі көрген ақпаратты ұғып, жадында тоқитындығы

белгілі. Мен өзім жетекшілік ететін топқа тәрбие сағаттарын жүргізу барысында мүмкіндігімше, тақырыпқа сәйкес бейне нұсқаларды пайдаланып отырамын. Мысалы: салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған «ЖҚТБ-қатерлі дерт» және «Қазақстанның экологиялық жағдайы» тақырыптарына сәйкес бейнематериалдарды көрсеттім.

**Ақпараттық технологиялардың бірі - электронды оқулықтарда пайдалану.**

Электронды орта мен оқулықтар мұғалімдер үшін қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдар. Электронды оқулық дегеніміз – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту, оқытушының студентпен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір студенттер түсінбей қалған материалды оқытушыдан қайталап сұрай беруге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға мүмкіндік тудырады. Кез-келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығарма-шылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі-оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады. Электронды ортаны құрастыру барысында мен мынандай жағдайларды басшылыққа аламын:

1) Белгілі бір тақырыпқа байланысты дайындалған оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы; яғни оқу пәнінің мазмұндық көлемін бағалау

2) Электрондық оқулықтарда материалдардың оқушының білім деңгейіне сәйкестендірілуі, демек білім алушының өзіндік білім алу деңгейін есепке алу.

3) Курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі сарамандық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалдарды дайындау арқылы оқушының білімділік, икемділік деңгейін қалыптастыру.

Қазіргі кезде білім беру мақсаты студенттерге барынша көп ақпарат беруде ғана емес, сонымен қатар студенттерге өз бетінше пәндік ақпараттарды өзі тауып қолдануға үйрету. Оның бәрі электронды оқулықтарда әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар арқылы беріліп отырады. Осындай жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда, студент өз бетінше алдыңғы өтілген тақырыпқа оралуына, кейбір сілтемелерге, анықтамаларға оралып қайталауына мүмкіндіктер бар.

Ақпараттық технологиялардың тағы бір түрі – мультимедиялық жүйе. Мультимедиа-компьютерлік графикамен, суреттермен, қозғалыстағы бейнеқаптармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін жүйе. Бұл тұрғыда, математика пәні бойынша «Фигураның ауданы. Призма, пирамида, қиық пирамида», «фигураның ауданы. Цилиндр,

конус, қиық конус.», «Фигураның көлемі. Призма, пирамида, қиық пирамида.» тақырыптарында оқу материалын, материалды бекітуде жағдайларды шешу тапсырмаларын анимациялы бейнелердің, мәтіндерді, суреттердің, кестелердің көмегімен жүзеге асыруға мультимедиялық жүйе мол мүмкіндік береді. Осы аталған сабақтардан алған білімдерін тексеру барысында оқушылардың өте жақсы баға алуының көп үлесі байқалды. Мультимедиялық жүйенің артықшылығын осыдан-ақ байқауға болады.

**Ақпараттық технологияны пайдалана білудің жоғарғы шыңы – интерактивті құралдардың көмегімен сабақты түрлендіре өткізу.** Интерактивті құралдарды пайдаланатын оқыту әдістемесі дәстүрлі оқыту әдістемесінен өзгеше ерекшеленеді. Алайда, кез келген жағдайда, соның ішінде интерактивті құралдарды пайдалану арқылы сапалы білім беруді ұйымдастыру үшін сабақтың жоспарын, құрылымын, оқытудың мақсаты мен нәтижесін анықтау қажет. Интерактивті құралдарды қолданатын сабақ сапасы, бірінші кезекте мұғалімнің өзіне, яғни интерактивті құралдардың мүмкіндіктерін қалай қолданатынына тәуелді екенін ескертіп кеткен жөн. Интерактивті құралдарды пайдалану, кез келген сабақты серпімді етеді, ал бұл сабақтың бірінші минутынан оқушылардың танымдық іс-әрекетінің артуына ықпал етеді.

Өндірістік және экономикалық процестерді үлгілеу «Сұраныс пен тұтынуды модельдеу», «Көпшілікке қызмет көрсету жүйесін модельдеу», «Қорды басқару модельдері.» тақырыптарының мәнін ашуда интерактивті тақта-оқушы-оқытушы арасындағы үшбұрышты берік байланыс құра алады. Сабақ барысында студенттер үй тапсырмасындағы кестелерді, графиктерді, Венн диаграммасын маркер көмегімен орындаса, бейнефайлдарды тамашалаумен қатар игерген материалды «Жұмбақ сан» ойынымен тексеруде де интерактивті тақтаны пайдалану да сабақты тартымды әрі мәнді етті. Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Осы сөздерден интерактивті тақтамен оқушыны жұмыс жасата білудің мәні өз көрінісін табады. Экономика саласында адамзат баласына қажет ресурстардың бес тобы бар. Солардың бірі-ақпараттық ресурстар. Ресурстар тобының бірі болмаса, өнім өндіру мүмкін емес. Сол сияқты оқытушының өз еңбегінің өнімі - оқушыны сапалы біліммен қаруландыру десек, ақпараттық технологияларсыз оқытушы әрекетін елестету мүмкін емес.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту»
- Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж.
- Интернет материалдары «Google» және «Mail.ru» сайттары 2015 ж.
- Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Н.Ә.Назарбаев 2006 ж.
- Электронды оқулықтарды пайдалану. А.Абубаева, Информатика негіздері, №4 – 2012 ж.
- Халықова К.З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007.

# «ХИМИЯ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

Найманбаева Д. С.

Химия, биология пәні мұғалімі

Петровка орта мектебі

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы

**Ойынның мақсаты:** Оқушылардың химия пәнінен алған білім деңгейін байқау және оларды тез ойлануға, алғырлыққа, тапқырлыққа, ізденуге баулу.

**Көрнекілігі:** презентация, эмблемалар, таратпа материалдар, суреттер, тәжірибеге қажетті құралдар (спирт, орамал, су, стакандар, химиялық қайшы, сіріңке, пластик бөтелке, ас соласының ұнтағы, сірке қышқылы, үрленетін шар, қасық) Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қымбатты сайысқа қатысушылар!

Бүгінгі біздің «Химия әлеміне саяхат» атты сайысқа қош келісіздер!

Білген сайын келеді біле бергім

Біле беру емес пе тілегі елдің

Бүгін осы сайыста жеңіске жет

Білімді әрі білікті жас жеткіншек.

Сонымен, сайыскерлерімізді ортаға шақырып, қарсы алайық. Топтармен танысу рәсімі (музыка орындалады).

1 топ: «Ойшылдар»

2 топ: «Тапқырлар»

**1 топ: «Ойшылдар»**

Дайын біздің команда, шығындар көне жарысқа.

Кімдер епті, кім алғыр, озып шығар сайыста.

**2 топ: «Тапқырлар»**

Шетімізден тапқырмыз, біз команда құраймыз.

Не үйредік, не білдік, сайыста жеңіп шығамыз.

Қарап тұрмай бәйгеге сіз еріңіз

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар

Шәкірттерге әділ шешім беріңіз

Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз, – дей келе біз бірінші кезең – бәйгені бастайық.

1. Жүргізуші қатысушыларға қарапайым сұрақтар қояды. (8 - 9 сынып курсынан)

2. Қатысушы дұрыс жауап берген жағдайда бір ұпай иеленеді.

3. Тур кезінде артық сөз айтуға тыйым салынады, бұл шартты екі мәрте бұзған ойыншы ойыннан шығарылады.

**I. «Бәйге» кезеңі**

**Сұрақтар: Ойшылдар**

1. Оттектің атомдық массасы нешеге тең? (16)

2. Қай элементтің таңбасы айдаһар белгісіне ұқсайды? (S)

3. Заттардың ең ұсақ бөлшегі (атом, нейтрон)

4. Темірдің массалық үлесі қандай? (56)

5. Алғашқы көмекке пайдаланылатын бейметалл (иод)

6. Өмір мен ойдың элементі (Фосфор)

7. Домбыраның ішегін аңыз бойынша үзген металл (қорғасын – Pb)

8. Күнделікті тұрмыста пайдаланылатын марганцовканың химиялық атауы (калий перманганаты)

9. Ас тұзының формуласы (NaCl)

10. Оң зарядталған ион (Катион)

**Тапқырлар**

11. Өсімдік тіршілігіне қажетті элементтерді ата. (P, K, N)

12. Адам ағзасында қай элемент жетіспеуінен тіс жегі ауруына ұшырайды. (Фтор)

13. Азот оксидтерін атаңыз (NO/ N<sub>2</sub>O<sub>3</sub>)

14. Аммиактың судағы ерітіндісі? (мүсәтір спирті)

15. Фосфордың табиғи қосылыстарын ата? (фосфорит, апатит)

**II. «Полиглот» кезеңі**

Келді кезек полиглотты шешуге,

Жауаптарды аударуға үш тілде.

Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз, 30 ұпай, шәкірт саған несібе.

Қатысушылар берілген жұмбақты шешу немесе мақалды аяқтау арқылы жасырынған сөзді тауып, орыс, ағылшын тіліне аударарды. (Әр айтылған сөзге 10 ұпай)

1. Отқа жанбас суға батпас (Мұз, лед, swing)

2. Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің (ауа, воздух, airflow)

3. Өшпейтін өмір жоқ, сынбайтын... жоқ (Темір, железо, iron)

4. Сыйлап берген... да төтті (су, вода, water)

5. Құрғақ жерде сақтайсың, Онсыз тамақ татпайсың (тұз, соль, sol)

6. Сабыр түбі сары... (алтын, золото, golden)

7. Иісі, түсі, өңі жоқ

Табиғатта онсыз өмір жоқ

Өсімдіктен аламын

Өміріме нәр қыламын.

Жауабы: Оттек, кислород, охуген

8. Периодтық жүйе осыдан бастау алады. (сутек, водород, hydrogen)

**III. «Химиялық эстафета» кезеңі**

**«Ойшылдар» тобының тапсырмасы:**

**Химиялық реакция теңдеуін аяқта (5 ұпай)**

Zn – ZnO – ZnSO<sub>4</sub> – Zn(OH)<sub>2</sub>

Cu – CuO – CuCl<sub>2</sub> – Cu(OH)<sub>2</sub>

**«Тапқырлар» тобының тапсырмасы:**

**Химиялық сөзді есептер (5 ұпай)**

Мыс оксиді, судың, ас тұзының, молярлық массасын есептеп тап.

Кальций оксидінің зат мөлшері 5 мольге тең.

Кальций оксидінің массасын есептеп табыңыз.

**IV. Кезең. «Ақылды команда» сайысы.** Екі топқа екі түрлі тәжірибеге беріледі. Сол тәжірибегені ортаға шығып тәжірибегені көрсетіп, түсіндіріп берулері шарт. Дұрыс нақты түсіндіріп берген топ 30 ұпай алады.

**«Ойшылдар» тобының тапсырмасы: Тәжірибе №1**

**«Жанбайтын орамал»** Орамалдың жанбайтындығын дәлелдеу үшін орамалды стақандағы суға салып шамалы сығады. Содан кейін екінші стақанда тұрған спиртке салып, оны да шамалы сығады. Енді орамалды химиялық қайшымен бір шетінен ұстап тұрып астынан от жағады. Оны әрліберлі қозғап, оның лапылдап жанғанын балаларға көрсетеді. Аздан соң жану тоқтап, от өзінен-өзі сөніп қалады. Бір ғажабы әлгі орамал жанбай қалады. Орамал алғашқы кезде қандай болса, жанғаннан кейін де сол қалпында қалады. Орамалдың жанбау себебі: орамалды суға батырғанда ол өзіне суды сіңіріп алады, содан соң жаққан кезде тек спирт жанып кетеді де, орамалдағы су кеуіп қалады.

**«Тапырлар» тобының тапсырмасы: Тәжірибе №2**

«Өздігінен үрленетін шар» Пластик бөтелкеге (1 литрлік) сірке қышқылын құйыңыз. Осы бөтелкеге 3 қасық ас содасын салыңыз. Реакция жүре бастайды. Реакцияны жазып, түсіндіріңіз. Сол бөтелкеге шарды кигізіп қойсаңыз. Шар өздігінен үрлене бастайды. Неге? Топпен ақылдасып отырып, дұрыс жауапты беріңіз.

Жауабы: Сірке қышқылы ас содасымен әрекеттескенде, реакцияға түседі. Реакция соңында көмірқышқыл газы мен су бөлінеді. Көмірқышқыл газының бар болуынан шар өздігінен үрленеді.

#### «Ұлы тұлғалар» атты кезең

1. Америкада Бриджпорт қаласындағы университеттегі құрмет тақтасына ойып жазылған Эвклид, Архимед, Коперник, Лавуазье сияқты ұлы адамдардың аттары жазылған, осы құрмет тақтасында атақты орыс ғалымының аты да бар ол кім? Менделеев

2. Бұл ғалым өзінің ешқандай арнайы мамандығы болмасада, жоғары дәрежедегі қабілетінің арқасында химия, физика, техникалы ғылымдарды жеңлігерген. Сонымен қатар оған медицина, тарих, философия, әдебиет ғылымдары да таныс болды. Ол алты Европа елдерінің тілінде сөйлей білген және 93 заводты меңгерген. Өз өмірінде бұл кісі 350 ашылулардың патентінің иегері болған. Бұл кім? В) Альфред Нобель;

3. Казань университетінің профессоры Клаус 1884 жылы жаңа элемент ашып, оған Отаны ресейдің атын берген. Бірақ, Менделеевтің кестесінде бұл элемент латын атымен орналастырылған. Бұл қай элемент? А) Рутений

**Қорытынды.** Әділ-қазылар алқасына сөз кезеңін береміз. Жеңімпаздарымызды құттықтап, сыныптан тыс сабағымызды аяқтаймыз.



## Современные подходы к уроку физической культуры в рамках современного образования

Решетников Сергей

Учитель физической культуры

Средняя общеобразовательная школа-лицей №53

Город Караганда

*Для соразмерности, красоты и здоровья требуется не только образование в области наук и искусства, но и занятия всю жизнь физическими упражнениями, гимнастикой.*

**Платон**

В рамках современного образования больший акцент в последнее время делается на постижение других дисциплин. Но я предлагаю обратить внимание на один из важнейших предметов, на мой взгляд, в современном обществе - физическое воспитание. Президент Республики Казахстан отметил: «Только здоровая нация может называться конкурентоспособной. Спорт - это сфера, которая работает на престиж и авторитет страны»

В последнее время мы, учителя физкультуры, стали замечать, что нынешние подростки другому относятся к предмету физической культуры: современный технологический мир, компьютерная зависимость, пренебрежение общечеловеческими ценностями - все это играет проигрышную роль в формировании ответственного отношения как перед предметом физического воспитания, так и перед здоровьем и физически и нравственно здоровым обществом в целом. Считаю, что современный подход в рамках обновленного образования выполнит особую роль в воспитании здорового общества. Традиционный урок физкультуры постепенно теряет свою актуальность. Обратим внимание на то, что уже многие из школьников посещают спортивные секции, клубы, их увлекает спортивный фитнес. А это значит, что подростки будут заниматься физической культурой не под наблюдением учителя физкультуры, а инструктора-любителя, непрофессионала, для которого главное - заработать, а не приучить ребенка к здоровому образу жизни. Это значит, что нам, учителям физического воспитания, необходимо

не только выполнять государственный стандарт своего предмета, но и выполнять его, принимая во внимание запросы современного школьника.

В связи с этим предлагаю использовать нестандартные формы на уроке, парные разминки, групповые игры. Так же считаю необходимым в заключении каждого урока проводить небольшую рефлексию совместно с учениками, что позволит им самим не только оценить свою работу на уроке физкультуры, но и анализировать некоторые действия, например в подвижных играх, таких как футбол, волейбол, баскетбол. Не для кого не секрет, что футбол, например, - это целое искусство, и чтобы в него играть, ребятам надо научиться не только правильно передавать мяч, но и анализировать процесс игры, планировать результат и предвидеть ту или иную концовку игры. Анализируя вместе с ними такие игры, мы научим ребят вырабатывать определенные стратегии игры, возможные ходы и выходы, предвидеть реакцию соперника. Рефлексия на уроках физкультуры поможет так же и вовлечь детей со слабыми физическими навыками. Наблюдая за некоторыми моментами игры, они могут дать адекватную оценку ходу действия.

При работе с девочками предлагаю проводить разминку не только под счет, но и под музыкальное сопровождение. В разминочную гимнастику ввожу несложные элементы кардионагрузки, фитнеса. Они должны быть несложными, интересными, выполнимыми для физически слабых учащихся. Используя такую «реформу», я для себя отмечаю, что ученицы с большим энтузиазмом приходят на уроки, интерес к спортивным мероприятиям и урокам становится совсем другим. Считаю необходимым использовать на уроках физкультуры беседы, в которых ученики представляют материалы, презентации о спортсменах, рассказывают о их жизни, спортивном пути, достижениях. Таким образом на наглядных примерах воспитывается не только интерес к спорту, но и отдельным спортивным личностям. Таким образом интерес к физической культуре и спорту у детей будет формироваться

на отдельных примерах. Современный подход в обучении предполагает иную систему оценивания. Формативный подход в оценивании так же может стимулировать физически слабого учащегося выполнять даже самые простые упражнения. Надо только не забывать поддерживать таких учеников, помогать им, чаще говорить о том, что сегодня он выполнил свою задачу гораздо лучше, чем вчера, а в следующий раз он сможет достигнуть еще большего.

**Предлагаю для использования на уроке физкультуры следующие эффективные упражнения с гимнастической палкой:**

**Проработка плечевого пояса и ног:** Снаряд держим прямым хватом на уровне груди, стопы на ширине плеч, колени чуть согнуты, спину держим прямо.

**Упражнение состоит из 2-х циклов:**

• Вдох – поднимаем палку вверх, выдох – заводим снаряд за голову, опуская максимально близко к лопаткам; вдох – палка идет вверх, выдох – опускаем руки до уровня груди, одновременно приседая.

• Развитие гибкости суставов рук. Держим гимнастическую палку перед собой на уровне груди. Совершаем круговые движения на максимальной амплитуде сначала от себя, затем к себе.

**Скручивание позвоночника.** Палку фиксируем на сгибе локтей за спиной, ноги на ширине плеч, стопы плотно прижаты к полу. Делаем вращательные движения корпусом в разные стороны. Во время упражнения старайтесь держать тело строго вертикально, не отрывая стопы от пола, подбородок приподнят, грудь расправлена. Движения корпусом совершаются только за счет мышц спины и живота.

Для тренировки вам понадобится палка длиной 120 см. Каждое гимнастическое упражнение делаем по 2-3 подхода 20-30 раз в умеренном темпе.

**Гимнастический ролик** – эффективный спортивный снаряд. Регулярные тренировки отлично прорабатывают мускулатуру верхнего плечевого пояса, мышцы спины, пресса, ног. Простые на первый взгляд гимнастические элементы дают колоссальную нагрузку практически на все тело. Рассмотрим упражнения с гимнастическим роликом:

**Растяжка:** Встаем на колени, ролик держим перед собой. На выдохе начинаем катить снаряд вперед, пока грудь не коснется коленей, на вдохе возвращаемся назад. **Тренировка пресса и косых**

**мышц живота:** Стоим на коленях, ролик держим перед собой. На выдохе катим снаряд от себя, максимально опуская грудь к полу, но не касаясь его. На вдохе возвращаемся обратно. Делаем три варианта движения: прямо, направо, налево.

**Проработка мускулатуры корпуса:** Ложимся на живот, руки с роликом вытянуты перед собой, носочками упираемся в пол. На вдохе подтягиваем ролик к себе, прогибаясь в пояснице, на выдохе возвращаемся в исходную точку. Количество подходов определяем, исходя из текущей физической формы.

Так же считаю очень актуальным на уроках физкультуры использовать **элементы художественной гимнастики**. Данная разновидность гимнастики будет интересна для девочек среднего и старшего школьного возрастов. Ее основа состоит в номерах с использованием танцевальных комбинаций с предметами или без них. Она, как и другие виды гимнастики, подразумевает в себе стремление достичь высоких результатов, позволяя развиваться физически, расширять двигательные возможности, осваивать больше технических упражнений. Можно увидеть тесную взаимосвязь с балетом, поэтому в данном виде спорта учитываются гибкость, пластика, грация, ритм и даже артистичность. Еще один способ заинтересовать предметом физической культуры девочек-подростков – **аэробика** – молодая, но достаточно популярная гимнастика, виды упражнений которой поражают своим разнообразием. Спортсмены, занимающиеся этим спортом, способны совершать обороты, прыжки, удивлять своей гибкостью и силой. Женщины, предпочитающие фитнес, знакомы с аэробными движениями и с легкостью могут их выполнять. Все упражнения направлены на демонстрацию танцевальных умений, силы, упругости, гибкости и непрерывности движения. Сейчас спортивная аэробика вынесена на международный уровень, что подтверждает ее важность и значительность в спортивном мире.

Таким образом считаю, что творческий подход на уроках физкультуры очень заинтересует школьников, и данный урок станет для них всегда ожидаемым и приносящим удовольствие, что позволит им обращаться к физическим упражнениям не только на уроках в школе, но и в повседневности.



## Использование новых технологий на уроках русского языка

**Сабирова Карлыгаш Маликовна**  
Преподаватель 1-категории русского языка и литературы  
Колледж экономики и информационных технологий

Важнейшим направлением развития системы образования на современном этапе, обозначенным в Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года, в государственных стандартах образования, является достижение нового качества образования путем перехода от знаниевого подхода в обучении к деятельностному, компетент-

ностному подходу. Ключевым становится процесс познания, а не процесс преподавания. Это говорит о том, что принцип активности обучающихся в процессе обучения был и остаётся одним из основных в дидактике.

Я думаю, что только увлечение создает то напряжение духовных сил, которое ведет к развитию способностей. Поэтому меня давно волнует вопрос создания условий для проявления познавательной активности обучающихся: для успешной самостоятельной работы, самореализации при решении поставленных на уроке задач. Приобретая опыт педагогической работы, я пришла к выводу, что





повышению активизации познавательной деятельности обучающихся на уроках русского языка значительно способствуют игровые технологии, инсценировки, исследовательская деятельность (метод проектов).

Познавательную активность как педагогическое явление необходимо рассматривать как двусторонний взаимосвязанный процесс: с одной стороны, это форма самоорганизации и самореализации обучающегося; с другой - результат особых усилий педагога в организации познавательной деятельности обучающегося. При этом конечный результат усилий педагога заключается в формировании и становлении собственной активности (учебной, познавательной, творческой, социальной и т. д.) обучающегося. Нельзя допускать скуки и однообразия на наших уроках. Толчком к заинтересованности может стать эмоциональное возбуждение ребёнка, которое, в свою очередь, достигается с помощью стимулов. Активизировать мышление обучающихся можно на протяжении всего хода урока самыми различными приемами и средствами, но главным считаю создание ситуации успеха, что, на мой взгляд, является мощным стимулом для обучающихся. Для этого придерживаюсь основных правил управления успехом на уроке. Начало урока выступает как момент, от которого в значительной степени зависит успех всего урока. Домашние задания должны быть красивыми, интересными, творческими, оригинальными, доступными, разноуровневыми, интересными по форме, учитывающими способности и особенности студентов. Одним из эффективных путей повышения качества образования обучающихся является реализация идей проблемного обучения. Система заданий поискового характера способствует более осознанному и глубокому усвоению знаний, прочному формированию навыков и языковому развитию обучающихся, требует от них самостоятельного овладения знаниями и способами добывания этих знаний.

Итак, моя основная цель - обучая, развивать, воспитывать коммуникативную, социальную и информационную компетенцию. Грамотное воспитание способно предотвратить формирование отрицательных свойств личности и стимулировать формирование положительных. Стараюсь достигнуть решения поставленных задач через использование компьютерных технологий, так как сегодня разнообразные интересы студентов уже не могут быть удовлетворены лишь материалами традиционного учебника и словом учителя. Например, интернет-ресурсы, где представлены обширные материалы, к которым студенты могут обратиться при исследовательско-поисковой деятельности. Следовательно, одним из преимуществ использования информационных технологий для меня является переакцентирование с вербальных методов обучения на методы поисковой и творческой деятельности. Информационные технологии я пытаюсь использовать на всех типах уроков:

- изучение новых знаний и формирование новых умений;
- практического применения знаний, умений;
- обобщения и систематизации изученного;
- контроля и коррекции знаний, умений;
- комбинированные (смешанные).

Неотъемлемой частью эффективного образования в области русского языка и литературы должна стать исследовательская работа обучающихся. Так

как при использовании объяснительно-иллюстративного подхода, задача обучающегося сводится к запоминанию и воспроизведению знаний или усвоению того или иного действия путем тренировки, а при исследовательском подходе студент получает знания о предметах и явлениях и устанавливает пути их изучения в ходе самостоятельного исследования. При использовании исследовательского подхода я направляю деятельность обучающихся на творческое усвоение научных знаний и овладения методами научного познания. Обычно тематику исследовательских работ студентов распределяю по содержанию календарного планирования. Стараюсь, чтобы каждый поиск включал в себя элемент новизны. Развитие творческой активности обучающегося в значительной степени зависит от самостоятельности его поисковой деятельности. Знания, приобретенные в результате собственного поиска, становятся средством обогащения творческого опыта обучающегося, основой для получения новых знаний. Я считаю, что исследовательская работа имеет огромное значение, так как:

способствует более глубокому и прочному усвоению знаний по учебным предметам; вырабатывает умения и навыки самостоятельной работы обучающихся; формирует умения применять теоретические знания в решении конкретных практических задач; развивает личностные качества ученика.

Я заметила, что использование исследовательского метода изменяет позицию студентов, которые перестают быть простыми исследователями, а становятся творческими участниками учебного процесса. Основу такой его организации составляет совокупность методов и приемов обучения, способствующих активизации познавательной деятельности: индуктивный и дедуктивный, эвристический и исследовательский метод, а также общедидактические приемы (анализ и установление причинно – следственных связей; сравнение, обобщение и конкретизация; выдвижение гипотез; доказательство и опровержение гипотезы; планирование исследования; оформление результатов исследования). Также, нужно отметить, что в исследовательской деятельности проявляются индивидуальные качества личности обучающихся как оригинальность мышления, творческие способности, одаренность.

Необходимо создавать стимулы для плодотворной работы, для учения с увлечением, таковым может быть интересная форма урока. Среди нестандартных уроков я отдаю предпочтение игровым технологиям, соревнованиям, конкурсам, театрализованным фантазиям, диалогам, где можно использовать информационные технологии, методики диалогового общения. Игровые формы и методы активного обучения приносят детям удовольствие от процесса познания. Игра является одним из современных средств обучения и воспитания, обладающим образовательной, воспитательной и развивающей функциями, которые действуют в органическом единстве. Вышеназванные технологии позволяют добиться решения основной задачи: формирования у обучающихся умения самопланирования, самостоятельной работы, самоконтроля и самокоррекции, новая технология обучения позволяет им самореализоваться, перейти от роли объекта управления к субъекту самоуправляемого процесса. Выполнив эти работы обучающиеся понимают принцип данной работы со временем сами составляют аналогичные задания. В ходе составления этих работ

развивается речь, познавательный интерес к предмету, повышается творческая деятельность.

Подводя итог сказанному, можно с уверенностью сказать, что одной из основных целей, стоящих передо мной как учителем, является создание условий для проявления познавательной активности студентов. А средствами достижения этой цели считаю:

использование разнообразных форм и методов организации учебной деятельности, позволяющих раскрыть личный опыт обучающихся; создание атмосферы заинтересованности каждого студента в работе группы; стимулирование студентов к высказываниям, использованию различных способов выполнения заданий без боязни ошибиться; поощрение стремления обучающегося

находить свой способ выполнения задания, анализировать способы других студентов, выбирать и осваивать наиболее рациональные; создание ситуаций общения на уроке, позволяющих каждому студенту проявлять инициативу, самостоятельность в способах работы; создание обстановки для естественного самовыражения обучающегося.

И только взаимодействие всех субъектов образовательного процесса, и педагогов, и студентов, может привести к обоюдному изменению в структуре личности, в поведении, деятельности, взаимоотношениях и, конечно, результату учебного процесса.

В качестве вывода необходимо подчеркнуть, что сотрудничество педагога и обучающегося приводит к развитию обеих сторон и к эволюции педагогической системы в целом.

## ДОМБЫРА – КЕҢ ТАРАЛҒАН ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП

Тезекпаева Ляйля Болатовна  
Домбыра аспабының мұғалімі  
№1 Балалар музыка мектебі  
Астана қаласы

Домбыра көне аспап және ол қазақпен кіндіктес ұлыстардың бәріне ортақ мүлік, себебі домбыраның жасы қазақ хандығынан үш мың жылдай үлкен, дәуірлей тексергенде аспап аттары өртүрлі диалект салдарынан өзгеріске ұшырағанымен түбі бір екені айдан анық білініп тұрады. Толғамды мәселелердің сырына үңілместен бұрын, әуелі аспап жайына түсіндірме бере кетейік.

Қазақтың домбырасы түркі-монғол (арғы ата-сы – ғұн) мәдениетінің меншігі, тамыры тарихқа терең жайылған, байырғы аспап. С.Өтеғалиева Орталық Азиядағы танбуртекті аспаптарды үш топқа бөледі: Сібір-Алтайлық, Ортаазиялық, Таяушығыстық (Хордофоны Средней Азии. Алматы-2006. 39-бет). Осы тұжырыммен қарасақ біздің шертпелі аспаптарымызды да шартты түрде үшке бөлуге болады. Формасы мен дауыс бояу жағынан айырмашылықтары бар аспаптың бұрыннан келе жатқан белгілі үш түрі бар, әрбір өлкенің күй өнері өртүрлі орындаушылық мектеп құрап отырғанына сәйкес аспаптарының да түрқы (формасы) жағынан өзгешелігі бар. Арқа, Жетісу, Қаратау өңірлерінде кең тараған домбыраның түрқы қысқа, мойыны жуантық, шанағы бұрышталып шабылады. Жалпы көпшілік қаталықтан қалақ домбыра деп айдарлап кеткен бұл аспаптың көне түбірлік аталуы – қыпшақ домбырасы болуы мүмкін (Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты трактатында сипатталатын гипжак аспабының түбірі - қыпшақ, «Трактаты о музыке и поэзии», Алматы. «Ғылым» 1993. 430 бет), бұл шертпе күй тартуға қолайлы тоғыз пернелі аспап. Қазақстанның батыс өлкесі мен Сыр бойында тараған мойыны ұзын, алмұрт пішінді домбыраның көне түбірлік аталуы - оғыз домбырасы деген ұйғарымға жақын, он екі пернесі бар, негізінен төкпе күйлер тартылады. Домбыраның бірінші байланатын пердесінің оғыз перде (соль диез) аталуы тегін емес, шабылуы да дутар аспабына ұқсас. Қазақстанның шығыс өңірінде кең тараған домбыра – алтай домбырасы деп түбірленеді, ол үш ішекті, жеті пернелі, көбінесе желдірме екпінді шертпе күйлер тартуға

ылайықталған. Аспаптың бұл нұсқасы мұңғұл тектес ұлттардың арасына кең тараған топшурға келіңкіреді, үні де көмей (хоомэй) мәдениетіне жуық. Осы аталған домбыралар қазақтың аймақтық күй мектептерінің айқындаушысы десе де болғандай, әрбір түріне ылайық жинақталған күй қоры да мұны растайды. Бұл атаулардың тарихи негізі болғанмен домбыраның біртұтас аталуы көп қисынды, біз аспаптың туыстас халықтармен бірге жасасқан табиғаты мен сипатына қарай әрі қазақы күйшілік мектептерін нақтылау мақсатын көздейміз және домбыраның осылайша шартты түрде бөлінуін С.Өтеғалиеваның зерттеуіне сүйене келтіріп отырмыз. Домбыра атауларының бұлай бөлінуі қазіргі құлаққа түрпідей тимес үшін түсіндірме бере кеткен жақсы. Шындағында, домбыра тек қана қазақтың ғана аспабы емес, оның басқа ұлыстар мен ұлттарға да ортақтығы жоғарыда айтылды.

Профессор Ә.Мұхамбетова бұл жөнінде мынадай талдау жасайды: «За различиями в конструкции инструментов стоит различие двух крупнейших стилей в домбровой музыке: стиля токпе, распространенного в районах Западного Казахстана и стиля шертпе, распространенного на востоке и юга республики. Различие этих стилей не есть различие в уровне развития, на наш взгляд, оно обусловлено генетически и носит качественный характер. Различные стили в результате развития традиций различных народностей вошедших в состав казахов. Стиль токпе близок музыке туркмен, каракалпаков, шертпе – родственен музыке тюрокв Алтай, Сибири.» (А.Мухамбетова. Традиционная музыка в культуре XX века. Алматы. Дайк-пресс-2002. 328-стр.) Ә.Мұхамбетова күйдің стилінің туындауы арқылы домбыра аспабының қазақ ұлтын құраған басқа ұлыстарға тәнтігін дәлелдейді, яғни домбыра аспабының құрылысы мен үн шығару мүмкіндігі қазақпен туыс халықтардың бәріне ортақ. Түріктің кіндігінен тараған миллеттің қазір үш түрлі сөйлейтін тілдік диалектісі бар: қыпшақ тіліндегілер – қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт; алтай тіліндегілер – қырғыз, хақас, алтай, бурят; оғыз тіліндегілер – түркімен, өзбек, ұйғыр, әзірбайжан, көк оғыз (гагауз), осман түріктері. Осылардың бәрінде арғы атасы домбырамен тектес төл аспаптары

бар. Диалектінің сөздік, әуездік интонацияға айналуы – музыкалық аспаптың және оның үні мен формасының да белгілі шеңберде өзгеріске ұшырауына әкеліп соғары айқын. Қазақтың күй өнерінде түркімен («Көрұғылы», «Пиала» т.б.), қырғыз («Сақбикенің қосбасары», «Кертөлғау» т.б.), қалмақ («Қалмақтың қара жорғасы», «Қалмақтың би күйі» т.б.), ноғай («Қарасай-Қази»), татар күйлері, ішінара орыс (славян ұлысына кірген бұлғар мен пешенек әулеттері) әуеніне жақын туындылардың мол кездесуі кездейсоқ жай емес (Аспаптың да балалайкаға, скрипкаға, дутарға ұқсата шабылған көне түрлері мұражайларымызда бар). Осы туыстас халықтардың музыкалық шығармаларында ұшырасатын мінездес (характерлі) сарындар қазақ домбырасына етене жақын болып кеткен, алайда, аспаптарының түрі мен тембріне уақыт пен мемлекеттік құрылым өз әсерін тигені де рас. Қазіргі домбыра–жетілдірілген аспап (А.Жұбановтың оркестрлік аспап жасау ұсынысымен реконструкциясын жасаған – Э. Романенко), сондықтан оның үні де өзгеріске ұшыраған.

Алғаш осы жетілдірілген домбырада күйлер жазып қалдырғандардың алды – Дина Нүрпейісова мен Әбікен Хасенов. Олар жаңа аспапты аса жатсына қоймағаны артына қалдырған күй таспаларынан белгілі боп тұр. Дегенмен, бұрынғы домбыраның үнін қайта жаңғырту жөнінде де дәйекті мәселелер қозғалып жүр (Ж.Нәжімеденов). Аспаптардың шығу тегіне байланысты кейбір зерттеулерде олардың жоралық (ритуалдық) қызметі туралы айтылады. Мысалы, ұрмалы аспаптар ерте заманда жер ана мен көктің жыныстық қатынасын бейнелейтінін, барабанды соғу арқылы жаратушыдан жаңбырдың мол болуы мен астықтың берекелі болуын сұрайтынын Е.В.Васильченко жазады (Музыкальные культуры мира, 128-бет). Мұны айтпағанның өзінде көне түркілердің «Екі негіз» (İki jultys) атты дуалистік философиялық наным бар екенін білеміз. Мұнда әлем аталық пен аналықтан тұрады деген сенім бар, аталықтың көктегі символы – күн, аналықтыкі – ай. Оның жердегі символдары – аталықта – жер, аналықта – су. Бұлардың үстіндегі бақылаушы – тау тұрады деген ұғым қалыптасқан (Қ.Сартқожа. Орхон жазулары. Астана. Күлтегін баспасы-2003). Домбыраның екі шекті болуы да содан шығады, яғни үстіңгісі аталық, астыңғысы аналық. Орыстарға көшпелілерден енген балалайканың да әуелде екі шекті болғаны белгілі. Үш шекті болуы христиан дінінің кіруіне байланысты туындады,

«қасиетті үштік» (қасиетті әкей мен оның ұлы және киелі рух) түсінігі орыстармен бірге қазақтарда да болды. Біздің несторлық христиан дінінде болған кезеңіміздің ескерткіші – үш шекті шертер мен Алтай домбырасы. Алтайды мекендеген қазақ тайпаларының бір кезде осы діннің ықпалында болғанын айтпағанның өзінде қытай мәдениетінің триграммалық таңбасының (багуа – қытайдың дыбыстық кодтар системасы) да өзінше ізі болды. Балалайка мен Арқаның тұмар домбырасының тұрықтары үш бұрышты болуы да осы тақылеттес діни себептерден туындауы әбден ықтимал. Түркі тілдес халықтарда ер адамның аттары күн мен жер, тау атауларымен (Күнби), ал, әйел адамдардың есімдері ай, су атауларымен (Айғаным) түбірлес болатыны немесе соған қатысты тұтынатын заттарына сай келетіні сондықтан болса керек. Осындай дуалистік нанымның қытайдың дао іліміне ұқсастығы («инь» мен «йянь») болғанымен көшпенділерде көктің культі басым болғаны белгілі. Күй деген сөздің түбірін «көк» деген сөзден таратушы ғалымдардың (А.Сейдімбек, С.Қондыбай) пікірлері салмақты және бірден-бір ғылыми негізін тапқан тұжырым. Дауысты дыбыс (яғни музыка) жан, ал, дауыссыз дыбыс тән. Осыдан домбыраның (ағаштың) өзі дауыссыз, одан шыққан саз дауысты, сондықтан оның (күйдің) жаны бар деген тұжырым қалыптасқан. Адам қайтқанда тәні қалады, жаны ұшады, Орхон жазуларында «Күлтегін қой жылы (тоғызыншы ай) 17-күні ұшты» деген жазу бар. Жаратылысты аталық пен аналықтың махаббатынан басталады деген ұғым ХІХ-XX ғасырларға дейін күшін жойған жоқ. Қазақта қобызды әйел адамның қолына ұстатпайтын салттан осыған қатысты мәселе шығады, қобызда күй шалу аталық пен аналық негіздің көктен береке сұрайтын тылсымы бар, ол көк пен жердің жыныстық зайыптық қасиетін баяндайтын болған.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Аманов Композиционная терминология домбровых кюев //Инструментальная музыка казахского народа» Составитель А.Мухамбетова. - Алматы, 1985.
2. Аманов Б.Тартыс-инструментальные состязание //Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы: Дайк-пресс, 2002.
3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. - Астана, 2002.



## «МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ»

Файзулина Жанат Алимовна  
Этносольфеджио пәнінің мұғалімі  
№1 Балалар музыка мектебі  
Астана қаласы

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар барлық оқу орындары мен әлеуметтік тәлім-тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуін өткір мәселеге айналдырып отыр. Өйткені дамудағы нарықтық қатынастарға еркін араласуға дайын бүгінгінің және болашақтың

адамдарын тұлғалық интеллектуалдық және кәсіби сапалық жағынан әлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару әсіресе осы білім мен тәрбие мазмұнының сапасына тікелей байланысты. Тәлім-тәрбие қашанда қоғам дамуы мен жетілуінің аса маңызды алғы шарттары. Осыған орай қазіргі Қазақстан жағдайында қысқа тарихи уақыт аралығында барлық білім беру жүйесінде оң өзгерістер іске асырылуда. Оның бірі атап айтқанда қосымша білім беруге арналған, оның негізгі субъектісі болып саналатын мектептен тыс мекемелер қызметін жаңа сапада қайта ұйымдастыру

қолға алынууда.

### **Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі:**

• Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

• Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым-қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

• Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім берудің мән-мағанасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында және білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қазіргі уақытта Елордамызда 13 қосымша білім беру мекемелері жұмыс жасайды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобасының басты мақсатына тоқталсақ. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің төл құрдасы, 25 жылдық еңбегі бар, №1 Балалар музыка мектебіне тоқталсақ. Көп жылдар бойы жұмыс барысында кездескен кемшіліктер мен қиыншылықтарға мойымай мектеп тағдырымен біте қайнасқан педагогтар ұжымы мен оқушыларымыздың қол жеткізген жетістіктері мен келешектегі орындалатын жұмыстары, қалалық көлемдегі мәдени іс-шараларды өткізу, сапалы музыкалық білім беру, музыка арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу, түрлі бағытта шығармашылық байқаулар ұйымдастырудың тәрбиелік мәнінің құндылығын білдіретін дәлел - бұл жоғары

нәтиже. 25 жыл ішінде мектепте 3500 астам балалар білім алды. Олардың басым бөлігі кәсіби музыкант атанып, көп бөлігі мектепке деген жылы арақатынасын сақтап қалды.

Қазіргі таңда білім алушылар арасында өтетін түрлі іс-шаралардың, байқаулардың алатын орны ерекше. Себебі әрбір дарынды оқушы өз білімін, шеберлігін сарапқа салып, белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылады. Жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру мектептің негізгі тақырыбы болғандықтан жыл сайын өнер және балалар музыка мектептері оқушылары арасында қалалық байқаулар ұйымдастырып өткізу дәстүрге айналған.

«Күмбірлеген домбыра үні», «Жас талап», «Жас жұлдыз», «Жас скрипкашы», «Менің елім», «Шырқа дауысым», «Ақжелең», «Бейбітшілік пен мейірімділіктің 7 нотасы», «Дала өрнектері» байқауларында көптеген мектеп оқушылары өз өнерлерімен көрермендердің қошеметіне бөленіп, дипломдармен марапатталып, ата-аналарын ризашылыққа бөлеуде. Сонымен бірге мектебіміздің жұлдыздары Ресей, Испания, Италия, Болгария, Туркия, Қытай, Біріккен Араб Әмірлігі және Франция шетел мемлекеттерінде өткен халықаралық байқау-фестивальдерде жеңіске жетіп, лауреат атағын иеленулерін мақтанышпен айтуға болады. 2012 жылы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы құрамына енгізілді.

Қазақстан Республикасы заңымен Ұлттық ғылыми кеңес шешімімен «Интеллектуальды ел әлеуеті» гранттық қаржыландырудың жеңімпазы болып табылады. «Балалар музыка мектебінің оқушыларын Қазақстандық патриотизмге этномәдениет дәстүрінде тәрбиелеу: музыкалық қабілеттің қалыптасу мәселелері» тақырыбында 2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін ғылыми жоба жүргізілді. Жоба қорытындысы бойынша: «Этносольфеджио» пәнінің оқу бағдарламасы, «Этносольфеджио пәнін оқытудың әдістемелік аспектілері, 1 - 2 сыныптарға арналған жұмыс дәптері, «Этносольфеджио пәнінен диктант жинағы» (өндер мен күйлер), фортепиано бөлімінің 1 сынып оқушыларына арналған «сольфеджио» пәнінен әдістемелік құрал құрастырылды. Музыка саласындағы педагогтарға жыл сайын республикалық қосымша білім беру мекемелерінің оқу-әдістемелік орталығымен және Қазақ Ұлттық Өнер Университетімен бірлесіп ғылыми-практикалық конференциялар, семинар, білім жетілдіру курстары, шеберлік сабақтар өткізіледі.

«ЕХРО-2017: Болашақ энергиясы» атты халықаралық көрме аясында, мектебіміздің дарынды оқушылары түрлі қалалық деңгейдегі іс-шараларға қатысып көрменің ашылуымен өтуіне өз үлесін қосуда.

Жаз айларында балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатында оқушыларға арналған «Жазғы музыкалық академия» жазғы лагерь ұйымдастырылған. Жыл сайын Астана күніне орталық алаңда мектебіміздің ұйымдастыруымен «Сәлем, Астана!» балалар шығармашылығы жобасы бойынша үлкен іс-шара өткізіледі. Жоба барысында Алматы, Қарағанды, Өскемен, Көкшетау, Ақтөбе қалаларының құттықтаулары тікелей эфирмен алаңда көрсетілді. Барлығы іс-шараға 2000-ға жуық оқушы қатысты. Алдағы уақытта мектебімізде концерттік қызмет, жексенбілік мектеп, кешкі мектеп, медиацентр, ән

жазу студиясы, курстар ұйымдастыру, оқулықтар әзірлеу, жазғы музыкалық академия қызметтерін жүргізу қамтылуда.

Қорыта айтқанда балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы, бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді.

Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

Құрметті ұстаздар бала тәрбиесі барлығымызға ортақ іс, музыкалық білім алып жатқан әр оқушы ата-ананың аманаты, мемлекетіміз бен ұлтымыздың болашағы екенін ұмытпағанымыз абзал, осы жолда сіздерге жаңашылдық көзқарас тілеймін! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін, еңбектеріңіз жемісті болсын!

# ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ БАЗАМИ ДАННЫХ

Рамазанова Ляззат Есентаевна

Преподаватель специальных информационных дисциплин  
Уральского колледжа газа, нефти и отраслевых технологий  
город Уральск



## Компетенции

**Информационная:** Обеспечить изучения темы «Основные функции систем управления базами данных», поспособствовать умению самостоятельно искать, анализировать информацию. При помощи устных и письменных коммуникативных информационных технологий передавать необходимую информацию.

**Коммуникативная:** Развить у учащихся способность к речевому общению и умению слушать, а также правильно формировать вопросы и четко отвечать на поставленные касательно полученной информации. Раскрыть умения комментировать и давать критическую оценку, а также четко аргументировать свое мнение в группе.

### • Вступительная речь преподавателя

- Приветствие участников урока
- Приветствие учащихся и ознакомление их с целью и планом занятия.

### План занятия

• Основные функции систем управления базами данных

- 1) ER- diagram
- 2) Primary and Foreign keys
- 3) Повтор терминологии (plickers.com)
  - Database manipulation
- 2) WHERE, BETWEEN AND, OR, DELETE
- 3) Закрепление нового материала (kahoot.it)
  - Повтор пройденного материала

Для проверки пройденного материала и проведения фронтального опроса используется сайт Plickers.com. Вопросы были заранее подготовлены и при помощи мобильного телефона и QR – кодов проводим опрос всех учащихся




Рис 1. База вопросов

## 1) SELECT, INSERT, UPDATE, ALTER TABLE Primary and Foreign keys

Для определения связи между таблицами и визуального примера было принято решение взять базу данных банка и его отношение с отделами банка.





Рис 2. Диаграмма сущности и связи Банка

Вопросы к учащимся:

• Какие связи существуют при построении ER-diagram

• Какая связь между сущностями «Bank» и «Bank branch». Объясните свой ответ

### PRIMARY and FOREIGN KEYS

**Primary key – первичный ключ**

**Foreign key – внешний ключ**



### • Новый материал

База данных - набор сведений, хранящихся некоторым упорядоченным способом. Можно сравнить базу данных со шкафом, в котором хранятся доку-

менты. Иными словами, база данных - это хранилище данных. Сами по себе базы данных не представляли бы интереса, если бы не было систем управления базами данных (СУБД).

• **SELECT** – это операция, указывающее, что оператор является запросом. Вы будете использовать **SELECT** каждый раз, когда вы запрашиваете данные из базы данных.

**SELECT \* name FROM Artist;**  
name определяет столбец БД по которому идет запрос

**FROM Artist** – определяет таблицу БД

\*- специальный характер который позволяет выбрать все столбцы в таблице не обращаясь к каждому индивидуально

**Запрос №1: Выберите все значения таблицы fake\_app**

• **INSERT** добавляет новую строку (запись) в таблицу

**INSERT INTO Artist (id, name) VALUES (1, 'Justin Bieber');**

**INSERT INTO Artist (id, name) VALUES (2, 'Beyonce Knowles');**

**INSERT INTO Artist (id, name) VALUES (3, 'Jeremy Lin');**

**SELECT name FROM Artist;**

**Запрос №2: Добавить значение в таблицу fake\_apps**

• **UPDATE** – позволяет редактировать записи в таблице

**UPDATE table name SET name = Enrique Iglesias WHERE id = 1;**

**SET** - указывает на редактируемый столбец

**WHERE** - определяет номер строки который нужно редактировать

**Запрос №3: Отредактировать строку номер 5 в таблице fake\_apps**

• **ALTER TABLE** – позволяет сделать определенные изменения

**ALTER TABLE Artist ADD COLUMN age INT;**

**ADD COLUMN** – позволяет создать столбец в таблице

**Запрос №4: Добавить столбец year в таблицу fake\_apps**

• **WHERE** утверждение которое фильтрует резуль-

ультат по условию

**SELECT \* FROM CD WHERE Price > 70;**

**Запрос №5: Найти приложение загрузка, которых меньше 15000 раз**

**BETWEEN** это команда которая фильтрует результат в некотором отрезке. Это м/б текст, числа или даты

**SELECT \* FROM movies WHERE year BETWEEN 1990 AND 2000;**

**Запрос №6: Найти приложения загрузка которых варьирует между 10000 и 15000 раз**

• **AND** – объединяет два условия в одном запросе  
**SELECT \* FROM movies WHERE year BETWEEN 1990 AND 2000 AND genre = 'comedy';**

**Запрос №7: Найти приложение загрузка которого варьируется между 10000 и 150000 и категория Education**

• The **OR** operator can also be used to combine more than one condition in a **WHERE** clause

**SELECT \* FROM movies WHERE genre = 'comedy' OR year < 1980;**

**Запрос №8: Найти приложение, по категории Entertainment или загрузка меньше 20000 раз**

• **Like-II** этот оператор фильтрует набор результатов

**SELECT \* FROM movies WHERE name LIKE 'a%';**  
% - это символ подстановки, который соответствует нулевому или более отсутствующим буквам в шаблоне.

**SELECT \* FROM movies WHERE name LIKE '%man%';**

**Запрос №9: Найти приложение, название которого начинается буквы 'H'. Найти приложение, название которых содержит 'th'**

• **DELETE** – позволяет удалить один или несколько строк в таблице

**DELETE FROM Artist WHERE age IS NULL;**

**WHERE** – идентифицирует какой столбец нужно удалить

**Запрос №10: удалить строки со столбца Price, где они не пустые**

• Закрепление терминологии (kahoot.it). **Kahoot** – программа для создания викторин, дидактических игр и тестов. Ученики могут отвечать на тесты используя планшеты, ноутбуки и смартфоны



## «Өзін - өзі тану» пәнінің жеке тұлғаны дамытуға ықпалы

Абенова Айгүл Хамзиевна  
Альмурзаева Галия Испандияровна  
«Балбөбек» балабақшасы КМҚК  
Қарағанды қаласы

Қай ғасырда болмасын бала тәрбиесі үлкен мәселе болып саналады. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешіліп отырған. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалып-

тастыру. Осы себептен, «Өзін - өзі тану» пәні «Бөбек» қорының төрайымы Назарбаева Сара Алпысқызының бастамасымен өмірге келіп, 2010 жылдың «01» қыркүйегінен бастап тәжірибе нысаны ретінде республикамыздың барлық білім беретін мекемелерінде жүргізіліп келеді.

Адамгершілік – рухани тәрбиесіндегі басты нысана баланы құрметтеу. Баланың қуат қоры мол болғандықтан, оның өмірді танып білуге ұмтылысы зор екенін мойындап, соған орай баланың сезімін тәрбиелеуге, сұлулықты сезінуге, көңіл – күйін реттей білуге көмектесетін «Өзін-өзі тану» пәні болып отыр. Бұл пән болашақ ұрпақтың бойына рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен

мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Жас ұрпақтың қабілеті мен мүмкіншілігін жан-жақты ашып, адамгершіліктің биігіне көтеретін Қазақстандық білім беру үлгісі. Ізгілік пен сұлулықтың шын мағынасын түсінуге, шынайы мейірімділік пен ақиқатқа ұмтылуға, өз өмірін жоғары мәнмен өткізуге жетелейді. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы – руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шындап, жетілдіруге ұмтылады. Сондықтан біз өз балаларымызға оқу-тәрбие жұмысы барысында алдымызға қойған ұстанымдар мен әдістердің жан-жақты айқындалған, бір-бірін аша түсетін жаңашыл интерактив әдісін меңгердік. Интерактив әдісін пайдалану оқытудың дәстүрлі түрімен ерекшеленуде.

Жыл бойы біздің балабақшада «Ашық есіктер», «Мейірімділік» апталары өтті. Өткізілген шаралардың мақсаты: балалардың алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйретуге, өз іс-әрекеті нәтижесінен қуаныш сезінуге бағытталған.

«Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігі балалардың бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін ажырата алуына және өз іс-әрекеттеріне баға бере алуға үйретуді міндет етіп қояды. Бұл міндеттің негізгі шешімі – ҰОІӨ-рі. Оқу іс-әрекеттері тақырыптық жоспар бойынша өтіп, әрбір оқу іс-әрекеті талқыланылып отырады. Әрбір ҰОІӨ балалар «махаббат», «мейірімділік», «сүйіспеншілік» және т.б. ұғымдарымен танысса, оқу іс-әрекетінен тыс кезде, жағдаяттарды шешу, мақал – мәтел жаттау, әңгіме оқу барысында алған білімдерін тиянақтап отырады. Балалар өз ойларын жеткізу үшін, «Сен не істер едің?», «Сен қалай ойлайсың?» – деген сұрақтар ой-түрткі болатыны сөзсіз.

Балалабақшада әрбір өткізілетін ата-аналар жиналысында, педагогикалық кеңестерде, ертеңгіліктерде, ата-аналарға берілетін сауалнамаларда «Өзін-өзі тану» пәнінің қаншалықты адам өміріндегі ролін айқындай түскенін ата-аналар, әріптестер, балалар ойларын байқауда болады. Ата-аналар «Күз береке - күз мереке», «Табиғатты аялайық!», «Ана өмірдің шуағы», «Біз бақытты баламыз» шараларға қатысты. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша пікір кітапшасына ата-аналар өз ойларын, ұсыныстарын, қиыншықтар мен жетістіктерін жазып отырады.

Осы пән арқылы балалар өз ойы мен сезімдерін еркін білдіруге, өзін-өзі бағалауға ұмтыла бастады. Өзін қоршаған ортаға, табиғат аясындағы жанды-жансыз заттарға көңіл бөліп, қамқорлық жасауға, айналасындағы балалармен достық қарым-қатынас орнатуға тырысатын болды. Мінез - құлық пен іс-әрекеттегі жағымды және жағымсыз әдеттерді ажыратып, өз қателіктерін дер кезінде мойындауға дағдыланды.

Балабақшада әрбір өткізілетін ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде, ертеңгіліктерде, ата-аналарға берілген сауалнамаларда «Өзін-өзі тану» пәнінің қаншалықты адам өміріндегі ролін айқындай түскенін ата-аналар, әріптестер, балалар ойларынан байқадық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бір-біріне деген алақан жылуын беру арқылы бір-біріне ақ жүрекпен айтқан тіліктері, арман тілегін айта отырып, өзіндік «менін» табу, бойындағы күш-қуатын жақсылыққа бағыттау, өзін тұлға ретінде сезінуі - өзін-өзі танудағы игі нәтижелер. Мектеп

жасына дейінгі балалардың бір-біріне деген алақан жылуын беру арқылы бір-біріне ақ жүрекпен айтқан тіліктері, арман тілегін айта отырып, өзіндік «менін» табу, бойындағы күш-қуатын жақсылыққа бағыттау, өзін тұлға ретінде сезінуі - өзін-өзі танудағы игі нәтижелер.

Бала дүниеге келген күннен бастап, ата-анасы және айналасындағы адамдармен тығыз байланыста өмір сүреді. Ата – ана – баланың бірінші тәрбиешісі болғандықтан бағдарлама міндетін шешуде алғашқы қадамды ата-аналармен жүздесуден бастаудан жөн. Оларға осы пәннің қазіргі таңдағы маңыздылығын, қажеттілігін түсіндірдік. «Өзін-өзі тану» пәнін меңгеруде жүйелі, әрі тұрақты еңбек нәтижесіне жету үшін, әр балаға шығармашылық портфолиосын құруға көмектесу қажеттілігі туындап отыр. Портфолионың міндеті - баланы өз тәжірибесін қорытындылауға, білім жинақтауға, «өзін-өзі көрсете білуге» үйрету. Портфолионың педагогикалық міндеттері: баланың белсенділігі мен оның дербестігін мадақтау мен өзін-өзі бағалау әрекеттерін дамыту. Біз мектепке дейінгі баланың шығармашылық портфолиосын құру барысында отбасы мүшелерінің қатысуын жөн көрдік. Ата-аналарға мектепке дейінгі баланың шығармашылық портфолиосы «Өзін-өзі тану» пәні отбасында жалғасын тауып отыратынын және қазіргі таңда маңыздылығын, қажеттілігін түсіндіруін өте маңызды. Мектепке дейінгі баланың шығармашылық портфолиосы балалардың шығармашылық жұмыстарынан, отбасы фотосуреттерінен, жағдаяттарды шешуден тұрады. Ата-аналар осы портфолио арқылы «Өзін-өзі тану» пәнінің балаға әкелетін септігін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерден алған әсерін және өз тәжірибесін қорытындылауға, білім жинақтауға, «өзін-өзі көрсете білуге» үйретудің тиімді жолы екендігіне көз жеткізетіні сөзсіз. Сонымен қатар шығармашылық портфолио арқылы отбасы мүшелерінің арасында өзара байланыс нығайып, балаға деген ата-ананың жылуы мен жауапкершілігі артты, ата-аналар бала тәрбиесі мәселелерімен кеңінен танысып, балабақша мен отбасы арасында ынтымақтастық байланыс нығая түсті. Шығармашылық портфолио балалардың жұмыстарын жүйелі, толыққанды жүргізуде өз тиімділігін көрсетті.

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» бағдарламасының мазмұнында ескеріліп, көзделген эмоционалдық тұрғыдағы ауқымды жүргізілген алуан түрлі іс-әрекеттер баланың адамгершілік рухани дамуының негізін қалауға және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл білім мектеп жасына дейінгі балалардың бойында ең басты қажеттілік өзін-өзі дамытушылық қажеттілігін қалыптастыруы тиіс. «Өзін-өзі тану» бұл тек баланың өзін ғана танып, білуімен ғана шектеліп қоймайды, оның мазмұны тереңде. Баланың өзін тануы әлемді тануымен, ортаны тануымен, адамды тануымен ұштасып жатыр. Сол себепті де «Өзін-өзі тану» курсының бүгінгі таңда барлық адамзат үшін маңыздылығы өте зор.

#### Қолданылған әдебиеттер:

- «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты. - Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2006. – 75 бет.
- Өзін-өзі тану терминдерінің түсіндірме сөздігі. «Бөбек» ҰҒПББСО, 2006 ж.

# ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ЗАМАНАУИ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕГІ ИННОВАЦИЯ

Аубакирова Қымбат Ергалиевна  
Исмаилова Мадина Есенкелдиевна  
«Балбөбек» балабақшасы КМҚК  
Қарағанды қаласы

Қазіргі заманның айрықша өзгешелігі білім беру жүйесінде инновациялық процесстерді белсендіру болып табылады. Білім беру саласында ауысым жүргізілуде: басқа мазмұн, басқа көзқарас, қарым-қатынас, мінез-құлық, басқа педагогикалық менталитет. Осының барлығы білім беру жүйесіндегі инновациялық процесстерді өрістетуді көздейді.

Заманауи педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі білім берудің негізгі мәселесі – таным процесін жақын тарту, қағылездіктің болмауы. Мектепке барғысы келмейтін мектеп жасына дейінгі балалардың көбейіп, оқуға деген қызығушылық төмендеп, балалардың үлгерімдері төмендеді.

Сондықтан, мектепке дейінгі мекемедегі инновациялық процестің басты тұлғасы - баланың мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін есепке ала отырып, өз қызметін өзгерте және қайта құра алатын педагог. Олай болса, тәрбиешінің мүмкіндігі - жаңа әдісті енгізудегі табыс пен оның тиімділігін анықтап, өмірдегі өзгерістерге жеке көзқарасы бар, инновациялық іс-әрекеттермен тығыз байланыста болу.

Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері әр баланың даму қажеттілігін жеке тұлғалық құндылық деп ұғынады. Жобалау технологиясы - әр баланың шығармашылық қабілеттілігін дамытуға себепші болатын амалдардың бірі. Оның негізіне баланың табиғатқа деген тұжырымдамалық ойға сенімі, ізденіс әрекетіне сүйенуі жатады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелерде түйінді оқыту әдісі мен түсіндірмелі-иллюстрациялық оқыту әдісі кеңінен қолданылады: логикалық ойлауды дамытушы сұрақтар; өзекті мәселелерді өңдеу; іс-тәжірибе жасау; тәжірибелік - зерттеу іс-әрекеті; сөзжұмбақтар шешу және т.б.

Мектепке дейінгі мекемеде жоба әдісінің негізгі мақсаты балалардың зерттеу іс-әрекетінің тапсырмалары мен даму міндеттерімен анықталатын, шығармашыл, еркін жеке тұлғаны дамыту болып табылады. Зерттеу іс-тәжірибенің міндеті әр жас топтары үшін ерекше болады. Мектепке дейінгі кіші топтардағы балалармен жұмыста педагог балаларды түйінді ойын ситуациясына енгізуге (педагогтың басты рөлі) басты назар аударады; түйінді ситуацияларды шешу жолдарын іздеуге белсендіреді (педагогпен бірге); зерттеу іс-әрекетінің алғы шартын қалыптастыру (практикалық тәжірибелер).

Іс-тәжірибенің мақсаты мектепке дейінгі мекеме қызметіне жоба әдісін енгізуді зерттеу болып табылады. Іс-тәжірибе Қарағанды қаласының «Балбөбек» балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында жүргізілді. Бұл шараға балабақшаның педагогикалық ұжымы мен балалар ат салысты.

Бірінші кезеңде инновациялық технология-

лармен таныстыру бойынша педагогтармен әдіс-темелік жұмыс жүргізілді: «Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыта оқытудың жобалау әдісі» тақырыбында ақыл-кеңес; «Мектепке дейінгі мекемеде жобалау әдісін қолданудың ерекшелігі» атты семинар-практикум. Педагогтарға жоба құру бойынша жаднамалар таратылды. Тәрбиешілер жұмыс жасаған жобалар ақпараттық-зерттеу түрінде ерекшеленді. Олардың барлығы «Табиғат – біздің тұратын үйіміз» атты бір тақырып аясына біріктірілді. Тақырып пен жоба атауын анықтай отырып, біз тірі табиғаттың көпқырлылығын алуға тырыстық.

Тақырыпты таңдау – бұл тәрбиешінің жоба жұмысындағы алғашқы қадамы. Екінші қадамы – ойындық, танымдық-практикалық, көркем-тілдік, еңбек, қарым-қатынас және т.б. балалар іс-әрекетінің барлық түрі есепке алынатын, таңдап алынған түйінді мәселенің апталық тақырыптық жоспары. ҰОІӘ, ойындар, серуен, бақылау және жоба тақырыбымен байланысты басқа да іс-әрекет түрлерін өңдеу кезеңінде тәрбиешілер балабақшада және топта ортаны ұйымдастыруға көп көңіл бөледі.

Жобаның I өңдеу кезеңі – балалармен бірге жобаны талқылау.

Жоба жұмысының II кезеңі – мақсатқа жетуде бірлескен іс-әрекет жоспарын өңдеу.

Бұл кезеңде тәрбиеші «төрт сұрақ» моделін қолданады. Оның мәні тәрбиеші балаларға төрт сұрақ қояды: «Біз не білеміз? Біз не білгіміз келеді? Біз бір нәрсені қалай біле аламыз? Не білдік?»

Жоба жұмысының III кезеңі – практикалық кезең. Балалар зерттейді, тәжірибе жасайды, іздейді, жасап шығарады.

Мысалы, балалар «Таза ауа бізге керек» жобасына қызыға кірісті. Тәрбиешінің аздаған көмегі арқылы көптеген тәжірибелерді дербес істеп, ауа барлық жерде бар, ол адамға өте қажет деген тұжырым жасады. Баланың барлық айтқандарына тәрбиеші көңіл бөледі. Схемалық жазулардан басқа фотоға түсіру де қолданылды. Жұмыс нәтижелері қызықты альбом ретінде безендірілді.

Жобамен жұмыс барысында ата-аналардың белсенді ат салысқандығын атап айтуға болады. Олар балаларға және тәрбиешілерге зерттелмеген жаңалықтарды ашуға барын салып көмектесті. Ата-аналар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, жоба тақырыбы бойынша газеттер, альбомдар жасап, тақпақтар мен өлеңдер шығарды.

Жобамен жұмыстың соңғы кезеңі жобаның презентациясы болып табылады. Презентация жоба тақырыбы мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі формада өткізілді: қорытынды ойын түріндегі ҰОІӘ, ойын-викторина, тақырыптық ойын-сауықтар, альбомдар, фото көрмелер, шағын музейлер, шығармашылық газеттер безендірілді.

Жоба бойынша жұмысты қорытындылай келе, балалардың іс-әрекеттерін қалай өзгертуге болатындығы, әр баламен жұмыс формасын қалай жеке қолдануға болатындығы, болашақта қандай



жұмыс формаларын ұйымдастыруға болатындығы жайлы көп ойланды.

Мектепке дейінгі мекеме үшін жобалау технологиясы инновация болғанына қарамастан және тек бір ғана оқу жылы бойынша саралаудан өткеніне қарамастан біршама жеткен мақсаттарымыз туралы айтуға болады.

**Жобалауға қатысқан балалар:**

- Қоршаған ортаны тануда шығармашылық белсенділігі оянады; шешім қабылдағанда дербес және икемді;

- Практикалық тапсырмаларды шешуде сенсорлық сезімдерді саналы түрде қолданады;

- Бірлескен іс-әрекет түрлерін талқылау себебімен балалар ұжымымен қарым-қатынас жасауға қабілетті;

- Өз қызметінде жобалау әдісін қолданған тәрбиешілер:

- Тәрбиелеу-оқыту процесінде өзіндік шығармашылық жоспарлауға деген қабілеттіліктің болуы;

- Педагогикалық ізденіс қызметін жүзеге асыру.

- Мектепке дейінгі ұйымдағы жобалау іс-әрекетіне қатысқан ата-аналар:

- Өз балаларымен ғана емес, топ балаларымен және ата-аналар ұжымымен тығыз қарым-қатынас жасалды.

Қорыта келгенде, жобалау технологиясы педагогикалық процесті тиімді түрде жетілдіруді көздейтін, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін өңдеуде жаңа идеяларды енгізуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі мекеме қызметін сапалы өзгертуге мүмкіндік туғызатын инновацияларды іздеу және оны меңгеру - мектепке дейінгі білім жүйесін дамытуды оңтайландырудың негізгі тетігі. Олай болса, білім беруді инновациялау деңгейі қоғам дамуының деңгейімен келісіліп, республикамыздағы мектепке дейінгі білімнің «жетілмеген» деңгейін қамтыған. Басқаша айтқанда, жаңашылдықты жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен өзгерістеріне мұқтаждық бар жерде инновация пайда болады.

**Әдебиеттер:**

- В.Т.Кудрявцев мектепке дейінгі білім берудегі инновация: тәжірибелер, мәселелер, даму стратегиясы//Мектепке дейінгі тәрбие. 1997. №7, 10, 12. 1998. №1, 4, 5, 10, 11. 1999. №3, 12.

- А.А.Майер. МДМ инновациялық үдерістермен басқару: Әдістемелік құрал.-М.:ТЦ Сфера, 2008.

- В.М.Полонский. зерттеудің теориялық және практикалық мәнінің өлшемдері//Совет педагогикасы. 1998. №11.



## М.Өтемісұлының шығармашылығы «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Жалғыздық», «Мен құстан туған құмаймын» өлеңдері

Бактыгулова Б.

Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала ауылы

Мақсаты	Махамбет шығармаларымен таныстыру, өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын анықтау.		
Жалпы мақсат	Өлең талдау дағдысын қалыптастыру. Жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту. Таным көкжиегін кеңейту.		
Күтілетін нәтиже	Өз көзқарасын еркін білдіруге үйренеді. Жұппен, топпен жұмыс істеуге дағдыланады. Өз пікірін сыныптастарына дәлелдей алуға бағытталады.		
7 модульдің қолданылуы	АКТ, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқытуды басқару және көшбасшылық»		
Қолданылатын әдіс - тәсілдер	«Кім шапшаң», «Қабырғадағы сурет», «Ойлан! Жұптас! Бөліс!», «Репортер»		
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларды батырлардың қолданатын құрал-саймандарымен топқа бөлу. Ереже құру қажеттілігі туралы айту. Өр топқа бағалау парағын таратып беру.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы топтың ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топ басшылары өз топ мүшелерін бағалап отырады. Бағдаршам шамдары арқылы топтар бір-бірін бағалайды.	
Тренинг	«Бағдаршам» бағалау әдісімен топтарды бағалау.		
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылықтарын ояту	Өткен тақырыпқа қатысты сұрақ – жауап "Кім шапшаң" әдісі бойынша	Үйге берілген тасырманы сұрақ-жауап арқылы тексеру.	Оқушылардың топтасып, өзара ойларымен санасып, бір топ болып жұмыс атқаруы
	Қазақ тарихындағы дауылды жырлардың жалынды жыршысы туралы не білдіңдер? Махамбет жырларындағы Исатай бейнесі сомдалған		

	тұстардан не түйдіңіз? Махамбеттің ерлік жырларынан қай батыр – жыраулардың мұрасын жалғастырғанын байқауға болады?		
Түсіну	1. Мәнерлеп оқу 2. Оқулықпен жұмыс 3. Дәптермен жұмыс	Махамбет өлеңдерінің мазмұнын қысқаша баяндап, жаңа тақырыпты терең меңгеру мақсатында қосымша тапсырмалар беру - өлеңдерін дауыстап, мәнерлеп оқыту. - өлеңнің тақырыбын анықтап, тіл көркемдігіне, өлең құрылысына талдату	Әр топтан бір оқушы өлеңді мәнерлеп оқып шығады
Қолдану	«Қабырғадағы сурет» әдісі арқылы әр топ мүшесі берілген өлеңді жеке мәнерлеп оқып, топ болып мазмұнын қабырға ішіне жазады. Сыртына мазмұн бойынша сұрақтар дайындайды.	Оқушылар өлеңді жеке-жеке топ ішінде оқып шығып, топпен талқылайды. Мазмұнын қысқаша жазып, сұрақтар дайындайды. Жұмысты аяқтаған соң топтар бір-біріне беріп алмасады. Мазмұнын толықтыра түсіп, сұрақтарға жауап береді.	Оқушылардың мұндағы мақсаты тапсырманы өз бетімен де, топпен де атқаруға дағдылану. Өзгенің пікірімен санаса білуге үйрену.
Сергіту сәті	М.Өтемісұлы «Жұмыр қылыш»	Күйді қосып, оқушыларға тыңдату	
Талдау	«Ойлан! Жұптас! Бөліс!» әдісін (Джесси Джентильдің диаграммасы) қолдану	<b>1-Топ.</b> Махамбет рухына арнау (өлең құрастыру. Өлең ұйқастары алдын ала беріледі) <b>2-топ.</b> Махамбет пен Исатай достығын негізге ала отырып, «Достық» туралы эссе жаз (Эссе жазу критериилері ұсынылады) <b>3-топ.</b> Махамбеттің портретін сипаттап жаз (Кейіпкер портреті беріледі) <b>4-топ.</b> Өр мінезді тұлғалар туған киелі мекен Бөкей Ордаға хат (Хат жазудың 5 критерийі ұынылады)	Әр топтағы оқушы тапсырманы ең алдымен өзі жеке орындайды, қатар отырған оқушымен жұптасады, топпен талқылайды, жұмыстарын көрсетіп, сыныппен бөліседі
Жинақтау	Жуан, жіңішке сұрақтар	М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығына арналған сұрақтар	Сұрақтарға алған мәліметтері бойынша ойын жинақтап, жүйелі жауап беру
Бағалау	Тақырып бойынша баға беру жұмысына «Репортер» әдісі қолданылады		Оқушылар бірін-бірі бағалау үшін Бағдаршам бағалау парақшалары ұсынылады



## ***Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания: «Формирование конкурентноспособной личности через развитие практических навыков, применение языковых единиц: говорение, слушание, чтение, письмо»***

Зубова Галина Васильевна  
Цыбульская Татьяна Петровна  
Мухаметьярова Лилия Ваисовна  
ГУ «Средняя школа имени В. Комарова поселка Шантобе» ОО города Степногорска

В 2016 году реформирование образования в Казахстане нашло свое отражение в создании об-

новленной системы образования, основными принципами которого стали ориентация на личность ученика как равноправного субъекта образовательного процесса, индивидуализация и дифференциация процесса обучения.

Обновление системы образования - это комплексная программа устойчивого развития нашей системы, ее реструктуризации и адаптации, кото-

рые связаны с меняющимися требованиями, условиями жизни, новыми задачами. По большому счету ОСО- это ответ на вызов времени, это серьезная программа повышения качества, эффективности, доступности образования.

Сегодня, в век глобализации и технологизации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий, воспитания молодежи, способной к диалогу с другими культурами. Из истории общества мы знаем, что процветание общества зависит не только от экономики и техники и даже не от общей культуры, а от культуры слова. И действительно, подготовка разностороннего специалиста, обладающего высоким уровнем культуры (в том числе и культуры слова) – главная проблема образования сегодня. При повседневном взаимодействии с молодым поколением казахстанцев современный педагог как никто другой понимает особенности завтрашнего дня, осознавая, что конкурентоспособность подрастающего человека напрямую зависит от развития его практических навыков.

Главнейшая функция языка - **коммуникативная**. Язык служит, прежде всего, средством человеческого общения. Мы живем в обществе и общаемся в определенном социуме в определенном пространстве в определенное время. Таким образом, язык является основным средством общения. Коммуникация – значит общение, обмен информацией. (Коммуникация - от лат. communico - связываю, общаюсь). Именно поэтому в обучении языкам выделяется тип коммуникативной компетенции. Коммуникативная компетенция - это способность понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватно целям, сферам, ситуациям общения.

Поскольку речь существует в письменной и устной форме, для ее восприятия мы используем слуховой или зрительный канал восприятия, то есть чужую речь мы либо слушаем, либо читаем, а для создания собственного высказывания мы применяем письмо и говорение.

Для успешного понимания чужих и создания собственных высказываний необходимо овладеть такими видами речевой деятельности, как говорение, слушание, чтение, письмо.

Говорение – процесс формирования и формулирования мысли в момент произнесения высказывания. Продуктом говорения является устный текст. Главным инструментом говорения - голос. При говорении осуществляется не только отбор нужных слов, но и нужных конструкций (поэтому заучивание наизусть текстов как на иностранном, так и на родном языке – в детстве – необходимо, так как в наше сознание закладываются готовые конструкции, которые мы используем впоследствии подсознательно). Хороший отбор возможен только лишь при наличии достаточного запаса слов и конструкций, которые хранятся в долговременной памяти. Для говорения также важна адекватная интонация – та, которая соответствует смыслу высказывания. Русский философ А.Ф. Лосев говорил: «Чудный дар – уметь говорить и уметь слушать, когда говорят». Слушание на современном уроке отнюдь не пассивный процесс, наоборот, современные исследователи утверждают, что это активный мыслительный процесс, направленный на смысловую переработку речевых сообщений. В

момент усвоения речи учащиеся способны создать собственный оригинальный текст, содержание которого зависит от интеллектуального и эмоционального опыта личности.

Основным этапом работы на уроке является чтение. Чтение – смысловое восприятие письменного текста, результатом которого становится понимание. По степени глубины восприятия можно выделить следующие виды чтения: а) просмотровое; б) ознакомительное, подвидами которого являются поисковое (выборочное) и реферативное чтение (со сжатием информации); в) критическое, изучающее чтение.

При умении учащихся правильно говорить и воспринимать прочитанную или прослушанную информацию, есть залог грамотного письма. Письмо – процесс создания текста с последующей графической его фиксацией. В условиях письменной формы общения отсутствует непосредственный реципиент (тот, кто воспринимает речевую деятельность) и промежуточная обратная связь невозможна.

Современное общество предъявляет высокие требования к молодому поколению казахстанцев в овладении навыками. Но ни один преподаватель не сможет научить, если сам человек не захочет учиться, принцип коммуникативности и учета родного языка, принцип дифференциации и интеграции, принцип группового и индивидуального подхода. Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык – русский язык – английский язык;

- изучение языков идет параллельно, языки не пересекаются, опорой является родной язык;
- обучение иностранному языку это обучение речевому мышлению, овладение новыми средствами выражения мыслей и миром изучаемого языка. Развитие полиязыкового сознания личности;
- алгоритм развития речи; мысленная, устная – письменная; коммуникация. Таким образом, язык - это уровневая система: лексическая – произносительная – грамматическая. Прагматика языка или речь – средство общения, коммуникация, самовыражения: овладение новыми средствами выражения мысли и миром изучаемого языка.

Для формирования конкурентоспособного специалиста, коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур, умением жить в мире и согласии необходимо поликультурное и полиязычное образование. Владение русским, казахским и английским языками, умение общаться, добиваться успеха в процессе общения являются теми характеристиками личности, которые во многом определяют успехи наших выпускников практически во всех сферах жизни, способствуют их социальной адаптации к постоянно меняющимся условиям современного мира.



# Взаимодействие детского сада и родителей как один из факторов эффективного воспитания ребенка

Рысжанова Бакытжан Насипбековна  
Деньгина Ольга Валерьевна  
КГЖП Детский сад «Балбөбек»  
г. Караганда

«Все мы родом из детства»  
Экзюпери.

